Стоит обратить внимание на необходимость уделения внимания в развитии технологии в развитии научно-технического потенциала Казахстана и поддержки ее на государственном уровне.

Ключевые слова: *3D-печать;аддитивные технологии; новые технологии;; подготовка кадров, научно-техническая политика,коды*

ABSTRACT

The article examines comparisons of two printers related (3D printing) to three-dimensional printing, purpose, and application of this area in the modernization of food and industrial production. 3D printing (additive manufacturing) is the process of creating three-dimensional objects by adding material layer by layer. Unlike traditional manufacturing methods, which typically involve removing material, 3D printing adds material layer by layer, allowing for the creation of complex shapes and structures. It should be noted that the development of 3D printing technology by students, with the appropriate equipment of our laboratories in educational institutions of design or engineering specialties with such printers, will undoubtedly contribute to the development of not only the efficiency of the educational process, but also the introduction of these new technologies into production and educational processes, as well as the development of new products for the industry of the Republic of Kazakhstan.

The widespread use of 3D printing raises a number of issues that need to be addressed.

The process depends on the detail of the model and the selected settings. The printer also has some disadvantages, so you should choose a model that doesn't have a lot of protruding parts.It is worth paying attention to the need to pay attention to the development of technology in the development of the scientific and technical potential of Kazakhstan and support it at the state level.

Keywords: *3Dprinting, additivetechnologies;;newtechnologies; staff training,scientific and technical policy.*

3D-принтер — это прибор, с помощью которого можно создавать реальные пространственные объекты из различных материалов.

В большинстве случаев аппараты для трехмерной печати похожи на обычные принтеры по своему устройству, так как состоят из одинаковых деталей. Основным отличием является то, что 3D-принтер способен печатать во всех трех плоскостях. Кроме высоты и ширины, есть еще и глубина.

Принтер для трехмерной печати состоит из таких деталей: Корпус. Рама. Экструдер. Рабочий стол. Также эта часть может называться поверхностью для печати или рабочей платформой. На рабочем столе происходит формирование изделий. Шаговые и линейные двигатели. Они необходимы для приведения других деталей в движение.

Фиксаторы. Так называются датчики, с помощью которых происходит определение координат печати. Также фиксаторы ограничивают подвижные части. Это необходимо, чтобы экструдер не выходит за пределы рабочего пространства.

Для быстрого прототипирования, то есть быстрого изготовления прототипов моделей и объектов для дальнейшей доводки. Уже на этапе проектирования можно кардинальным

образом изменить конструкцию узла или объекта в целом. В инженерии такой подход способен существенно снизить затраты в производстве и освоении новой продукции. Для быстрого производства — изготовление готовых деталей из материалов, поддерживаемых 3D-принтерами. Это отличное решение для мелкосерийного производства. Изготовление моделей и форм для литейного производства.

Конструкция из прозрачного материала позволяет увидеть работу механизма «изнутри», что в частности было использовано инженерами Porsche при изучении тока масла в трансмиссии автомобиля ещё при разработке.

Производство различных мелочей в домашних условиях. Существуют такие материалы: **PLA** (полилактид) — идеальный выбор для новичков:Легко печатать, не требует нагреваемого стола.Минимальная усадка, экологичен; Подходит для декоративных моделей, игрушек, прототипов; **PETG** — более прочный и термостойкий, чем PLA:Хорош для функциональных деталей, устойчив к влаге.Сложнее в печати, чем PLA, но проще, чем ABS; **ABS** — прочный и термостойкий, но требует нагреваемого стола и хорошей вентиляции:Подходит для деталей, подверженных нагрузкам.Может деформироваться при печати; **TPU** (гибк**ий филамент)** — для эластичных изделий:Подходит для чехлов, уплотнителей и т.д.Требует принтера с прямым экструдером. Рассмотрим 3Д принтер марки «da Vinci1.0 Pro».

Технические характеристики

Печать	Послойное наплавление	Вес	26 кг	
Размер области печати	20 x 20 x 20 см	Материал печати	АБС-и ПЛ	А-пластик
Разрешение печати	0,1; 0,2; 0,3; 0,4 мм	Диаметр нити	1,75 мм	
Дисплей	2,6-дюймовый, LCM	Диаметр сопла	0,4 мм	
Способ подключения	USB 2.0, WiFi	Операционная система	Как миним Как миним	ум Windows 7 ум Mac OSX 10.8
ПО для печати	XYZware Pro	Формат файлов	,3w, .stl	

A-Импорт файлов .stl, .3w; **B**-Преобразование файла в формат .3w; **C**-Сохранение файла .stl; **D**-Настройка параметров печати, вывод файла на печать; **E**-Выбор языка интерфейса приложения и предварительного цвета; **F**-Справка, поиск обновлений приложения и прошивки, переход на официальный веб-сайт; **G**-Регулировка масштаба отображения; **H**-Быстрое переключение ракурса предварительного просмотра; **I**-Перемещение модели; **J**-Поворот модели; **K**-Изменение размера модели; **L**-Просмотр сведений о модели; **M**-Удаление модели с виртуальной платформы; **N**-Просмотр температуры принтера,сведений о нити и прогресса печати

Рисунок 1 – Принтер 3Д марки «da Vinci1.0 Pro»

Основные процедуры. Для вывода файлов на печать подключите принтер к компьютеру посредством кабеля USB и установите на компьютер приложение XYZware Pro.

Открыв приложение, нажмите кнопку «Import» (Импорт), чтобы выбрать файл модели, которую требуется распечатать, и загрузить его.

Можно изменить соответствующие настройки с помощью функции «File Converjsion» (Преобразование файла) для достижения требуемой скорости печати и необходимого эффекта. Задав требуемый размер, положение и ориентацию модели, можно настроить параметры печати, такие как скорость и толщина слоя, нажав кнопку «Export» (Экспорт). Нажмите кнопку «Export» (Экспорт), чтобы разделить файл на слои. После разделения модели на слои нажмите кнопку «Print» (Печать), чтобы вывести файл на печать. На этом принтере мы использовали белый глянцевый филамент марки АВС-ПЛА-пластик.Второй принтер «WANHAO Duplicator 4»

Таблица 1 – П Характеристики 3D-принтера «WANHAO Duplicator 4»

Назначение	Персональный
Технология печати	Моделирование методом наплавления (FDM/FFF)
Количество печатающих головок	1
Область построения, мм	225x145x150
Скорость печати	40 мм/с
Платформа	С подогревом
Дисплей	да
Типы материалов	Пластик
Материалы	ABS-пластик PLA-пластик

Рисунок 2 – 3D-принтер «WANHAO Duplicator 4»

Технологии3D-печати. Имеется несколько десятков технологий 3D-печати, которые могут отличаются друг от друга по типу, материалу и современным способам нанесения. Большое распростронение получилитехнологии как, лазерное спекание порошковыхматериалов; стереолитография; послойнаяпечать расплавленной полимерной нитью; технология струйного моделирования, ламинированиелистовыхматериалов; УФ-облучение через фотомаску, технология склеивания порошков, цветная3D-печать.

Стереолитография(SLA)–наибольшее применение получили среди технологий 3D-

печати. Здесь используется фотополимер–материал, который сразу твердеет при воздействии на нее лазерного луча. Устройство, работающее по поэтой технологии,имеется ванночка с жидким фотополимером, на который сканирующее устройство направляет свой лазерный луч. В процессе образуется из твердого полупрозрачного материала изделие,который можно легко склеивать,обрабатываеть и окрашивать.

Эта технология поможет обеспечить низкую себестоимость и надежность выпускаемых изделий.

Исследование. WANHAO Duplicator 4 является усовершенствованным вариантом трехмерного принтера Duplicator 3, оптимизированным для использования пластика PLA. Устройство оснащено двойным экструдером, созданным с нуля под нити диметром 1,75мм. Принтер печатает объекты размером 225x145x150мм при общих габаритах 320x466x382мм. Толщина наносимого слоя составляет от 100 до 500мкм. Устройство позволяет печатать с карты памяти SD для предотвращения возможных сбоев при передаче данных. К сожалению, готовым для печати «прямо из коробки» Duplicator 4 назвать нельзя. Так как термодатчики могут выдавать неточные показания, температуру экструзии придется регулировать более-менее опытным путем.



Рисунок 3 – Подставка для телефона выполненая на принтере №2

Рисунок 4 – Изделия выполненые на принтере №2

Рисунок 5 – Изделия 1-принтер2, а 2 изделие принтер 1 для сравнение

То же касается и температуры рабочей платформы – на заводских настройках она может быть слишком велика (максимальная температура достигает 120°C). При печати же малых деталей рекомендуется понизить скорость печати. С одной стороны, высокая скорость хороша для экономии времени, но в случае с маленькими деталями слои могут не успеть застыть, что приведет к такому результату: Опять-таки, найти правильный баланс скорости и температуры подогрева и экструзии придется экспериментальным путем. Но при должном терпении, Duplicator 4 все же наградит вас моделями хорошего качества, вполне на уровне своих американских собратьев.

Несомненным достоинством является наличие SD кард-ридера. Автономная печать позволяет не волноваться о сбоях печати, возникающих при зависании или даже при притормаживании компьютера. Хотя, желающие могут осуществлять печать и напрямую с помощью USB интерфейса.

Есть множество необычных применений 3D-печати, таких как изготовление театрального реквизита, производство ювелирных, сувенирных изделий изготовление инструмента для армии для ремонта техники в полевых условиях, и т.д.

Решение проблем. Нужно заметить, что освоение технологии 3D-печати учащимися при соответствующем оснащении наших лабораторий образовательных учреждений дизайнерских или конструкторских специальностей такими принтерами, несомненно, будет способствовать и развивать, не только повышению эффек- тивности процесса в образовании,но и внедрению этих новых технологий в производственные и учебные процессы, а также разработку новых изделий для промышленности РК.

Широкое внедрение 3D-печати ставит перед обществом ряд вопросов,требующих свое решение.

Процесс этот зависит от детализации модели и выбранных настроек. Принтер так же имеет и недостатки, модель надо выбирать таким образом, что бы не было сильно выступающих элементов, иначе они будут печататься в воздухе. поэтому Далеко не каждый скачанный из интернета объект можно напечатать сразу и без подготовки. Вполне возможно что где-то понадобятся специальные подпорки, которые потом придется отпиливать, хорошо что можно автоматически расставить в программе, отметив специальный пункт саппорт. Длительность печати зависит от количества слоёв и габаритов, модель при этом точно не получится хотя и принтер и программа показывает расчётное время. Может оказаться что предмет который должен был печататься по прогнозам часов 5, будет готов скажем через полтора, всё это время владельцу придется терпеть шум и запах плавленной пластмассы. Так что лучше заранее позаботиться о вентиляции. Готовый напечатанный объект можно отшлифовать наждачной бумагой и покрасить, или заранее использовать картридж с цветным пластиком.

Рисунок 6 – NEPTUN-4 MAX

NEPTUN-4 MAX новый принтер опишем характеристики для сравнения:

Метод печати – Моделирование методом наплавления. Основные характеристики: Количество экструдеров 1 шт; Диаметр сопла 0.4 мм; Подогреваемая платформа есть; Ширина рабочего пространства 420 мм; Глубина рабочего пространства 420 мм; Высота рабочего пространства 480 мм;

Рисунок 7 – Качество печати отличное,грани ровные и четкие.

3D принтер Elegoo Neptune 4 Max с сенсорным дисплеем подойдет для печати из разного вида пластика, в том числе и тугоплавкого. Подогреваемая платформа обеспечит адгезию первого слоя материала, что предотвратит деформацию фигурки или детали. Открытый вид корпуса гарантирует лучшее охлаждение по сравнению с закрытыми моделями, также такая конструкция позволит наблюдать за процессом печати. Elegoo Neptune 4 Max оснащен одним экструдером, поэтому вы сможете печатать фигурку только из одного типа пластика. Автоматическая калибровка отвечает за настройку зазора между соплом и пачатным столом без участия пользователя. Подключение к другим устройствам возможно по Wi-Fi и USB. Принтер совместим с ОС Windows. В комплекте предоставляются Wi-Fi антенна, набор инструментов, кабель питания.

Вывод Эксперименты проведенные на практике,показали возможность распечатывания в домашних условиях. При сравнении трех принтеров предпочтение отдаем третьему принтеру, потому что готовые изделия очень сильно отличаются качеством, а также внешним дизайном. Второй вопрос может каснуться соблюдения авторских прав, поскольку печать позволяет воспроизвести, как отдельные произведения искусства, также образцы продукции, защищенные патентами. Без сомнения, возникнут и другие наболевшие проблемы, которые сообществу предстоит решать с технологией, при внедрении любой технологии максимального масштаба.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ РАБОТ

1. Большаков, В. 3D-моделирование в AutoCAD, КОМПАС-3D, SolidWorks, Inventor, T-Flex / В. Большаков, А. Бочков, А. Сергеев. - М.: Книга по Требованию, 2018**.** - 336 с.
2. Зеньковский, В. А. 3D моделирование на базе Vue xStream (+ DVD-ROM) / В.А. Зеньковский. - М.: Форум, Инфра-М, 2017**.** - 384 с.
3. Кононыхин, Андрей 3D-МОДЕЛИРОВАНИЕ / Андрей Кононыхин. - М.: LAP Lambert Academic Publishing, 2021**.** - 176 с.
4. Кулагин, Б.Ю. Актуальное моделирование, визуализация и анимация в 3ds Max 7.5 (+ CD-ROM) / Б.Ю. Кулагин. - М.: БХВ-Петербург, **2021**. - **795** с.
5. Петелин, Александр Юрьевич 3D-моделирование в Sketch Up 2015 - от простого сложному. Самоучитель / Петелин Александр Юрьевич. - М.: ДМК Пресс, 2015. - **287** с.
6. Прохорский Г.В.: Информационные технологии в архитектуре и строительстве. - М.: КНОРУС, 2012
7. Кидрук М.И.: Компас-3D V9. - СПб.: Питер, 2007
8. Пекарев, Л. Архитектурное моделирование в 3ds Max / Л. Пекарев. - СПб.: BHV, 2007. - 256 с..
9. Сазонов, А.А. 3D-моделирование в AutoCAD: Самоучитель / А.А. Сазонов. - М.: ДМК, 2012. - 376 с.
10. Трубочкина, Н.К. Моделирование 3D-наносхемотехники / Н.К. Трубочкина. - М.: Бином. Лаборатория знаний, 2012. - 499 с.
11 Аббасов, И.Б. Двухмерное и трехмерное моделирование в 3ds MAX / И.Б. Аббасов. - М.: ДМК, 2012. - 176 с.

12 Зеньковский, В.А. 3D моделирование на базе Vue xStream: Учебное пособие / В.А. Зеньковский. - М.: ИД Форум, НИЦ Инфра-М, 2013. - 384 с.
13 Орлов А.: Видеосамоучитель. AutoCAD 2009. - СПб.: Питер, 2008
14 Бондаренко, В. Плагины для 3D Studio MAX 5 / В. Бондаренко. - М.: Солон-Пресс, **2015**. - **291** с.
15 Никитина, И. П. Моделирование несущей системы станка с использованием 3D-принтера Dimension Elite / И.П. Никитина. - М.: Бибком, 2013. - **200** с.
16 А. Г. Схиртладзе [Информационные технологии : учебник для студ. вузов /и др.]. - М. : Издательский центр "Академия", 2015. - 288 с.
17 Гущина, О. М. Цифровая культура : учебно-методическое пособие / О. М. Гущина, Е. В. Панюкова. — Тольятти : ТГУ, 2023. — 142 с

18 Прохоров, А. В. Цифровые технологии в сфере медиакоммуникаций : учебное пособие / А. В. Прохоров, Т. Г. Пядышева, Е. А. Меркушина. — Тамбов : ТГУ им. Г.Р.Державина, 2023.

19 Нурпеисова, Т.Б., Кайдаш, И.Н.Информационно-коммуникационные технологии : Учебное пособие. . - Алматы: Бастау, 2017.

20 Информационно-коммуникационные технологии : учебное пособие / А. И. Ефимов, А. А. Вьюгина, А. С. Бастрычкин

REFERENCES

1. Bolshakov, V. 3D modeling in AutoCAD, COMPASS-3D, SolidWorks, Inventor, T-Flex / V. Bolshakov, A. Bochkov, A. Sergeev. - M.: Book on Demand, 2018. - 336 p.

2. Zenkovsky, V. A. 3D modeling based on Vue XStream (+ DVD-ROM) / V.A. Zenkovsky. Moscow: Forum, Infra-M, 2017. 384 p.

3. Kononikhin, Andrey 3D MODELING / Andrey Kononikhin. - M.: LAP Lambert Academic Publishing, 2021. - 176 p.

4. Kulagin, B.Y. Actual modeling, visualization and animation in 3ds Max 7.5 (+ CD-ROM) / B.Y. Kulagin. - M.: BHV-Petersburg, 2021. - 795 p.

5. Petelin, Alexander Yuryevich 3D modeling in Sketch Up 2015 - from simple to complex. Self-instruction / Petelin, Alexander Yuryevich. Moscow: DMK Press, 2015. 287 p.

6. Prokhorsky G.V.: Information technologies in architecture and construction. Moscow: KNORUS, 2012

7. Kidruk M.I.: Compass-3D V9. - St. Petersburg: Peter, 2007

8. Pekarev, L. Architectural modeling in 3ds Max / L. Pekarev. Saint Petersburg: BHV, 2007. 256 p.

9. Sazonov, A.A. 3D modeling in AutoCAD: A tutorial / A.A. Sazonov. Moscow: DMK, 2012. 376 p.

10. Trubochkina, N.K. Modeling of 3D nanocircuits / N.K. Trubochkina, Moscow: Binom. Laboratory of Knowledge, 2012. - 499 p.

11. Abbasov, I. B. 3ds MAX two-dimensional and three-dimensional modeling / I. B. Abbasov. - M.: WPC, 2012. - 176 c.

12. Zenkovsky, V. A. 3D modeling based on Vue xStream: a tutorial / V. A. Zenkovsky. - M.: AIT forum, NCE Infra-M, 2013. - 384 c.

13. Orlov A.: Video Tutorial. AutoCAD 2009. - St. Petersburg.: Peter, 2008

14. Bondarenko, V. plugins for 3D Studio Max 5 / V. Bondarenko. - M.: Solon Press, 2015. - 291 c.

15.Nikitina, I. P. modeling of the load-bearing system of the machine using the Dimension elite 3D printer / I. P. Nikitin. - M.: Bibcom, 2013. - 200 c.

16.A. G. Shirtladze [Information Technology: a textbook for students. higher education institutions /etc.]. - M.: publishing Center "Academy", 2015. - 288 P.

16. А. Г. Ширтладзе [Ақпараттық технологиялар: студенттерге арналған оқулық. жоғары оқу орындары /және т.б.]. - М.: "Академия" баспа орталығы, 2015. - 288 б.

17. Гущина, О. М. сандық мәдениет: оқу-әдістемелік құрал / О. М. Гущина, Е. В. Панюкова. - Тольятти: ТГУ, 2023. — 142 с

18. Прохоров, а. в. медиакоммуникация саласындағы цифрлық технологиялар: оқу құралы

ТҮЙІН

Мақалада екі принтердің салыстырмалы талдауы, үшөлшемді басып шығару (3D-баспа) технологиясымен байланысты мақсаттары мен оны тамақ және өнеркәсіп өндірісін жаңғыртуда қолдану мәселелері қарастырылған. 3D-баспа (аддитивті өндіріс) — материалды қабаттап қосу арқылы үшөлшемді нысандарды жасау үдерісі. Дәстүрлі өндіріс әдістерінен айырмашылығы — олар көбінесе материалды алып тастауға негізделсе, 3D-баспа керісінше материалды қабат-қабат қосу арқылы күрделі пішіндер мен құрылымдарды жасауға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, білім беру ұйымдарының зертханалары тиісті түрде жабдықталған жағдайда, дизайнерлік немесе конструкторлық мамандықтар бойынша білім алушылардың 3D-баспа технологиясын меңгеруі тек оқу үдерісінің тиімділігін арттырып қана қоймай, жаңа

технологияларды өндірістік және оқу үдерістеріне енгізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өнеркәсібі үшін жаңа өнімдерді әзірлеуге ықпал етеді.

3D-баспа технологиясының кеңінен енгізілуі қоғам алдында шешімін талап ететін бірқатар мәселелерді туындатады. Бұл үдеріс модельдің детализация деңгейіне және таңдалған баптауларға байланысты. Принтердің кемшіліктері де бар: модельді таңдауда тым шығыңқы элементтердің болмауын ескеру қажет, өйткені олар ауада басылып кетуі мүмкін. Сондықтан интернеттен жүктелген әрбір нысанды алдын ала дайындықсыз бірден басып шығару мүмкін емес.

Сонымен қатар, Қазақстанның ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуда бұл технологияны жетілдіруге ерекше көңіл бөліп, оны мемлекеттік деңгейде қолдау қажеттігіне назар аудару керек.

Түйін сөздер: *3D-баспа; аддитивті технологиялар; жаңа технологиялар; кадрларды даярлау; ғылыми-техникалық саясат; кодтар*

ӘОЖ 94(574)
Балжанова Г. Ж., гуманитария ғылымдарының магистрі,
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ,
Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі 51, Қазақстан

БАТЫС АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ МЕН РӨЛІ

ТҮЙІН

Бұл мақалада Батыс Алашорда үкіметінің тарихи маңызы мен рөлі талданады. Батыс Алашорда – 1917 жылғы Қазан революциясы мен 1919-1920 жылдардағы азамат соғысы кезінде Қазақстанның батыс аймағында құрылған ұлттық үкімет болатын. 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен 2-ші жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметі сонымен қатар автономияның батыс бөлімі Ойыл уәлияты құрылды. Кейіннен Батыс Алашорда деп аталып, қазақтың зиялылары Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер басқарды. Мақалада Батыс Алашорда үкіметінің құрылуы, оның саяси мақсаттары, сыртқы және ішкі саясаттағы рөлі, сондай-ақ оның Қазақ мемлекеттілігін сақтап қалудағы күш-жігері қарастырылады. Алаш қозғалысының жетекшілері мен ұлттық тәуелсіздік үшін күрескен тұлғалардың ықпалы зерттеледі. Алашорда үкіметінің сол кезеңдегі әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістерге әсері, сондай-ақ оның XX ғасырдағы Қазақстан тарихына қосқан үлесі жан-жақты сипатталады. Мақала Батыс Алашорданың тарихи мұрасының бүгінгі таңда да маңызды екенін көрсетеді. Зерттеу барысында XX ғасырдың басындағы қазақ ұлттық қозғалысының қалыптасуы мен даму ерекшеліктері талданып, соның ішінде Батыс Алашорда үкіметінің құрылу алғышарттары, қызмет бағыттары және тарихи маңызы қарастырылды.

Түйін сөздер: *Алаш қайраткерлері, Батыс Алашорда, Алашорда үкіметі, Алаш партиясы, Алашорда, Ойыл (Уіл) уәлаяты.*

ABSTRACT

The article analyzes the historical significance and role of the Western Alashorda government. The Western Alashorda was a national government established in the western region of Kazakhstan during the October Revolution of 1917 and the Civil War of 1919-1920. On December 5-13, 1917, the 2nd All-Kazakh Congress in Orenburg established the Alashorda government and the Western Department of the Wil Ualiyaty autonomy. Subsequently, he became known as the Western Alashorda, and the Kazakh intelligentsia was led by Zhakhansha and Khaled Dosmukhamedov. The article examines the establishment of the Western Alashorda government, its political goals, its role in foreign and domestic policy, and its efforts to preserve Kazakh statehood. It explores the influence of the leaders of the Alash movement and those who fought for national independence. The article provides a comprehensive description of the Alashorda government's impact on the social, economic, and cultural changes of the time, as well as its contributions to the history of 20th-century Kazakhstan.

Keywords: *Alash figures, Western Alashorda, Alashorda Government, Alash Party, Alashorda, Oiyl (Uil) District.*

Кіріспе. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан толықтай Ресей империясының отарлық билігіне бағындырылды. Бұл жағдай саяси тұрғыдан қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігінің негіздерінің жойылуына әкеліп соқты. Соның нәтижесінде қазақ қоғамы өз тағдырын дербес шешу мүмкіндігінен айырылып, басқару ісі толықтай империялық биліктің қолына өтті.

Осындай күрделі тарихи жағдайда қазақ халқының болашағына алаңдаған, көзі ашық әрі алдыңғы қатарлы ойлы азаматтар қалыптаса бастады. Олар елдің саяси, әлеуметтік

жағдайын терең түсініп, халықты жаңғырту мен ұлттық сананы оятудың маңызын ұғынды[1]. XIX ғасырдың соңына қарай қазақ қоғамында ұлттың саяси және рухани дамуына бағытталған жаңа буын зиялыларының қалыптасу үдерісі айқын көріне бастады.

XX ғасырдың басы қазақ халқының тарихындағы аса күрделі әрі маңызды кезеңдердің бірі болды. Бұл уақытта Ресей империясында саяси өзгерістер орын алып, бұрынғы мемлекеттік құрылымдар әлсірей бастады. Осындай тарихи жағдайда қазақ зиялылары ұлттық мемлекеттілік құру, халықтың құқықтарын қорғау және елдің болашағын айқындау мәселесін көтерді. Осы қозғалыстың нәтижесінде Алашорда үкіметі құрылды.

Алаш қозғалысы қазақ халқының саяси, мәдени және ұлттық мүдделерін қорғауға бағытталған ірі тарихи қозғалыс болды. Оның құрамында әртүрлі аймақтық басқару жүйелері қалыптасты. Солардың бірі — Батыс Қазақстан аумағында қызмет еткен Батыс Алашорда. Бұл құрылым қазақ жерінің батыс бөлігінде саяси билік жүргізуге және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды[2].

Батыс Алашорда қазақ халқының тәуелсіздікке деген ұмтылысының айқын көрінісі болды. Оның қызметі елдің саяси өмірінде маңызды рөл атқарды және ұлттық мемлекеттілік идеясының дамуына ықпал етті.

Батыс Алашорда — XX ғасырдың басында қазақ халқының саяси тәуелсіздігін қорғау мақсатында құрылған ұлттық автономиялық қозғалыстың батыс аймақтағы басқару орталығы болды. Ол Алашорда үкіметі құрамындағы аймақтық бөлім ретінде жұмыс істеді және негізінен Батыс Қазақстан өңіріндегі қазақ жерін басқару мен қорғауға бағытталды.

1917 жылы Ресейде болған Ақпан төңкерісі мен Қазан төңкерісі нәтижесінде патшалық билік құлап, елде саяси тұрақсыздық пайда болды. Осы жағдайда қазақ зиялылары ұлттық автономия құру идеясын көтерді. Сол мақсатпен 1917 жылы желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Екінші жалпықазақ съезі барысында Алаш автономиясы жарияланып, Алашорда үкіметі құрылды[3].

Қазақстан аумағы үлкен болғандықтан, үкімет жұмысы бірнеше аймақтық орталық арқылы жүргізілді. Соның бірі — Батыс Алашорда. Оның орталығы Жымпиты ауылында орналасты. Бұл бөлім Батыс Қазақстандағы саяси, әскери және әкімшілік жұмыстарды ұйымдастырды.

Батыс Алашорданың жетекшілерінің бірі – қазақтың көрнекті қайраткері Жаһанша Досмұхамедұлы болды. Сонымен бірге қозғалысқа Халел Досмұхамедұлы сияқты зиялылар белсенді қатысып, қазақ халқының құқықтарын қорғау, ұлттық әскер құру және жер мәселесін шешу бағытында еңбек етті.

1918–1920 жылдары азамат соғысы жағдайында Батыс Алашорда әртүрлі саяси күштермен байланыс жасап, қазақ автономиясын сақтап қалуға тырысты[4]. Алайда Кеңес өкіметі күшейгеннен кейін Алашорда құрылымдары таратылып, оның жетекшілері кеңестік жүйеге қызмет етуге мәжбүр болды немесе кейін саяси қуғын-сүргінге ұшырады.

Батыс Алашорда тарихы — қазақ халқының ұлттық мемлекеттілікке ұмтылған күресінің маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл қозғалыс қазақ зиялыларының ел тәуелсіздігі, жер тұтастығы және ұлттық бірлік жолындағы саяси қызметін көрсетеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл мақалада Батыс Алашорда тарихын зерттеу үшін әртүрлі тарихи деректер мен ғылыми еңбектер пайдаланылды. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты — XX ғасырдың басындағы қазақ ұлттық қозғалысының батыс аймақтағы қызметін, саяси жағдайын және тарихи маңызын талдау.

Зерттеу материалдары ретінде Алаш қозғалысына қатысты тарихи құжаттар, ғылыми мақалалар, монографиялар, мұрағат материалдары және оқу әдебиеттері қолданылды. Әсіресе Алашорда үкіметі қызметіне қатысты құжаттар мен зерттеулер маңызды дереккөз ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар қазақ зиялыларының еңбектері мен олардың қоғамдық-саяси қызметі туралы жазылған ғылыми еңбектер зерттеу жұмысына негіз болды.

Зерттеу барысында Жаһанша Досмұхамедұлы мен Халел Досмұхамедұлы сияқты тарихи тұлғалардың қызметіне қатысты деректер қарастырылды. Бұл деректер Батыс Алашорданың саяси құрылымы мен қызметін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Батыс Алашорданың орталығы болған Жымпиты аймағындағы тарихи оқиғалар туралы мәліметтер де зерттелді.

Зерттеу барысында бірнеше ғылыми әдістер қолданылды. Біріншіден, тарихи талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы Батыс Алашорда қозғалысының қалыптасуы мен дамуы

тарихи кезеңдер бойынша қарастырылды.

Екіншіден, салыстырмалы әдіс пайдаланылды. Осы әдіс арқылы Батыс Алашорда қызметі жалпы Алаш қозғалысының қызметімен салыстырылып, оның ерекшеліктері анықталды.

Үшіншіден, жүйелеу және жинақтау әдістері қолданылды. Бұл әдістер зерттеу барысында алынған мәліметтерді реттеп, негізгі қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар тарихи-құжаттық әдіс пайдаланылып, сол кезеңдегі саяси оқиғалар мен тарихи деректерге талдау жасалды. Бұл әдіс арқылы XX ғасырдың басында орын алған Ақпан төңкерісі мен Қазан төңкерісі сияқты тарихи оқиғалардың Батыс Алашорданың құрылуына әсері анықталды.

Жалпы алғанда, қолданылған материалдар мен әдістер Батыс Алашорда тарихын жан-жақты қарастыруға және оның қазақ халқының ұлттық қозғалысындағы рөлін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері. Алашорда мен Алаш автономиясы, сондай-ақ Алаш қайраткерлері туралы көптеген деректер мен құжаттар белгілі. Алайда Алашорданың Батыс бөлімі жөніндегі мәліметтер әлі де жеткіліксіз болып табылады.

Алашорда үкіметінің құрылуы мен оның Батыс бөлімі туралы маңызды деректердің бірі 1918 жылдың 3 қарашасында шыққан № 20 (118) номерлі Тер-Погес Асетисовтің мақаласында келтірілген. Автор, қазақ зиялы қауымының қалыптасу процесіне тоқтала отырып: «1918-1920 жылдары Алашорда атты ұлттық мемлекет құрылды, кейін ол екіге бөлінді. Бұл бөліну бір-бірін түсінбеушіліктен емес, қазақ жерінің кеңдігінен болды», – деп жазған. Аталған еңбекте Батыс Алашорда өз қызметін алғашқы күннен бастап Орал мен Орынбор казактарымен және башқұрттармен бірігіп, Кеңес өкіметіне қарсы шыққанын, сонымен қатар елде мобилизация жариялап, әскер құрғанын көрсетеді[4].

1925-1930 жылдары Қазақ Өлкелік партия комитетіне басшылыққа жіберілген Ф.И.Галошкиннің кезінде Алашорда мәселесінің тарихнамасы толықтырылды. Бұл кезеңде Алашордашыларды қуғын-сүргіндеу саясаты күшейді. Осы кезеңде А.К.Бачагов, Н.Мартыненко, С.Брайнин және Ш.Шафиро сияқты зерттеушілердің еңбектері жарық көрді.

А.К.Бачаговтың еңбегінде Алашорда Батыс бөлімі құрылуының хаттамасы, оның құрамымен жетекшілері туралы мәліметтер келтірілген[5]. Дегенмен, автор Алашорда тарихына толыққанды талдау жасай алмаған.

Н.Мартыненконың 1929 жылы жариялаған құжаттар жинағы, Алашорда тарихына арналған маңызды еңбек болды. Ол «Алашорда Батыс бөлімі құрылуы», «Ойыл уәлаятының уақытша үкіметі», «Орал казактарының облыстық съезінің материалдары», «Алашорда Батыс бөлімі қызметі (1918-1920 жж.)» туралы деректерді қамтиды.

Тоталитарлық режимнің орнауы кезінде, 1930 жылдардың ортасынан 1980 жылдардың соңына дейін Алаш қозғалысы жөніндегі зерттеулер жүргізу мүмкін болмай, жазалауға ұшырады. 1972 жылы Жымпиты ауданында «Қызыл Ту» газетінде жарық көрген Хасан Дабаровтың естеліктерінде «Омардың Салығы кім?», «Алашорда үкіметінің құрамы», «Алашорда үкіметі не істемеді?» деген тақырыптар көтерілді. Алайда, бұл материал үшін газет редакторы жұмыстан босатылып, партия басшылығына қатаң ескерту жасалды[6].

1980 жылдардың соңына қарай, қайта құру кезеңі мен өзгерістер Алаш қозғалысының тарихын жаңа қырынан зерттеуге жол ашты. 1989 жылы Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтында «Алашорда: пайда болуы, қызметі және күйреуі» атты ғылыми конференция өткізілді. Онда танымал тарихшылар мен қоғамтанушылар пікір алмасты. Бұл пікірталастың нәтижелері баспасөзде және жеке зерттеулерде жарияланды. 1990 жылы А.Сармузиннің «Алашорда тарихы» атты еңбегі жарық көрді. Онда Алашорда үкіметінің қызметі талданып, оның күйреуінің объективті себептері көрсетілген. Сонымен қатар, Батыс Алашордаға қатысты маңызды деректер ұсынылды[7].

Батыс Алашорда бөлімінің тарихын зерттеу жергілікті тарихшылар мен өлкетанушылардың еңбектерінде де көрініс тапты. Батыс Қазақстан аймағындағы Алаш зиялылары туралы бірқатар мақалалар мен кітаптар жарияланды. Мысалы, Ж.Ақбаевтың «Күнбатыс Алашорда жетекшілерінің басшысы Жаһанша Досмұхамедов туралы тарихи әңгімесі» атты еңбегінде көптеген құжаттар жинақталып, Жаһанша Досмұхамедовтің өмірі мен қызметі зерттелген.

Сонымен қатар, Ж.Ақбаевтың 1990 жылы Жымпиты елді мекенінің 100 жылдығына арналған еңбегінде Батыс Алашорда қызметкерлерінің бірі Бижан Жанқадамов туралы толық

мәліметтер беріледі. М.Тәжімұраттың «Шәнгерей» атты кітабында Батыс Алашорда идеологі Ғұмар Қараш туралы ақпараттар мен Бөкей ордасындағы Алаш қозғалысының қызметі туралы деректер келтірілген[8].

С.Сүйіновтың «Бөкей ордасы» атты еңбегінде Батыс Алашорда және Бөкей қазақтарының автономиясы туралы Астрахан мұрағатынан алынған деректер жарияланды. И.Кенжалиевтің «Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары» атты кітабының екінші бөлімінде Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметіне арналған мәліметтер қамтылған.

А.Боранқұловтың «Алашорда – тәуелсіздік бастауы» атты еңбегінде Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтердің ғұмырнамалары туралы жаңадан табылған деректер ұсынылды.

Т.Рысбеков және С.Рысбекованың «Батыс Қазақстандағы Алаш зиялылары» атты мақалаларында жаңа материалдар жарияланды[9].

Батыс Алашорда үкіметі қазақ қоғамының саяси ұйымдасуының жаңа кезеңін білдірген ұлттық сипаттағы саяси құрылымдардың бірі болды. Оның пайда болуы Ресей империясының күйреуі мен азамат соғысы кезеңіндегі саяси тұрақсыздық жағдайында қазақ халқының өзін-өзі басқару идеясымен тығыз байланысты болды. Батыс Қазақстан аумағында ұлттық басқару жүйесін қалыптастыру ісінде Алашорда үкіметі маңызды рөл атқарғанын көрсетті[10]. Бұл үкіметтің аймақтық бөлімі ретінде Батыс Алашорда қазақ халқының саяси мүдделерін қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және жергілікті басқару жүйесін ұйымдастыруға бағытталған нақты шаралар жүргізді. Батыс аймақтағы басқару жүйесі сол кезеңдегі саяси жағдайға байланысты дербес әрекет етуге мәжбүр болды, сондықтан оның қызметі аймақтық ерекшеліктерімен сипатталды[11].

Батыс Алашорда басшылығының қызметіне ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, оның жетекшілері болған Жаһанша Досмұхамедұлы мен Халел Досмұхамедұлы ұлттық автономия идеясын жүзеге асыру жолында белсенді саяси қызмет атқарғаны анықталды. Олар жергілікті басқару органдарын ұйымдастырумен қатар, қазақ халқының құқықтарын қорғау және ұлттық мүдделерін сақтау бағытында саяси және дипломатиялық әрекеттер жүргізді. Сонымен қатар бұл қайраткерлер қазақ қоғамында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға және қоғамдық-саяси ойдың дамуына елеулі үлес қосты. Батыс Алашорда үкіметінің әскери және әкімшілік құрылымдарды қалыптастыру бағытында да бірқатар жұмыстар атқарғанын көрсетеді[12]. Сол кезеңдегі күрделі саяси жағдайға байланысты аймақта қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тұрақтылықты сақтау маңызды мәселелердің бірі болды. Осы мақсатта ұлттық жасақтар құрылып, жергілікті басқару жүйесі реттелді. Бұл шаралар халық арасында тәртіпті сақтау мен ұлттық ұйымшылдықты нығайтуға ықпал етті.

Сонымен қатар Батыс Алашорда үкіметінің ағарту және білім беру саласына көңіл бөлгені анықталды. Ұлттық интеллигенция өкілдері халықтың білім деңгейін көтеру, ұлттық мәдениет пен тілдің дамуын қолдау бағытында жұмыстар жүргізді[13]. Бұл әрекеттер қазақ қоғамында ұлттық сананың қалыптасуына және ағартушылық идеялардың таралуына әсер етті. Батыс Алашорда үкіметінің қызметі қазақ мемлекеттілігі идеясының дамуына маңызды тарихи негіз болғанын көрсетеді. Оның қызметі қазақ халқының саяси дербестікке ұмтылысын айқындап, ұлттық бірлік пен тәуелсіздік идеясын нығайтуға ықпал етті. Сонымен қатар Батыс Алашорда үкіметінің тәжірибесі кейінгі кезеңдердегі ұлттық қозғалыстардың дамуына тарихи сабақ болды.

Қорытынды. Алашорданың Батыс бөлімін басқарған Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтер өз қызметінде ұлттық бірлік пен тұтастық идеясын басты бағыт ретінде ұстанды. Олар қазақ халқын алауыздықтан аулақ болып, ортақ мақсат жолында бірігуге үндеді.

Осы ұстанымды негізге алған Алаш қайраткерлері аз уақыт ішінде кең байтақ қазақ жерінің батыс өңірінде Алашорданың Батыс бөлімін ұйымдастырып, шамамен бір жарым миллионға жуық қазақ халқын бір орталыққа топтастыра алды. Нәтижесінде ел басқару ісін қолға алып, халықты аласапыран кезеңдегі тәртіпсіздік пен жойылып кету қаупінен қорғауға күш салды.

Батыс Алашорда үкіметі қазақ тарихындағы ұлттық мемлекеттік басқару тәжірибесінің маңызды кезеңдерінің бірі болғанын дәлелдейді. Оның қызметі қазақ қоғамының саяси ой-санасының дамуына, ұлттық элитаның қалыптасуына және тәуелсіздік идеясының нығаюына елеулі ықпал етті. Сондықтан Батыс Алашорда үкіметінің тарихи рөлі мен маңызы Қазақстан тарихындағы ұлттық мемлекеттілік идеясының қалыптасу үдерісін түсінуде ерекше орын алады.

АЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бірімжаров Б. Алашорда тарихы оған бөкейлік тарихи тұлғалардың қатынасуы [Текст] / Б. Бірімжаров // Алаш қозғалысы: теория, тарих, тағылым: респ. ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары. – Орал: Полиграфсервис. - 2008. – Б. 55-65

2.Боранбаева Б. С. Алаш арыстарының өнегесі жас ұрпақ тәрбиесінің негізі [Текст] / Б. С.Боранбаева // Ақжайықтың Алаш арыстары. – Орал: Чапаев ауылы. - 2017. – Б. 169-175

3. Аймағанбетұлы Р. «Алаш қозғалысының» қайнар көзі және білім мәселесі [Текст] / Р.Аймағанбетұлы // Қазақ тарихы. - 2018. - № 4. - Б. 49-51.

4. Қабдошев Б. Батыс Алашорда көсемі Ғұбайдолла Әлібеков: кеңес дәуіріндегі қызметі [Текст] / Б. Қабдошев // Қазақ тарихы. - 2018. - № 7 (164). - Б. 40-42.

5. Saktaganova Z.G., Omarova B.K., Ilyassova K.M., Nurligenova Z.N., Abzhapparova B. Zh., Zhalmurzina A. Zh. The Alash Party: Historiography of the Movement [Text] / Z. G. Saktaganova, B. K. Omarova, K. M. Ilyassova, Z. N. Nurligenova, B. Zh. Abzhapparova, A. Zh. Zhalmurzina // Space and Culture. – 2020. – Iss. 7:4.

6. Auanassova A., Nurpeisov E., Auanassova K., Kushenova G., Mukhlissova N. The History of the Alash Party in the Context of the Impact on the Processes of Constitutional Acts [Text] / A. Auanassova, E. Nurpeisov, K. Auanassova, G. Kushenova, N. Mukhlissova // Ancient Asia. - 2021. - Vol. 12. - P. 1- 8.

7.Tursun Kh., Gumus N., Bazrbayev K., Zhorayeva G., Kurmanalin S. The history of the Alash movement in the context of the ‘empire of positive action’ [Text] / Kh. Tursun, N. Gumus, K. Bazrbayev, G. Zhorayeva, S. Kurmanalin // Asian and African Studies. – 2021. - № 1. - Vol. 30. – P. 45-51

8.Жақсығалиев Ж. Алаш арыстары: тарих һам тағылым [Текст] / Ж. Жақсығалиев //Ақжайықтағы Алаш іздері. – 2017. – Орал: Чапаев ауылы. - 2017. – Б. 43-50

9.Рахметуллин Е. Алашорда және земстволық басқару жүйесі тарихи деректерде [Текст] / Е. Рахметуллин // Отан тарихы. - 2020. - № 1. – Б. 97.

10.Аймағанбетұлы Р. «Алаш қозғалысының» қайнар көзі және білім мәселесі [Текст] / Р.Аймағанбетұлы // Қазақ тарихы. - 2018. - № 4. - Б. 49-51.

11.Сулейменова Д. Д. Жаһанша Досмухамедов - Күнбатыс Алашорда мемлекетінің жетекшісі [Текст] / Д. Д. Сулейменова // Ақжайықтағы Алаш іздері. – 2017. Орал: Чапаев ауылы. - 2017. – Б. 26-32

12.Шәріпқали Т. Өлкеден шыққан қазақ оқығандары [Текст] / Т. Шәріпқали // Орал өңірі. 2000. – № 30.

13.Рысбеков Т. З., Рысбекова С. Т. Батыс Қазақстандағы Алаш зиялылары [Текст] / Т.З.Рысбеков, С.Т.Рысбекова // Ақиқат. – 1998. - № 6. – Б. 96.

REFERENCES

1. Birimzharov B. Alashorda tarihy ogan bokejlik tarihi tulgalardyn katynasuy [Tekst] / B. Birimzharov // Alash kozgalysy: teoriya, tarih, tagylym: resp. gylymi-tazhiribelik konf. materialdary. – Oral: Poligrafservis. - 2008. – B. 55-65

2.Boranbaeva B. S. Alash arystarynyn onegesi zhas urpak tarbiesinin negizi [Tekst] / B. S.Boranbaeva // Akzhajyktyn Alash arystary. – Oral: CHapaev auyly. - 2017. – B. 169-175

3. Ajmaganbetuly R. «Alash kozgalysynyn» kajnar kozi zhane bilim maselesi [Tekst] / R.Ajmaganbetuly // Kazak tarihy. - 2018. - № 4. - B. 49-51.

4. Қabdoshev B. Batys Alashorda kosemi Gubajdolla Alibekov: kenes dauirindegi kyzmeti [Tekst] / B. Kabdoshev // Kazak tarihy. - 2018. - № 7 (164). - B. 40-42.

5. Saktaganova Z.G., Omarova B.K., Ilyassova K.M., Nurligenova Z.N., Abzhapparova B. Zh., Zhalmurzina A. Zh. The Alash Party: Historiography of the Movement [Text] / Z. G. Saktaganova, B. K. Omarova, K. M. Ilyassova, Z. N. Nurligenova, B. Zh. Abzhapparova, A. Zh. Zhalmurzina // Space and Culture. – 2020. – Iss. 7:4.

6. Auanassova A., Nurpeisov E., Auanassova K., Kushenova G., Mukhlissova N. The History of the Alash Party in the Context of the Impact on the Processes of Constitutional Acts [Text] / A. Auanassova, E. Nurpeisov, K. Auanassova, G. Kushenova, N. Mukhlissova // Ancient Asia. - 2021. - Vol. 12. - R. 1- 8.

7.Tursun Kh., Gumus N., Bazrbayev K., Zhorayeva G., Kurmanalin S. The history of the Alash movement in the context of the ‘empire of positive action’ [Text] / Kh. Tursun, N. Gumus, K.

Bazrbayev, G. Zhorayeva, S. Kurmanalin // Asian and African Studies. – 2021. - № 1. - Vol. 30. – R. 45-51

8.ZHaksygaliev ZH. Alash arystary: tarih ham tagylym [Tekst] / ZHaksygaliev ZH //Akzhajyktagy Alash izderi. – 2017. – Oral: CHapaev auyly. - 2017. – B. 43-50

9.Rahmetullin E. Alashorda zhane zemstvolyk baskaru zhүjesi tarihi derekterde [Tekst] / E. Rahmetullin // Otan tarihy. - 2020. - № 1. – B. 97.

10.Ajmaganbetuly R. «Alash kozgalysynyn» kajnar kozi zhane bilim maselesi [Tekst] / Ajmaganbetuly R. // Kazak tarihy. - 2018. - № 4. - B. 49-51.

11.Sulejmenova D. D. ZHahansha Dosmuhamedov - Kүnbatys Alashorda memleketinin zhetekshisi [Tekst] / D. D. Sulejmenova // Aқzhajyktagy Alash izderi. – 2017. Oral: CHapaev auyly. - 2017. – B. 26-32

12.SHaripkali T. Olkeden shyққan kazak oқygandary [Tekst] / T. SHaripkali // Oral oniri. 2000. – № 30.

13.Rysbekov T. Z., Rysbekova S. T. Batys Kazakstandagy Alash ziyalylary [Tekst] / T.Z.Rysbekov, S.T.Rysbekova // Akikat. – 1998. - № 6. – B. 96.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется историческое значение и роль правительства Западной Алашорды. Западная Алашорда было национальным правительством, созданным в западном регионе Казахстана во время Октябрьской революции 1917 года и гражданской войны 1919-1920 годов. 5-13 декабря 1917 года на 2-м Всеказахском съезде в г. Оренбурге было создано правительство Алашорды, а также западный отдел автономии Уил уалияты. Впоследствии он стал известен как Западная Алашорда, казахскую интеллигенцию возглавили Жаханша и Халел Досмухамедовы. В статье рассматривается создание правительства Западной Алашорды, его политические цели, роль во внешней и внутренней политике, а также его усилия по сохранению казахской государственности. Исследуется влияние лидеров движения Алаш и лиц, борющихся за национальную независимость. Всесторонне описывается влияние правительства Алашорды на социальные, экономические и культурные изменения того периода, а также его вклад в историю Казахстана XX века. Статья раскрывает значение наследия Западной Алашорды в современном Казахстане.

Ключевые слова: *деятели Алаша, Западная Алашорда, правительство Алашорды, партия «Алаш», Алашорда, Уильский (Ойылский) уезд.*

УДК 1(091) (574)

Есенгалиева В.А., кандидат философских наук

НАО Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г.Уральск, ул.Жангир хана 5, Казахстан

PHILOSOPHICAL REFLECTIONS OF ABAI

ABSTRACT

The article reveals the essence and the peculiarities of Kazakh philosophy. Kazakh philosophy has common problems with Greek, Indian, Chinese and Russian philosophy and, from this point of view, is interconnected with world philosophy. At the same time, Kazakh philosophy has its own specificity and distinctive features. It is original in the range of issues touched upon in it, in the specific forms of expression of thought, with its own style of thinking, and there is no necessity to constantly look back at developed Western philosophy. It is necessary to learn from others, but one should not imitate or borrow their style of thinking. The purpose of philosophy is to be understandable for every person, to influence him, to teach and to change him for the better. Such was Eastern philosophy and such is the philosophy of the Kazakhs. The peculiarities of the worldview of the Kazakh people are connected with nomadic civilization and culture, with the development of verbal forms of culture, and consequently with the absence of written sources. The author of the article emphasizes that traditional Kazakh philosophy, originating from akyns-zhyrau and finding its continuation in the moral philosophy of Abai Kunanbayev, is not professional, scientific philosophy, but a philosophy of wisdom, understanding and upbringing, intertwined with everyday human life, religion, art, and literature. In the works of Kazakh thinkers, the problems of good and evil, honor and

human dignity have always dominated.

The author shows the significance and role of Abai's philosophy in national culture, as well as the relevance of his ideas in the spiritual and patriotic education of modern youth. Of course, within the framework of one article it is impossible to cover the entire spectrum of spiritual and moral problems considered by the great thinker. Therefore, other articles will also be devoted to this topic in the future.

Keywords: *national identity, culture, Abai, words of edification, perfect man* *Introduction.*

Traditional Kazakh philosophy begins with Korkyt, akyns-zhyrau, biys and continues in the philosophy of Makhambet, Abai, Shakarim, Gumare Karash. Traditional Kazakh thinking is characterized by depth and artistic quality, eloquence and poetic nature, criticism and dialogue.

During the Soviet period, all this had to be abandoned, Marxist-Leninist philosophy was imposed, contradicting the Kazakh mentality. Therefore, a large gap occurred in the history of Kazakh philosophy. After gaining independence, historians, linguists, philosophers had to look for ways of reviving our history, Kazakh philosophy and literature, Kazakh traditions. It is worth noting the research of Professor T.Kh. Ryskaliyev, who was a pioneer in studying the peculiarities of Kazakh philosophy, including the philosophy of Abai Kunanbayev, and was one of the first to begin publishing his works in journals, monographs, textbooks. In his works he wrote about the peculiarities of Kazakh and Russian philosophy, about the specificity of philosophy itself and its multifaceted nature.

National self-consciousness of any people is formed on the basis of historical consciousness. In modern times, the process of globalization, which has encompassed the entire world, erases the boundaries between nations and peoples of different countries, creates a threat of the loss of national culture, the disappearance of entire nations and peoples. The only way to counteract this process at the state level is the ideology of patriotism, the ideology of modernization of society, preservation of national identity (history, language, traditions). Preservation in the 21st century of the cultural image, the national code, the revival of historical memory is a new stage in the life of Kazakhstani society. Understanding one's own identity is a very important moment. We clearly state which development model Kazakhstan has adopted and we want to become a developed country of the world. We must have our own face as an integral people. Therefore, for us it is important who we are, where we come from and where we are going? These are three philosophical questions which all generations should ask themselves, being interested in what their ancestors aspired to and what their descendants will aspire to.

Materials and Methods. As the main methods in the article hermeneutical, anthropological, comparative research methods are used. Speaking about state projects, the project "Great Names of the Great Steppe" deserves great attention, which unites in one civilizational and cultural series such great figures of the past as Abu Nasr al-Farabi, Khoja Ahmed Yasawi, Kül-Tegin, Sultan Baybars, the khans Abylai and Kenesary, and of course, Abai Kunanbayev. They are representatives of different times and epochs, but all are connected with the history of the Great Steppe. Modern Kazakhstanis should know that we stand on the shoulders of titans — our great ancestors, great thinkers of their time. Popularization of national culture: philosophy, literature, fine arts, cinema and theater, classical and traditional music is an integral part of its promotion in the global world. When they speak about Confucius — everyone immediately understands that it is about China; Aristotle is associated with Ancient Greece. So it is with our historical personalities — rulers, scientists, poets, philosophers of steppe culture — throughout the world they should and will associate Kazakhstan. Therefore, the appeal of the President of the country, the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to Abai and his legacy is not accidental. Abai is known to the whole world. It is enough to recall the 150th anniversary of the philosopher, which was held under the auspices of UNESCO. Then the anniversary of the Kazakh thinker and humanist was celebrated in Paris, Ankara, Delhi, Cairo, Budapest, Moscow, St. Petersburg, in twenty-five countries of the world. In 2025 more than 500 various events dedicated to the 180th anniversary of Abai were also held at the international, national and regional levels.

Abai Kunanbayev is a writer, a thinker-democrat, a composer, the founder of the written literature of the Kazakhs. Poems and poetic works, philosophical prose and edifications, translations and songs — all this is his creation and legacy. His main philosophical work is The Words of Edification. Abai is the quintessence of Kazakh philosophy and he can with full right be called a

philosopher, a thinker who raised our national philosophy to new heights [1]. The main problem over which the philosopher reflected is the problem of the human being. In the East this is the principal philosophical question [2]. How to educate a perfect, integral, complete human being? The noble man is the ideal of Confucius, the superman is the ideal of Nietzsche, the harmoniously and comprehensively developed personality is the ideal of Marx, the ideal of Abai is the perfect, complete human being. What qualities should he possess? In his works Abai says that deceit, slander, boastfulness, weakness and usury are the worst enemies of human nature, while reason and kindness, willpower, modesty and honest labor are the main foundations of human life, human existence [3]. The philosopher advises to rejoice when a person commits good deeds, a good act, because we have seen a good example, and to be saddened by the bad actions of people. The ability to follow wise advice, to listen to admonitions is not given to everyone. As the thinker notes, the Almighty endowed a person with strength in order to work and with reason in order to comprehend sciences and craft. But strength is not always used for honest labor, and reason is often wasted in vain. Here the ideas of Abai resonate with the ideas of the Greek philosopher Socrates, who emphasized that to live in a human way is a great art and not everyone is given to know himself [4]. The idea of a perfect, integral human being reflects the understanding of what a citizen of modern Kazakhstan should be like. The concept of a "perfect" human being — a harmonious personality striving for good and creation — is relevant even today. Abai places moral qualities in the first place, puts forward humanistic principles of spiritual perfection, believing that without spiritual development and growth of a person, any activity in this world loses meaning. How to educate an integral human being? In the main philosophical work — "The Words of Edification" — Abai gives many examples of virtue, gives advice, compares cultures of different peoples and, with irony, showing the shortcomings of his own people, deeply worries about them. "The Words of Edification" of Abai is a work which was created over eight years: the first Word was written in 1890, the last forty-fifth — in 1898. Thus all the ideas of the great philosopher written in the work, lived through and переживаемые, passed through his mind and heart and he shares these thoughts with us. The red thread running through the work is the idea of striving for education, knowledge, enlightenment. In Word 3 it is said that the cause of all the troubles of the people is alienation from land, trade, craft and science [5,13]. The life of a child from the moment of birth consists of two impulses: one is the need for food and drink, the other is the desire to know, to cognize. A person affirms himself on earth, comprehending the secrets of nature or making certain conclusions, — it is said in Word 7 [5,22]. In Word 10 the philosopher says that the Almighty endowed people with strength in order to work and with reason in order to master science, because it opens many opportunities for the human soul [5,29]. Abai gives advice to sacrifice all one's property, if it is required for study, science, obtaining knowledge in Word 25 [5,65]. Immoral actions according to Abai are committed from ignorance. Knowledge is the foundation of virtues, the source of moral perfection. The propaganda of the cult of knowledge is very important today for us, for the descendants of the great philosopher. In the century of scientific and technical progress only an educated person can find his place under the sun [6]. Youth is not eternal and to fill one's life with fruitless and aimless undertakings would be foolish. A foolish person will in no way find his place in life. A wise one strives to bring benefit to people, he constantly seeks in the world something new, amazing, unusual and these days of search are for him the most beautiful time of life and he never regrets his past (Word 15) [5,41]. Therefore Abai says that the one who wants to be among the reasonable must give himself an account: how does he live the days of his life? Here again one can draw an analogy with the idea of the great Greek philosopher Pythagoras, who said: "Waking up in the morning, ask yourself — what must I do? Falling asleep — what have I done?" [7].

Abai called the Greek philosopher Socrates a sage, highly valued him and considered him an example for imitation. Following Socrates, he wrote his twenty-seventh Word in the form of dialogue. In his poems and in the "Words of Edification" Abai, just like Socrates, uses criticism, sarcasm, irony.

In Word 27 Abai presents the dialogue of Socrates, who compares a human being with animals and agrees with him: "A human being possesses an exceptional power — reason, an amazingly complex body, and this combination determines his multifaceted nature and high talent" [5,72]. Speaking in philosophical terms, in a human being there must be full correspondence of form to content. Unfortunately, in our time youth attaches greater importance to external appearance, clothing, form. A kind of materialism flourishes. The predominance of form over content leads to evil. In Word 18 Abai says that a person is made beautiful and strong by his mind, education, honor and charm. A foolish one can be considered the one who wants to elevate himself in another way —

emphasizes the philosopher [5,49]. In the times of market economy, where material values prevail over spiritual ones, these words of Abai acquire special meaning in the upbringing of children, in the upbringing of the future generation.

The most precious thing, according to Abai, in a human being is his heart. Among the Kazakh people the concepts of courage and cowardice originated from the word heart — "zhurekti," which means a jigit with a real heart, a coward is called "zhureksiz," that is, a person without a heart. Beautiful human qualities — compassion, participation, pity and love — are born from the heart. A person with a true heart is obedient to good advice and does not throw his words to the wind. Therefore, the philosopher in Word 17, using a metaphor, on behalf of Science resolves the dispute between Strength, Reason and Heart — which of them is more important for a human being: "Unite together and, as I have already said, let the Heart guide you! If this happens and you converge in one person, then he will become righteous. The dust from the soles of his feet will heal the blind. But if you cannot unite, then I will give preference to the Heart — the king of human life" [5,47]. Perfect and complete is the one in whom Mind, Strength and Heart are united. It is precisely in this harmony and purity of human life that the meaning of the existence of the great world lies — emphasizes the philosopher.Popular, understandable for many philosophy, is not recognized by some researchers in modern times as philosophy. But not everyone will find answers to the questions that interest him in the complex philosophical systems of Hegel or Marx. Such questions can appropriately be answered by the teachings of such philosophers as Socrates, Dostoevsky, Tolstoy and, of course, Abai. The words of Abai are understandable to everyone, simple, and it would be incorrect to consider the teaching of Abai shallow, non-philosophical. Abai is a deep thinker, whom many still do not understand and do not follow the path indicated by him.

When we speak about the peculiarities and directions of Kazakh philosophy, we immediately turn to Abai. Abai has everything that is necessary for real philosophy: wisdom, understanding, upbringing, dialogue, universal human values. In the philosophy of Abai there is what our people need today: striving for science and education, conscience and honor, national spirit, competition, democracy leading to justice. One only needs to read, understand, master Abai. The philosophy of Abai is embodied wisdom and, consequently, embodied philosophy.

Conclusion. To the question: "What is Kazakh philosophy?" and, in particular, "The Philosophy of Abai Kunanbayev?" we would like to answer: Kazakh philosophy, the philosophy of Abai — is practical philosophy. This is its main feature. Kazakh philosophy is oriented toward the human being in the form of wisdom, understanding and upbringing. It strives to awaken, teach and protect a person. In Kazakh philosophy there are exhaustive questions and answers about good and bad, eternal and transient, about spiritual and bodily well-being, honor and dignity, conscience, truth and delusions. At one time Kant used the concept of a "practical philosopher." In his opinion, a true philosopher in fact can be called a practical philosopher, whose word and deed are intertwined: "The practical philosopher — the mentor of wisdom of teaching and deed — is a philosopher in the proper union." And in addition to this he emphasized: "For philosophy is the idea of perfect wisdom" [6, 332].

REFERENCES

1. Zhabayeva, S.S. The Kazakh Concept of Soul in Abai Kunanbaev's Book of Words [Text] / S.S. Zhabayeva // Asiatic. – 2022. – No. 16(2). – pp. 7–24.

2. Nysanbaev, A.N., Kurmangalieva, G.K., Seytahmetova, N.L. Social Ontology of al-Farabi & Abai: Experience of Philosophical Actualization | Sotsial'naia ontologiia al'Farabi i Abaia: Opyt filosofskoi aktualizatsii [Text] // Voprosy Filosofii. – 2023. – No. 10. – pp. 112–122.

3. Bakbergenov, K. Abai. Lyrics [Text] / K. Bakbergenov. – Zhalyn Publishing House. – Alma-Ata, 1980. – 240 p.

4. Electronic resource. – Available at: https://ru.citaty.net/avtory/sokrat/?page=4

5. Sanbaev, S. The Words of Edification [Text] / S. Sanbaev. – MELOMAN Publishing. – Almaty, 2016. – 150 p.

6. Kant, I. Works: In 2 volumes. – Vol. 2 / I. Kant. – Moscow: Mysl, 2000. – 798 p.

7. Sydykov, Y.B., Nysanbaev, A.N. Personal Meaning of the Kazakh Philosophy in the Space of Intercultural Dialogue [Text] // International Journal of Environmental and Science Education. – 2019. – No. 11(10). – pp. 3690–3699.

8. Electronic resource. – Available at: https://ru.wikiquote.org/wiki/Pythagoras

9. Auezov, M.O. The Great Poet of the Kazakh People Abai Kunanbayev [Text]. – Moscow,

1999. – 24 p.
10. Auezov, M. Thoughts of Different Years [Text]. – Alma-Ata, 2015. – 554 p.
11. Auezov, M. A Word to the Youth [Text]. – Alma-Ata, 1977. – 34 p.
12. Auezov, M. Collected Works in 5 Volumes [Text]. – Moscow, 1975. – Vol. V. – 487 p.
13. Auezov, M. Unpublished Materials on Abai Studies [Text] / Comp. L.M. Auezova, M. Myrzakhmetov. – Alma-Ata, 1988. – 367 p.
14. Auezov, M.O. Abai Kunanbayev. Articles and Studies [Text]. – Almaty, 1967. – 391 p.
15. Auezov, M.O. The Path of Abai. Novel-Epopee [Text]. – Almaty, 1989. – Vol. I. – 608 p.
16. Salgarin, K. Abai and Shakarim [Text] // Bulletin of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Literature Series. – 2019. – No. 1. – pp. 30–38.
17. Nysanbaev, A.N. Abai and Russian Philosophy: Man and His Values [Text]. – 2025. – No. 15. – pp. 175–196.
18. Nysanbaev, A.N., Barlybaeva, G.G., Solovieva, G.G. Voprosy Filosofii [Text]. – 2024. – No. 11. – pp. 188–198.
19. Myrzakhmetov, M. “Three Truths” of Shakarim [Text] / Kudaiberdiyev Sh. – Three Truths. – Almaty, 2009. – pp. 35–38.
20. Sydykov, Y.B., Nysanbaev, A.N., Tuleshov, V.T. On the Origins, Stages and Prospects of the Kazakh Philosophy [Text] // International Journal of Environmental and Science Education. – 2021. – No. 11(11). – pp. 4054–4064.
21. Sydykov, Y.B. On the origins, stages and prospects of the Kazakh philosophy [Text] / Sydykov, Y. B., Nysanbaev, A.N., Tuleshov, V.T. //International Journal of Environmental and Science Education. – 2024. - №11(11). - pp. 4054–4064.

ТҮЙІН

Бұл мақалада қазақ философиясының мәні мен ерекшеліктері қарастырылған. Қазақ философиясы грек, үнді, қытай, орыс философиясымен ортақ тақырыптарды біріктіреді және осыған байланысты әлемдік философиямен тығыз байланысты. Сонымен қатар, қазақ философиясының өзіне ғана тән ерекшеліктері мен ерекше белгілері бар. Ол өзі қозғайтын мәселелер ауқымында, өзіндік мәнерлеу формаларында, өзіндік ойлау стилінде түпнұсқа болып табылады және ол үнемі дамыған батыс философиясына сүйенбейді. Басқалардан үйрену қажет, бірақ олардың ойлау стилін елестетпеу керек. Философияның мақсаты - әрбір адамға түсінікті болу, оған ықпал ету, үйрету және оны жақсы жаққа өзгерту. Шығыс философиясы да, қазақтардың философиясы да осындай болды. Қазақ халқының дүниетаным ерекшеліктері көшпелі өркениетпен және мәдениетпен, ауызша мәдениет нысандарының дамуымен, демек, жазбаша дереккөздердің болмауымен байланысты. Мақала авторы Абай Құнанбаевтың адамгершілік философиясынан бастау алатын дәстүрлі қазақ философиясы кәсіби, ғылыми философия емес, адамның күнделікті өмірімен, дінмен, өнермен және әдебиетпен тығыз байланысқан даналық, түсінік және тәрбие философиясы екенін атап көрсетеді. Қазақ ойшылдарының еңбектерінде әрдайым жақсылық пен жамандық, ар-намыс пен адами қадір-қасиет мәселелері басым болды.

Автор Абай философиясының ұлттық мәдениеттегі маңызы мен рөлін, сондай-ақ оның идеяларының қазіргі заманғы жастарды рухани-патриоттық тәрбиелеудегі өзектілігін көрсетеді. Әрине, бір баптың шеңберінде ұлы ойшыл қарайтын рухани-адамгершілік проблемалардың барлық спектрін қамту мүмкін емес. Сондықтан болашақта осы тақырыпқа басқа да мақалалар арналатын болады.

Түйін сөздер: *ұлттық болмыс, мәдениет, Абай Құнанбайұлы, Тәрбиелік сөздер, «кемел адам» түсінігі.*

РЕЗЮМЕ

В статье раскрывается сущность и особенности казахской философии. Казахская философия имеет общие проблемы с греческой, индийской, китайской и русской философией и, с этой точки зрения, взаимосвязана с мировой философией. В то же время казахская философия обладает своей спецификой и отличительными чертами. Она оригинальна в круге затрагиваемых в ней вопросов, в специфических формах выражения мысли, в собственном стиле мышления, и в ней нет необходимости постоянно оглядываться на развитую западную философию. Учиться у других необходимо, но не следует подражать или заимствовать их стиль мышления. Цель философии – быть понятной каждому человеку, влиять на него, учить и

изменять его к лучшему. Такова была восточная философия, и такова философия казахов. Особенности мировоззрения казахского народа связаны с кочевой цивилизацией и культурой, с развитием устных форм культуры и, следовательно, с отсутствием письменных источников.

Автор статьи подчеркивает, что традиционная казахская философия, берущая начало в акын-жирау и находящая свое продолжение в нравственной философии Абая Кунанбаева, — это не профессиональная, научная философия, а философия мудрости, понимания и воспитания, тесно переплетенная с повседневной жизнью человека, религией, искусством и литературой. В трудах казахских мыслителей всегда доминировали проблемы добра и зла, чести и человеческого достоинства.

Автор показывает значение и роль философии Абая в национальной культуре, а также актуальность его идей в духовно-патриотическом воспитании современной молодежи. Конечно, в рамках одной статьи невозможно охватить весь спектр духовно-нравственных проблем, рассматриваемых великим мыслителем. Поэтому в будущем этой теме будут посвящены и другие статьи.

Ключевые слова: *национальная идентичность, культура, Абай Кунанбаев, Слова назидания, концепция «совершенного человека»*

ӘОЖ 378.14

Молдағали Ж. Х., Әлеуметтану магистрі
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ,
Жәңгір хан көшесі, 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ

ТҮЙІН

Эпидемияның Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралуына байланысты білім беру саласында төтенше жағдай енгізіліп, қашықтан білім беру режиміне көшу қажеттілігі туындады. Бұл мақалада қашықтықтан білім берудің маңызы мен мүмкіндіктері, сондай-ақ оның жүзеге асырылуы мен дамуы мәселелері қарастырылады. Қашықтықтан оқытудың жүйесі мен технологияларының негіздері, мақсаттары мен міндеттері, оқытушының рөлі, сондай-ақ қашықтан білім беру процесінде қолданылатын дидактикалық тәсілдер талданады.

Қашықтан білім беру – бұл жаңа заманауи әдіс, ол білім алушыларға кеңістіктен тәуелсіз оқу процесіне қатысуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында бұл жүйенің дамуының негізінде білім беру сапасын арттыру, халықтың барлық санаттарына білім беру қолжетімділігін қамтамасыз ету және оқу үдерісін цифрландыру жатыр. Мақалада қашықтан білім беруді жүзеге асырудағы негізгі проблемалар мен қиындықтар, сондай-ақ олардың шешу жолдары ұсынылады. Оқыту барысында қолданылатын жаңа технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктері, сонымен қатар, білім беру бағдарламаларының көптігі мен олардың тиімді жұмыс істеу шарттары да қарастырылады.

Қашықтан білім беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін мемлекеттік және білім беру ұйымдарының үйлесімді жұмысы, оқытушылардың жаңа әдістемелерді меңгеруі және оқушылардың оқытуға деген мотивациясы маңызды болып табылады. Мақалада осы мәселелерді шешуге бағытталған нақты ұсыныстар мен стратегиялар келтіріледі.

Түйін сөздер: *қашықтықтан білім беру, халықаралық білім беру процесі, Болон процесі, Қазақстандағы жоғары білімнің даму үрдістері, ақпараттық технологиялар. Қашықтықтан білім беру технологиялары, бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары жалпы ережелер.*

ABSTRACT

Due to the spread of the epidemic across the entire territory of the Republic of Kazakhstan, a state of emergency was declared, and the need to transition to remote education arose. This article discusses the importance and opportunities of distance learning, as well as the issues related to its implementation and development. The foundations of distance education systems and technologies, their goals and objectives, the role of the instructor, and the didactic approaches used in the distance learning process are analyzed.

Distance learning is a modern method that allows learners to participate in the educational process independently of their geographical location. The development of this system in Kazakhstan is based on enhancing the quality of education, ensuring access to education for all segments of the population, and digitizing the learning process. The article identifies key problems and challenges in implementing distance education, as well as proposes solutions to these issues. The advantages and disadvantages of new technologies used in teaching, as well as the variety of educational programs and the conditions necessary for their effective operation, are also discussed.

For the effective functioning of the distance education system, coordinated work between government and educational organizations, the mastery of new teaching methods by educators, and the motivation of students to engage in learning are essential. The article provides specific recommendations and strategies aimed at addressing these issues.

Keywords: *distance learning, international education process, Bologna Process, trends in higher education development in Kazakhstan, information technologies, distance learning technologies, principles of organizing the educational process, general regulations*.

Кіріспе.Соңғы жылдары Қазақстанның білім беру жүйесінің құрылымында елеулі өзгерістер болып жатыр. Білім беру жүйесінің бірыңғай халықаралық білім беру кеңістігіне кіру процесі бүкіл әлемде бірыңғай өлшемдер мен стандарттарды әзірлеумен сүйемелденеді. Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі Болон процесіне қосылу нәтижесінде көптеген өзгерістерге ұшырады. Он жылдан астам уақыт бойы еліміздегі білім беру жүйесі халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес жұмыс істеп, Болон процесінің қағидаттарына негізделген. Бұл процесс еуропалық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, ұлттық білім беру жүйелерін жақындастыруды, көп деңгейлі жоғары білім жүйесін енгізуді, академиялық кредиттер жүйесін қолдануды, білім беру сапасын бақылауды және студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығын кеңейтуді мақсат етеді. Болон процесі жоғары білімнің үш сатысы – бакалавриат, магистратура және докторантура жүйесін қалыптастырады. Еуропалық жүйе бойынша оқу процесі ұйымдастырылып, студенттердің білім нәтижелері еуропалық кредиттік жүйе негізінде бағаланады. Болон процесінің басты мақсаттары: жоғары білімге қолжетімділікті арттыру, еуропалық білімнің сапасын және тартымдылығын күшейту, студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығын кеңейту, барлық академиялық деңгейлерге бағдар беру және ЖОО түлектерін еңбек нарығына қажетті дағдылармен қамтамасыз ету. [1, с.169-174].

Зерттеу әдістемесі мен материалдар. Қазіргі заманғы төтенше жағдай жағдайында білім беруді дамытудың озық әдістерінің бірі қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді пайдалана отырып, қашықтықтан білім беру болып табылады. Қашықтықтан білім беруді неғұрлым нақты түсіну - ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялық құрылғыларды пайдалана отырып, белгілі бір қашықтықта білім алушылар мен оқытушылар арасында білім және ақпарат алмасу. Қашықтықтан білім беру ұйымы 3 нысанға бөлінеді: онлайн (синхронды), оффлайн (асинхронды) және вебинар.

Онлайн - режим - бұл оқытушының экранын белгілі бір қашықтықта Интернет-ресурстардың көмегімен ағымдағы уақытта қарау арқылы оқытуды ұйымдастыру нысаны.

Офлайн режимі – бұл мұғалім мен білім алушының интернет ресурстары (мысалы, электрондық пошта) арқылы ақпарат алмасуына мүмкіндік беретін оқыту формасы.

Вебинар – интернет желісін пайдалану арқылы өткізілетін онлайн семинарлар мен тренингтердің түрі [2, 11–12 б.].

Қашықтықтан білім беру жүйесін дамытудың негізгі мақсаттарының бірі – білім сапасын арттыру және білім алушыларға оқу бағдарламалары негізінде білім алу үшін қолайлы жағдай жасау. Бұл мақсат білім беру саласында бірыңғай ақпараттық білім беру кеңістігін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру саласындағы қашықтықтан оқытудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады: қашықтықтан оқыту жүйесін мемлекеттік (республикалық) деңгейде білім беру құрылымымен өзара байланыстыра отырып енгізу; жүйені қалыптастыру барысында мемлекеттік білім стандарттарының талаптарын сақтау.

Қашықтықтан білім беру жүйесін жүзеге асыруда оқытушының рөлі ерекше маңызды. Ол үлкен жауапкершілікті талап ететін қызмет атқарады: оқу курсының бағдарламасын

әзірлейді, оны қашықтықтан оқыту талаптарына бейімдейді, оқу үдерісінің орындалуын бақылайды, сондай-ақ тапсырмаларды орындау кезінде білім алушылардың өзіндік бақылауын ұйымдастыруға байланысты ұсыныстар береді. Сонымен қатар қашықтықтан оқытуда жұмыс істейтін педагог жаңа білім беру технологияларын, компьютерлік және желілік жүйелерді жақсы меңгеріп, оларды тиімді пайдалана білуі тиіс.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде қызмет ететін оқытушыларға және осы салаға қатысатын мамандарға бірқатар талаптар қойылады: компьютерлік сауаттылықтың жоғары деңгейде болуы; қашықтықтан оқытудың мақсаты мен міндеттерін түсіну және оны ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде дамыту; қашықтықтан оқыту технологияларын меңгеріп, оларды білім алушылар мен білім беру қызметкерлеріне таныстыра білу; заманауи ақпараттық құралдармен жұмыс жасау дағдыларын игеру; телекоммуникациялық оқыту құралдарын пайдалану, соның ішінде ақпарат алмасу және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды қолдану қабілеттерін қалыптастыру; оқу бағдарламасына кіретін модульдік курстардың әдістемесін жүйелеу және оларды ұйымдастыру; қашықтықтан білім беру аясында оқу процесін жүргізуге жан-жақты дайындық және сабақтарды ұйымдастыру барысында үйлестірушінің қатысуын қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін дамытпай, сондай-ақ білім беру саласына ақпараттық технологияларды енгізбей, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың дамуы мүмкін емес. Әсіресе қашықтықтан оқытуда спутниктік байланыс арналары арқылы электрондық оқулықтарды, бейне материалдарды және басқа да цифрлық басылымдарды пайдалану маңызды рөл атқарады [3, 2–5 б.].

Зерттеу нәтижесі. Қазіргі уақытта адамзатты дамытудағы ерекше артықшылықтар - ақпараттық уақытқа көшу, компьютерлік технологиялар мен адамдардың зияткерлік қабілеттерін арттыратын ақпараттық технологияларды жедел дамыту. Білім алушы барлық ақпаратты есте сақтай алмайтындықтан, оқытушы білім алушыға қандай материалмен танысу және қандай материалды есте сақтау керектігі туралы ескертуі тиіс. Оқытудың дәстүрлі дидактикалық қағидаттары қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру заңдылықтарының негізі болып табылады. [4, с.9-11].

Адамның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру оның күнделікті өмірінде білімін, біліктілігін және дағдыларын үнемі жетілдіруімен тығыз байланысты. Тәжірибе көрсеткендей, компьютерлік оқыту технологияларын тиімді енгізу үшін бірнеше әдістерді қолдану маңызды.

Олардың қатарына мыналар жатады: білім алушының танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған ақпараттық әдістер; деректер базасын, гипермәтіндерді және компьютерлік модельдеуді қолдану арқылы білім алушының танымдық іс-әрекетін жүзеге асыру; математикалық, логикалық және лингвистикалық модельдерге негізделген автоматтандырылған оқыту мен білімді бақылау әдістері; тестілеу жүйелері, мультимедиялық құралдар және автоматтандырылған оқыту жүйелері арқылы білімді бағалау мен оқыту тәсілдері.

Білім беру саласында ақпараттық технологияларды тиімді енгізу және дамыту бірнеше факторларға байланысты: техникалық, яғни компьютерлік базаның жағдайы; ақпараттық және компьютерлік технологиялар саласында жұмыс істейтін оқытушылардың кәсіби даярлық деңгейі; басқа пәндер мұғалімдерінің компьютерлік сауаттылығы мен ақпараттық мәдениетінің қалыптасу дәрежесі; оқу жоспарлары мен бағдарламаларының аймақтағы ақпараттық технологиялардың даму үрдістеріне сәйкестігі [3, 5-б.].

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесіне қойылатын талаптар жаңа технологияларды енгізуді, сондай-ақ білім алушылардың білім деңгейін арттыруды қажет етеді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту технологиялары ерекше маңызға ие, өйткені олар білім беру кеңістігінде икемді әрі қолжетімді оқыту жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мұндай жүйеде оқытушы білім алушының жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеріп, оның оқу әрекетін ұйымдастырады.

Білім беру жүйесінің басты тұлғасы ретінде студенттің рөлі артып, соған сәйкес оқу үдерісінің құрылымы да өзгереді. Оқытушы негізінен білім алушының өздігінен жұмыс істеуін ұйымдастыруға бағытталған қызмет атқарады. Осы себепті қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану барысында мұғалімнің қызметі кеңейіп, оның рөлі жаңа сипатқа ие болады.

Осыған байланысты қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану жағдайында оқу үдерісінің сапасын бақылау және оны тиімді жүзеге асыру мәселесі ерекше өзектілікке ие.

Қашықтықтан білім беру жүйесінде "Bilimland", "Daryn.online", "Күнделік", "Univer", "Platonus", EduPage" сияқты бірнеше бағдарламалар және электрондық пошта, чат, бейне және аудиоконференциялар жұмыс істейді. Осы бағдарламалар арқылы білім алушылар мен оқытушылар тапсырмаларды алуды, орындауды, тексеруді, бағалауды жүзеге асырады және білімді бақылауға жедел қол жеткізуді көздейді. Әрбір білім алушының элективті пәндерге тіркелуге, Үлгілік оқу жоспарымен және пәндердің силлабустарымен танысуға, оқу сабақтарының кестесін және транскриптті қарауға, жеке виртуалды кабинетті пайдалана отырып, жеке оқу жоспарын құрастыру үшін виртуалды аудиторияға қол жеткізуге мүмкіндігі бар.

Қашықтықтан білім беруде заманауи ақпараттық-технологияларды пайдалану кезінде кейбір қиындықтар туындайды. Егер негізгі мәселелерге тоқталсақ: оқытушылар мен мұғалімдердің кәсіби даярлығына назар аудару; студенттерді даярлау; қашықтықтан білім беру жүйесіне ақпараттық-технологияларды енгізу кезінде инновацияларға дайындық; технологияларды қолдану білігі мен ережесі; бірыңғай білім беру стандарттарының болмауы;

Қашықтықтан білім беру жүйесін енгізген сәттен бастап осы проблемаларды шешу жолында жинақталған тәжірибе негізінде оқытушылар мен студенттер үшін бейімделген қашықтықтан білім беру ортасын құру, модель жасау, нормативтік актілерді, электрондық оқулықтарды, нұсқаулықтарды, бағдарламаларды әзірлеу қаралды. [5, с.152-153,155].

Қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастырудың жалпы ережелері: Қашықтықтан білім беру технологиялары арқылы оқу процесін ұйымдастыру қағидалары 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5-бабының 25-тармақшасына сәйкес әзірленген. Бұл құжат меншік түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру тәртібін анықтайды; Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, сондай-ақ тиісті білім деңгейлеріне арналған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Аталған құжат Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17669 нөмірімен тіркелген; Қашықтықтан білім беру жүйесі негізінен телевизиялық, желілік және кейс-технологиялар арқылы іске асырылады; Қашықтықтан оқыту қолданылатын жағдайда оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыру, сондай-ақ оқыту түрлеріне байланысты уақыт мөлшерін белгілеу білім беру ұйымдарының өз құзыретіне жатады; Осы қағидаларда келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады: білім беру порталы, мультимедиа, оқу нәтижелері, онлайн-прокторинг, сандық білім беру ресурстары, тьютор, желілік технологиялар және аралас оқыту [6, 16–17-бб.].

Қорытынды. Қашықтықтан оқыту жүйесі ақпараттық мәдениетті дамытуға ықпал ете отырып, білім беру саласында қолданылатын дидактикалық бағдарламалар арқылы студенттерге оқу үдерісін басқару мен оны автоматтандырудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Мұндай бағдарламалар оқу барысында бірнеше пайдаланушының бір мезгілде қатысуына мүмкіндік беретін дидактикалық жағдайларды қалыптастырады, білім мен дағдыларды объективті түрде бағалауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ оқу материалдарын мультимедиялық форматта көрнекі түрде ұсынуға жағдай жасайды. Сонымен қатар олар виртуалды білім беру ортасын құрып, білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, аталған бағдарламалар материалды өз бетінше меңгеруге бағытталған заманауи психологиялық-педагогикалық тәсілдерді қолдана отырып, білім алушының жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде студент өзіне қолайлы қашықтықтан оқыту формасын таңдай алады. Жоғарыда қарастырылған мәліметтер негізінде қашықтықтан білім беру технологиялары курсының құрылымдық моделінде әрбір ұғымның мәнін түсініп, оны жан-жақты талдауға мүмкіндік бар.

Жалпы алғанда, қашықтықтан білім беру жүйесінің маңызы өте зор. Ол оқытушылар мен білім алушыларға әлемдік ақпараттық ресурстармен байланыс орнатуға, ғылыми және шығармашылық қызметті дамытуға, сондай-ақ жаһандық ақпараттық кеңістікте өз білімдерін жетілдіруге кең мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жазықбаева Г.М., Днекешев А.А. Қазақстандағы қашықтықтан білім беруді дамытудың ерекшеліктері / Орал қ. Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың ғылымы және білімі. – 2016. – №2. - С. 169-174.

2. Асанбай Б., Махамбетова Г. Білім беруді ақпараттандыру жағдайындағы қашықтықтан оқытудың тиімділігі / «Информатика негіздері» журналы – 2010. – № 1. - С. 11-12.

3. Мұхамбетжанова С.Т. Алматы қаласының қашықтықтан білім беру ұйымының дидактикалық мүмкіндіктері - 2007. - С. 2-5.

4. Нұрбеков Б.Ж. Қашықтықтан оқытудың дидактикалық қағидаттары / Білім-Білім. – 2009. – №6. - С. 9-11.

5. Қуанышбаева А.Х. Қашықтықтан оқыту жүйесіндегі қиындықтар / Ғылым және Қазақстан өмірі. – 2020. – №9. - 152-153 С. С. 155. https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000798058500004

6. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2020. – №10. - С. 16-17.

7. Әбдікерімова А.Қ. Қашықтықтан білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялар / Жоғары білім және инновациялар журналы. – 2019. – №4. - С. 45-50. https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000613489000001

8. Молдахметова Б.Қ., Әбдуалиева С.Қ. Қашықтықтан оқытудағы оқушылардың өздік жұмыстарының рөлі / Білім және ғылым журналы. – 2018. – №3. - С. 25-29.

9. Сәрсенов Қ.Б., Қалиев А.Т. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы инновациялық әдістер / Ақпараттық технологиялар және білім беруді дамыту. – 2017. – №2. - С. 41-46.

10. Ермекбаева Ж.Ж. Қашықтықтан білім берудің психологиялық аспектілері / Психология және педагогика журналы. – 2021. – №1. - С. 34-37. https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000992669800004

11. Мамыров Қ.Б. Қашықтықтан оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану ерекшеліктері / Қазіргі білім беру мәселелері. – 2019. – №5. - С. 55-58.

12. Нұрмағамбетов Т.Б., Ізбасаров А.С. Қашықтықтан оқыту жүйесінің педагогикалық тиімділігі / Білім беру технологиялары мен әдістемелері журналы. – 2022. – №7. - С. 70-75. https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:001089551700001

REFERENCES

1. ZHazykbaeva G.M., Dnekeshev A.A. Kazakstandagy kashyktyktan bilim berudi damytudyn erekshelikteri / Oral қ. ZHangir han atyndagy BKATY-din gylymy zhane bilimi. – 2016. – №2. - S. 169-174.

2. Asanbaj B., Mahambetova G. Bilim berudi akparattandyru zhagdajyndagy kashyktyktan okytudyn tiimdiligi / «Informatika negizderi» zhurnaly – 2010. – № 1. - S. 11-12.

3. Muhambetzhanova S.T. Almaty kalasynyn kashyktyktan bilim beru ujymynyn didaktikalyk mumkindikteri - 2007. - S. 2-5.

4. Nurbekov B.ZH. Kashyktyktan oқytudyn didaktikalyk kagidattary / Bilim-Bilim. – 2009. – №6. - S. 9-11.

5. Kuanyshbaeva A.H. Kashyktyktan oқytu zhүjesindegi kiyndyktar / Gylym zhane Kazakstan omiri. – 2020. – №9. - 152-153 S. S. 155. https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000798058500004

6. Kashyktyktan bilim beru tekhnologiyalary bojynsha oқu procesin ujymdastyru kagidalary // Қazaқstan tarihy: adistemelik zhurnal. – 2020. – №10. - S. 16-17.

7. Abdikerimova A.Қ. Kashyktyktan bilim beru zhүjesindegi zhana tekhnologiyalar / ZHogary bilim zhəne innovaciyalar zhurnaly. – 2019. – №4. - S. 45-50. https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000613489000001

8. Moldahmetova B.Қ., Abdualieva S.Қ. Kashyktyқtan oқytudagy oқushylardyn ozdik zhumystarynyn roli / Bilim zhane gylym zhurnaly. – 2018. – №3. - S. 25-29.

9. Sarsenov Қ.B., Қaliev A.T. Kashyktyktan oқytudy ujymdastyrudagy innovaciyalyk adister / Akparattyk tekhnologiyalar zhane bilim berudi damytu. – 2017. – №2. - S. 41-46.

10. Ermekbaeva ZH.ZH. Kashyktyktan bilim berudin psihologiyalyk aspektileri / Psihologiya zhane pedagogika zhurnaly. – 2021. – №1. - S. 34-37. https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-

record/WOS:000992669800004
11 Mamyrov Қ.B. Қashyқtyқtan oқytuda aқparattyқ tekhnologiyalardy қoldanu erekshelikteri / Қazirgi bilim beru məseleleri. – 2019. – №5. - S. 55-58.
12 Nurmagambetov T.B., Izbasarov A.S. Kashyktyktan oқytu zhyjesinin pedagogikalyk tiimdiligi / Bilim beru tekhnologiyalary men ədistemeleri zhurnaly. – 2022. – №7. - S. 70-75. https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:001089551700001

РЕЗЮМЕ

В связи с распространением эпидемии на всей территории Республики Казахстан в сфере образования было введено чрезвычайное положение, что потребовало перехода на режим дистанционного обучения. В данной статье рассматриваются значимость и возможности дистанционного образования, а также вопросы его реализации и развития. Анализируются основы систем и технологий дистанционного обучения, их цели и задачи, роль преподавателя, а также дидактические методы, применяемые в процессе дистанционного обучения.

Дистанционное обучение — это современный подход, позволяющий учащимся участвовать в образовательном процессе независимо от местоположения. В Казахстане развитие этой системы направлено на повышение качества образования, обеспечение доступности обучения для всех категорий населения и цифровизацию учебного процесса. В статье выделены основные проблемы и трудности реализации дистанционного обучения и предложены пути их решения. Рассматриваются преимущества и недостатки новых технологий, используемых в обучении, а также разнообразие образовательных программ и условия их эффективного функционирования.

Для эффективного функционирования системы дистанционного обучения важны согласованная работа государственных органов и образовательных организаций, освоение преподавателями новых методик и мотивация учащихся к обучению. В статье приведены конкретные рекомендации и стратегии, направленные на решение этих задач.

Ключевые слова: *дистанционное обучение, международный образовательный процесс, Болонский процесс, тенденции развития высшего образования в Казахстане, информационные технологии, технологии дистанционного обучения, принципы организации учебного процесса, общие правила.*

УДК 327:502/504

Саркулова Г. С., тарих магистрі
«Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ,
Орал қаласы, Қазақстан, Жаңгір хан көшесі 51, Казахстан

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ РӨЛІ

ТҮЙІН

Бұл мақалада Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің эволюциясы және оның посткеңестік кезеңдегі трансформациясы қарастырылады. Зерттеуде 18-19 ғасырлардағы Ресей мен Парсы арасындағы халықаралық шарттар, 1921 және 1940 жылдардағы келісімдер, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі құқықтық өзгерістер талданады. Құқықтық мұрагерлік мәселесіне және жағалаудағы мемлекеттер санының өсуі жағдайында Каспий теңізінің жаңа құқықтық режимін қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Автор Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін қалыптастыру үдерісіндегі Қазақстан Республикасының ұстанымын талдап, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, кеме қатынасын дамыту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты негізгі басымдықтарды көрсетеді. Автор халықаралық теңіз құқығының әлеуетті қолданылуын және көпжақты шарттық механизмді әзірлеу ерекшеліктерін қарастырады. Зерттеу қорытындысында Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін қалыптастыру Каспий маңы мемлекеттерінің ұлттық мүдделерін үйлестіруге негізделген күрделі халықаралық-құқықтық процесс болып табылады.

Түйін сөздер: *Каспий теңізі, құқықтық мәртебе, халықаралық құқық, Қазақстан, құқықтық мұрагерлік, теңіз құқығы, геосаясат*.

ABSTRACT

This article examines the evolution of the Caspian Sea's legal status and its transformation in the post-Soviet period. The study analyzes international treaties between Russia and Persia in the 18th and 19th centuries, agreements of 1921 and 1940, and legal changes following the collapse of the Soviet Union. Particular attention is paid to the issue of legal succession and the formation of a new legal regime for the Caspian Sea in the context of the growing number of coastal states.

The author analyzes the position of the Republic of Kazakhstan in the process of shaping the legal status of the Caspian Sea, highlighting key priorities such as the rational use of natural resources, the development of shipping, and ensuring environmental safety. The author examines the potential application of international maritime law and the specifics of developing a multilateral treaty mechanism.

The study concludes that the shaping of the legal status of the Caspian Sea is a complex international legal process based on the coordination of the national interests of the Caspian littoral states.

Keywords: *Caspian Sea, legal status, international law, Kazakhstan, legal succession, maritime law, geopolitics*.

Кіріспе. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау мәселесі халықаралық құқық ғылымындағы өзекті әрі көпқырлы проблемалардың бірі болып табылады. Ұзақ уақыт бойы теңіздің құқықтық режимі Ресей мен Персия арасындағы екіжақты шарттар негізінде реттеліп, салыстырмалы тұрақтылық сақталып келді.

Алайда XX ғасырдың соңында орын алған геосаяси өзгерістер, әсіресе Кеңес Одағының ыдырауы, Каспий өңіріндегі күштер арақатынасын түбегейлі өзгертті. Жағалаудағы мемлекеттер санының көбеюі, көмірсутек ресурстарын игеру қажеттілігі, экологиялық қауіпсіздік пен аймақтық тұрақтылық мәселелері Каспий теңізінің құқықтық режимін қайта қарауды талап етті.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормалары, мемлекетаралық шарттар мен келісімдер талданды. Атап айтқанда, Ресей мен Персия арасындағы XVIII–XIX ғасырлардағы келісімдер, 1921 жылғы РКФСР мен Персия арасындағы шарт, 1940 жылғы кеңестік-ирандық келісім, сондай-ақ посткеңестік кезеңдегі құжаттар қарастырылды.

Сонымен қатар 1991 жылғы Алматы декларациясы, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесіне қатысты ұлттық нормативтік актілер және жағалаудағы мемлекеттер арасындағы екіжақты әрі көпжақты келісімдер зерттеу нысаны болды.

Зерттеуде тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық және жүйелік талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер құқықтық режимнің эволюциясын кешенді бағалауға және әр мемлекеттің ұстанымдарын салыстырмалы түрде зерделеуге мүмкіндік берді.

Зерттей нәтижелері. 1991 жылға дейін Каспийдің мәртебесін анықтаумен проблема туындаған жоқ, өйткені ол тарихи тұрғыдан жағалаудағы екі мемлекет - Ресей мен Персияның (XVIII-XIX ғғ.) халықаралық шарттары мен келісімдерімен белгіленген. Оның өзгеруі 1921 жылғы 26 ақпанда Ресей мен Персияның екі жақты келісімдерімен белгіленген Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін нақтылаған және дамытқан РКФСР-мен Персиямен шарт жасасу салдарынан болды [1]. Теңіздің құқықтық мәртебесіндегі негізгі өзгерістер мағыналы жағынан Каспийдің Ресейдің айрықша юрисдикциясында болуын тоқтатуына әкеліп соқты. Персия өз туын көтеріп жүзуге және балық аулау қызметін жүзеге асыруға құқық алды. 1940 жылы жасалған сауда және теңізде жүзу туралы екіжақты кеңестік-ирандық шарт Каспий теңізі мәртебесінің элементтерін де қозғады [2]. 1921 және 1940 жылдардағы екіжақты шарттар Каспий теңізінің су бетінде КСРО мен Иранның мемлекеттік шекараларын белгілемегені назар аударарлық жайт.

Дегенмен, ирандық дипломат М.Х. Махдиян атап өткендей, Каспийде теңіз шекарасының болмауына қарамастан, кеңестік шекарашылар Астара-Гасан-Кули сызығын кесіп өткен кезде ирандық (көбінесе балық аулаушы) кемелерді кідіртті жіберді және Иран аумақтық суларына ілесіп жүрді [3,133 с.].

1991 жылы Каспий теңізі өңірінде КСРО ыдырағаннан кейін жағалаудағы мемлекеттердің саны екіден беске дейін өсті: Ресей мен Иранан басқа Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстан Каспий маңындағы мемлекеттер болды. Жаңа мемлекеттердің құрылуына

байланысты Ресей Федерациясы, Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстанның Кеңес Одағына қатысты құқықтық мұрагерлігі туралы мәселе көтерілді.

1991 жылғы 21 желтоқсандағы Алматы декларациясының[4] ережелері ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге олардың конституциялық рәсімдеріне сәйкес КСРО шарттары мен келісімдерінен туындайтын халықаралық міндеттемелерді орындауға кепілдік берді. 1940 жылғы шартқа қатысты құқықтық мұрагерлікті даулау үшін негіздер туындамауы тиіс. Демек, Каспийде Ресей мен Иранның ғана емес, сондай-ақ Әзірбайжан, Қазақстан мен Түрікменстанның туын көтеріп жүзуді, сондай-ақ теңізде мемлекеттік шекараның болмауын заңды деп санауға болады. Бұдан басқа, көрсетілген мемлекеттер он километрлік жағалаудағы су аймағында ерекше балық аулау құқығын өздерінде сақтады. 1940 жылғы шартқа қатысты Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстанның құқықтық мирасқорлығы туралы сұраққа жауап талас тудырмады және Алматы декларациясының нормаларына сүйенді, алайда 1921 жылғы шарт бойынша РКФСР-дың құқықтары мен міндеттемелеріне жаңа Каспий маңы мемлекеттерінің құқықтық мирасқорлығы біршама пікірталас болып шықты. Барлық бес мемлекеттің мүдделерін ескеруге бағытталған прагматикалық тәсіл басым болды: 1921 жылғы шарт бойынша құқықтар РКФСР-дан КСРО-ға және кейіннен Әзербайжанға, Қазақстанға және Түрікменстанға көшті, олар 1921 жылғы шарт бойынша ғана емес, Ресей мен Парсы арасындағы алдыңғы келісімдер бойынша да құқықтар мен міндеттемелердің иелеріне айналды[5].

Посткеңестік кеңістікте пайда болған мемлекеттер, оның ішінде Қазақстан, Каспий теңізінің құқықтық режиміне қатысты өзіндік көзқарасын білдіре бастады. Астананың ұстанымы бойынша, бұрынғы кеңестік-ирандық келісімдер негізінде қалыптасқан жүйе жаңа тарихи жағдайда өзектілігін жоғалтты. Бұл тұжырым 1994 жылғы 28 шілдеде қабылданған Үкімет өкімінде нақты көрініс тапты. Құжатта КСРО ыдырауына байланысты 1921 және 1940 жылдардағы шарттар бойынша бекітілген мәртебе қазіргі геосаяси ахуалға сай келмейтіні атап көрсетілді.

Қазақстан тарапы Каспийдегі құқықтық реттеудің жаңа жүйесін құруда бірнеше басым бағыттарды белгіледі. Ең алдымен, теңіздің қазақстандық секторында орналасқан табиғи ресурстарды игеруге халықаралық қауымдастық мойындаған заңды негіз жасау мәселесі күн тәртібіне қойылды. Сонымен қатар, кеме жүзу және балық аулау шаруашылығын дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызу, сондай-ақ экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету міндеттері де маңызды бағыттар ретінде айқындалды. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін Қазақстан Каспий теңізінің бірегей табиғатын ескере отырып, оның құқықтық мәртебесін айқындауда 1982 жылғы БҰҰ теңіз құқығы жөніндегі конвенциясының нормаларын басшылыққа алуды ұсынды[6].

Аталған конвенция аясында аумақтық сулар, айрықша экономикалық аймақ және континенттік қайраң сияқты институттардың қызметі реттеледі. Сонымен қатар, ашық теңіздегі ұшу еркіндігі, балық аулау, экологиялық қауіпсіздік және жағалауды қорғау мәселелері де осы құжатта кешенді түрде қарастырылған. Қазақстанның ұсынысы бойынша, Каспий теңізін осы конвенцияның аясында қарастыру оның жекелеген бөліктеріне ашық теңіз режимін қолдануға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде конвенцияның 87-бабында көзделген алты еркіндікті – кеме жүзу, ұшу, суасты кабельдері мен құбырларын төсеу, жасанды аралдар салу, балық аулау және ғылыми зерттеулер жүргізу – іске асыруға жол ашады.

Егер бұл тәсіл толығымен қабылданса, Каспий теңізінде тек жағалау мемлекеттерінің ғана емес, өзге де елдердің туымен жүзуге рұқсат ету мәселесі туындауы мүмкін. Бұл бұрын қолданыста болған тыйым салу жүйесін түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Сонымен қатар, ұсынылып отырған жаңа жүйе әрбір мемлекеттің аумақтық сулары мен айрықша экономикалық аймақтарының шекараларын нақты белгілеуді талап етеді.

Ресейлік сарапшылар Қазақстанның Каспийдегі ұстанымының нығаюын бірнеше фактормен байланыстырады. Біріншіден, посткеңестік кезеңдегі геосаяси жағдайдың өзгеруі, екіншіден, қазақстандық жағалауға іргелес аумақтарда батыстық компаниялар жүргізген барлау жұмыстарының оң нәтижелері маңызды рөл атқарды. Сарапшылар Астана мен Бакудің Каспий секторына қатысты ұстанымдарының ұқсастығын атай отырып, олардың бұл талаптарды ресімдеу тәсілдеріндегі айырмашылықтарға да назар аударады.

Әзірбайжан Конституциясының 11-бабының екінші бөлігінде Каспий теңізінің (көлінің) осы елге тиесілі секторы мемлекеттік аумақтың құрамдас бөлігі ретінде жарияланған. Бұл

норма басқа Каспий маңы мемлекеттері тарапынан әртүрлі бағалауларға ие болды. Иран әсіресе бұл мәселеге қатаң қарап, өзге елдердің келісімін талап ететін мәселелерді біржақты тәртіппен шешуді сынға алды. Тегеранның пікірінше, Каспий теңізіне қатысты кез келген маңызды шешім барлық жағалау мемлекеттерінің ортақ келісімі негізінде қабылдануы тиіс.

Ресейлік сарапшылар Әзірбайжан Конституциясының 11-бабының 2-бөлігінің ережелерін теңіздің қазіргі халықаралық құқықтық мәртебесін толық елемей жасалған Каспий мемлекеттерінің ортақ пайдалану кеңістігін «аннексиялау актісі» ретінде саралайды[7]. Бастапқыда Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі директивалар жағалаудағы мемлекеттердің мүдделеріндегі қайшылықтарды атай отырып, оларды есепке алуға және үйлестіруге бағытталған болатын. Көзқарастардағы айырмашылықтарға қарамастан, Қазақстан мен Әзірбайжанның ұстанымдары өте жақын болды, бұл екі ел президенттерінің 2000 жылғы бірлескен мәлімдемесінің 5-тармағында көрсетілген [8].

The purpose of the research is to determine the lexical-grammatical characteristics of phraseological units in the language of literary texts. When examining the language of literary works and their artistic expressive means, special attention is paid to the author's individual style in the process of writing. Every nation in the world possesses a developed tradition of verbal art to a certain degree. The verbal art of the Kazakh people has developed and improved over several centuries, first enriching the common national language. Although phraseological units are used in all functional styles, their imagery and expressiveness in the Ak Zhaiyk trilogy are closely connected with the author's creative idea and function as an important artistic device.

Keywords: *phraseologism, authorial phraseologism, fixed expressions, expressiveness, variability of phraseologisms.*

Кіріспе. Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясы жазушының қаламгерлік даралығы, танымдық қабілеті, қоршаған ортасы, өмір сүріп отырған заманы тәрізді факторлар фразеологиялық тіркестер арқылы ерекше әсермен суреттелген. Тұрақты сөз тіркестерінің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы – фразеология. Көркем әдебиет тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілінің ішінде фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Бұл тіркес айтайын деген ойға айрықша әр, мәнерлілік береді. Тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілдің өткірлігі айырықша көрінетін тұс осы фразеологизмдер. Халықтық тілдегі көркемдегіш элементтердің бір саласы болып табылатын тұрақты тіркестерді Х.Есенжанов «Ақ Жайық» трилогиясында тиімді қолданған. Жазушының қай шығармасын алсаңыз да осы халықтық элементтердің сан түрін табуға болады. «Ақ Жайық» трилогиясындағы көркем шығармада фразеологизмдер үнемі тек дайын қалпында алынбай, әр түрлі жолмен жұмсалып, пайдаланылған. Жалпыхалықтық форманы өңдеп, өзгертіп қолданған жерлері де кездеседі. Фразеологизмдерді бұлай қолдануда арнайы мақсат болатыны белгілі. Осындай жолдармен жазушы тұрақты сөз тіркестерінің жаңа үлгісін жасап, фразеологиялық қорды байытуда өзінің

үлесін қосқан деп айта аламыз. Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясындағы фразеологизмдер шығарма тіліне айрықша көрік беріп, ұтымды мазмұнмен суреттелген. Халық тілінің бұл қазынасына барлау жасап, қажетіне жаратуы жазушының шеберлігіне байланысты. Демек, қарастырылып отырған Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясындағы фразеологизмдердің ерекшеліктері өзекті мәселеге арналғандығын көрсетеді. Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясында қазақ тілі фактілері көрсететін фразеологизмдер варианттылығының төрт түрі де ұшырасады. Фразеологизмдердегі варианттылық құбылысының трилогия тілінде көрініс табуы, ең алдымен, автордың айтар ойын айқын да әсерлі жеткізудің қажеттілігінен туған деп пайымдаймыз.

Ғылыми жұмыстың зерттелуі. Мақалаға тиісті деректерді қарастыруда зерттеу нысанына алынып отырған жұмыстың негізгі материалы ретінде жазушы Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясы еңбегі алынды. Академик І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» және фразеолог-ғалым Г.Смағұлованың зерттеуіне сүйене отырып, «Ақ Жайық» трилогиясындағы тұрақты тіркестер төрт топқа бөлініп қарастырылады. Тақырыпты зерттеудің теориялық негізі ретінде ғалымдардың ғылыми-теориялық еңбектеріне сүйене отырып сараптама жасалды. Шығарма тіліндегі фразеологизмдерден фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және лексика-грамматикалық варианттарының жасалуы бойынша мысалдар келтірілді.

Әр тілдің заңдары, өзіне лайық ерекшеліктері бар; оларды зерттейтін фонетика, морфология, синтаксис, лексика, семасиология тәрізді тараулары бар. Фразеологизм бұрынғы еңбектерде, көбіне, осы лексика тұрғысынан зерттеліп келгенін жоғарыда атадық. Соның өзінде де екі тілді сөздіктерде иллюстрация ретінде сөз болды. Басқаша айтқанда, І. Кеңесбаев ұсынған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбектегі қыруар фактілердің кейбірі оқулықтарда т.б. мысал ретінде ғана жол-жөнекей айтылып келді [1,23б.]. Бүгінде фразеологизмдерге зерттеушілер түрліше анықтама береді. К.Аханов: «кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы бір тұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты даяр қалпында қолданылатын тілдік единица фразеологизм деп аталады» [2,215б.] десе, А.А. Холодович: «тұрақты тіркестің алдынан немесе соңынан келетін жай тіркестің фразеологизммен оралымға, яғни мағыналық және синтаксистік байланысқа түсуі» [3,17б.] дейді. Сөйлеу тілінің фразеологиясы, басқа стильдерге қарағанда, варианттар мен синонимдерге бай келеді. Сол себепті «фразеологизмдер – сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады». Тұрақты сөз тіркестері көркем әдебиетте көбірек қолданылады, аз сөзбен көп мағынаны білдіріп, орамдылығымен, образдылығымен тілдің стильдік сапасын арттырады.

Ғылыми жұмыстың нәтижесі. Тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі болып саналатын фразеологиялық оралымдар өзінің көнелену жағынан да тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да оларға тән айрықша ерекшеліктері бар. Тіліміздің қазынасына жататын көркем, орамды алуан түрлі фразеологиялық тіркестерді, тізбектерді халқымыз орынды пайдаланған.

Гүлдархан Смағұлова «Қазақ фразеологизмдерінің варианттылығы» атты еңбегінде фразеологизмдер варианттылығының төрт түрлі тәсілін көрсетеді: Фонетикалық варианттар; Лексикалық варианттар; Морфологиялық варианттар; Лексика-грамматикалық варианттар [4, 19б.].

Тұрақты сөз тіркестерінің көркем шығармада қолдану ерекшеліктерінде әр жазушының өз мүмкіндігі, өз стилі болады. Жоғарыда айтылған фразеологизмдердің вариант түрлерін Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясындағы шығарма тілінен қарастырсақ, қаламгер шығармасында аталған варианттар жиі ұшырасатыны байқалды. Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясындағы лексикалық варианттар фразеологизм варианттары ішіндегі ең өнімдісі, көлемдісі деп айтуға болады. Шығарма тіліндегі фразеологизмдердің лексикалық вариантының тірек компоненті біреу ғана болып, қалғандары басқа сөзден тізілген және мағыналары бір-біріне жақын болып келген. «Ақ Жайық» трилогиясында мағыналары бір-біріне жақын болып келген фразеологизмдер көзін тікті, көз тастады, көз қырын салды, көз жүгіртті, көз жіберді, көзімен шолды тіркестерімен берілген. Мысалы: *Жоламанов* көз тіксе *де ақыл қоспай, Ойыл офицерлерін күтіп, олардың ойламаған жерден қарсылап келген ниетін өз ауыздарынан естімекші болды*[5, 246 б.]. *Қарны ашып келгенін отырғандар айтпай сезіп, тағы да торсыққа көз қырын салған Кәрімғалиға: - Ішіп қой, бәрібір айран әкелесің ғой,- десті* [5, 161

б.]. *Көбі «енді қайсымызға кезек келер екен?» дегендей жаутаңдап командирге көз жүгіртті* [5, 150 б.]. Трилогиядағы фразеологимдердің стильдік қызметі ерекше. Шығарма тілінде олар суреттелетін оқиғалар мен құбылыстардың атын дәл беруде, сөзді түрлендіруде, айшықты етуде автор сөзінде де өзінің табиғи мағына, реңкі бойынша жұмсалғаны анық байқалады. Біреудің сөзіне назар аудармады, қарамады, ден қоймады, айтқанымен санаспады деген мағыналары бір-біріне жақын тұрақты тіркестер трилогияда төмендегідей фразеологизмдер арқылы берілген: *Мәмбет* мойнын бұрмады, *тек қана есіктен шығып бара жатып, басын шайқап-шайқап қойды*[5, 64 б.]. *Бірақ әйел қыз сөзіне* зер сала қоймады, *оның кім екенін, не үшін келетінін сұрап жатпай, ыңғайға көшіп: «Келсе, көрерміз қандай адам екенін, бикеш, - деді де қойды »*[5, 65 б.]. *Нұрым бұл сөзге* құлақ аса қоймады[5, 54 б.]. Х. Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясында тілдік фразеологизмдердің лексикалық варианттарының құрылымында соматикалық атаулардың рөлі ерекше болып табылады. Шығармадағы фразеологиялық тіркестер құрамында тұрақты және айнымалы бірліктер қатар кездеседі. Атап айтқанда, адамның дене мүшелерінің атаулары көбінесе тұрақты түрде сақталып, бір ойды немесе ұғымды әртүрлі варианттарда жеткізу үшін басқа компоненттерді алмастыра отырып қолданылады. Мысалы, кейіпкердің физикалық бейнесі мен ерекшеліктерін сипаттау барысында: «Оның орта бойлы денесін, бет әлібін, тіпті оң жақ құлағының түбіндегі кішкене айшық таңбасын да жіті көздер айыра қамтып жатыр.» Сондай-ақ, эмоционалды теңеулер мен зәрлі сипаттамалар арқылы тұқымдық, әлеуметтік немесе мінездік ерекшеліктер көркемдік реңкпен жеткізіледі: «Жылан көз сұлтан...» – бұл теңеу бүтін Қаратай тұқымына тағылған кінә сияқты әсер қалдырады. Х. Есенжанов шығармашылығы қазақ көркем прозасының тілдік ерекшеліктерін дамытып, әдеби тілдің көркемдік дәрежесін тереңдетуге жол ашты. «Ақ Жайық» трилогиясы арқылы автор халыққа мәдениеттіліктің, сауаттылықтың даму бағыттарын көрсетіп қана қоймай, қазақ тілінің тазалығын, ажарлылығын сақтауға және оны байытып, көркемдік әсерін арттыруға өз үлесін қосты. Трилогияда фразеологиялық қазынаның мол қолданылуы – тек тілдік құрал емес, сонымен бірге көркемдік құрал ретінде тиімді пайдаланылған. Автор халықтық сөздік қордан алынған тұрақты тіркестерді өзінің шығармашылық мақсатына қарай өзгертіп, жаңа мән-мағына беріп, проза тілін байыта түскен. Мысалы, кейіпкердің үрейленіп, қорқуы эмоционалды түрде келесідей бейнеленеді: «Хакімнің кенет жүрегі аузына шығып, демі бітіп бара жатқандай тынысы тарыла түсті. Жүрегі төбесіне шығып, қорыққаннан қалш-қалш етіп дірілдеді.» Бұл тіркестер авторлық өзгерістерге ұшырап, ерекше эмоционалды реңкке ие болған. Мұндай фразеологизмдер оқырманға кейіпкер сезімін нақты, көркемдік бояумен жеткізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ шығарманың тілдік құрылымына жаңа өрнек, әсерлі тіркестер қосады. *Сәл ғана көгілдір тартқан әйнек түнде аулада жүрген жанды көзге іліктіргендей-ақ, бірақ* тамыры талғанша *тіксе де Ораздың көзіне ешбір елес шалынбады*[5, 170б.]. Бұл сөйлемдегі көркем шығармаларда жиі ұшырасатын көзі талғанша тіркесі трилогияда өзгеріске ұшырап тамыры талғанша деген тіркесімен берілген. Шығарма тіліндегі мұндай тіркестерді авторлық фразеологизмге жатқызамыз. Жазушы фразеологизмдерді ұтымды қолдана отырып, олардан жаңа мағына тудыра білген. Х. Есенжанов өз шығармасында бояуы қалың, жаттанды сөздерді қолданудан аулақ болып, көпшіліктің жүрегіне жақын, қарапайым әрі түсінікті фразеологизмдерді шебер пайдаланған. «Ақ Жайық» трилогиясында жазушы тұрақты тіркестерді контексттің қажеттілігіне қарай икемдеп, олардың мағынасын жаңа қырынан ашуға мүмкіндік берген. Бұл тәсіл арқылы сөз тіркестерінің бұрынғы тұрақты мәні сақталып қана қоймай, оларға қосымша реңк, эмоциялық және семантикалық тереңдік енгізілген. Трилогия тіліндегі тағы бір айқын ерекшелік – фразеологизмдердің сапалық өзгеріске ұшырап, жаңа сөз орамдарына айналуы. Дайын тілдік үлгілердің авторлық өңдеуден өтіп, жаңа құрылымдар мен құрамдық толықтырулар арқылы жаңғыруы, әрине, жазушы өмір сүрген дәуірдің әлеуметтік, мәдени және әдеби контекстімен тығыз байланысты. «Ақ Жайық» трилогиясындағы авторлық фразеологизмдер шығармашылық ізденістің жемісі ретінде пайда болған және олардың эмоционалды бояуы басым, қосымша мән-мағынасы маңызды рөл атқарады. Авторлық фразеологизмдер – бұл Х. Есенжановтың шығармашылық практикасынан туған өзіндік тілдік тәсілдер. Көптеген тіркестер бұрынғы әдеби дәстүрде немесе ауызша сөйлеу тілінде кездеспеген, олар жазушының тыңнан жасаған ерекше сөз тіркестері болып табылады. Мұндай жаңа тілдік бірліктер автордың ой түюінің қуаттылығын, халық тілінің байлығын терең меңгергенін көрсетеді, сонымен қатар шығарманың көркемдік шеберлігін, экспрессивті-эмоциялық реңін арттыруға қызмет етеді.

Стильдік функцияға жүктелген бұл кестелі сөздер сол кезеңнің әлеуметтік, тарихи және мәдени ерекшеліктерін бейнелейді, яғни заман тынысы мен қоғамның мінез-құлқының көркем бейнесін береді. Х. Есенжанов «Ақ Жайық» трилогиясында фразеологизмдерді қиюластыра қолдану арқылы, олардың авторлық өңделуін қамтамасыз етіп, сөз тіркестерінің көркемдік мәнін арттырған. Бұл тәсіл шығарманың тілін байыта отырып, қазақ прозасының жазба тілін жаңа деңгейге көтеруге үлес қосқан деп бағалауға болады.

Жазушы шығармасындағы бір ерекшелік – авторлық фразеологизмдердің алғашқысы литотаға (ойдың бір жерге тұрақтай алмай, жан-жаққа шашырауы), ал екінші мысалдағы фразеологизм гипербола түріндегі айшықтарға (фигураларға) (мұнда – Хакімнің елден ерек жүйрік ойлы, шешен тілді екенін тіпті күшейтіп, әсірелеп беру мақсаты көзделген) негізделген. Көп сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойды осындай шағын ғана бір тіркеспен түю Хамза Есенжановтың халық тілін жетік меңгеруімен байланысты. Қазақ прозасы тілінде жазушының ой түюінің қуаттылығын, халықтың тіл қазынасын терең меңгергендігін аңғартып, шығарманың көркемдік шеберлігін, экспрессиялы-эмоциялы бояуын арттыруға қызмет етіп тұрған ойлы тұжырымдары. Жазушының тілінде жалпыхалықтық тілдегі көркем де ойлы тұжырымдардың мол болуы олардың халық тілінің қазынасын еркін меңгергендігін аңғартып, шығарманың көркемдік шеберлігін, экспрессивті-эмоциялы реңкін арттыра түскен. Сол кезеңде бой көрсете бастаған шығарманың жалпытілдік қазынаның мол мүмкіндігін пайдаланып, өзінің көркем анасындай халқымыздың көркем мәдени қазынасы – ауыз әдебиетінің аса бай үлгілерінен нәр алып отыруы оның тілдік-стильдік көріністерін де аңғартады. Көркем мәтін түзуде фразеологизмдердің авторлық өзгеріске жиі ұшырайтыны белгілі. Хамза Есенжанов жалпыхалықтық қордағы фразеологизмдерді тек дайын күйінде, бүтіндей емес, сөйлемнің ішкі мазмұнына орай өзгертіп, өңдеп те пайдаланған. Қазақтың жазба шығармасы мен оның тілінің шын мәніндегі дамуы араға көп уақыт салмай, бірден дерлік көркемдік сипат алды десек, оның бір ұшы қазақ жазушысының әуелден-ақ жалпыхалықтық тілдің сөз байлығын қолдануда әр түрлі стилистикалық тәсілдерге жиі баруында. Жалпыхалықтық тілдегі фразеологизмдерді жазушы «Ақ Жайық» трилогиясында өзгертіп, өңдеп, мағыналарын жаңғыртып қолдануының жолдарын кездестірдік. Жазушының тіліндегі фразеологизмдердің бұл өзгерісі құрам-құрылымы жағынан да, мағыналық жағынан да болуы мүмкін. Фразеологизмдердің авторлық мақсатқа сай қолданылу құбылысы, яғни тұрақты тіркестердің әр түрлі стилистикалық тәсілдер арқылы трансформацияланып, мағыналық және құрылымдық жағынан өзгеріске ұшырап қолданылуы зерттеушілер – Н.Уәлиұлы, Ә.Қайдар, Т.Қоңыров, М.Белбаева, Е.Бектұрғанов, т.б. еңбектерінде талданады.

Фразеологизмдер бір бүтін сөз бірлігі ретінде қолданылуы жағынан лексикалық сөз бірлігіне, яғни жеке сөзге ұқсайды. Жалаң сөз де, күрделі сөз де сөйлеу кезінде жасалмайды, даяр құрылыс материалы ретінде сөйлемнің құрамына енеді. Мәселен, *бала, балалы, балалық, балалау, бала-шаға*, *балажан* тәрізді сөздер сөйлемнің құрамына енгенде бұлар түбір морфемаға жіктелмейді, әрқайсысы бір бүтін сөз бірлігі ретінде жұмсалады. Фразеологизмдерді де дәл осы сияқты құбылыс деп тану керек. Бұлар бірнеше сөздің тіркесіне құрылғанымен, тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан дербес мағыналық бөлшектерге бөлінбейді, сөйлегенде тұтас күйінде қаз қалпын бұзбай қолданылады. Мысалы, *жер аяғы кеңіді; жерге қаратты; жерден алып, жерге салды; жерден жеті қоян тапқандай; жер ортасына келген адам; жер-көкке сыйғызбады* т.б. [6, 118б.]. Трилогиядағы етістік мағыналы фразеологизмдер формасы жағынан біркелкі келмеген. Негізінен етістік мағыналы фразеологизмдердің құрылымы есім мағыналы фразеологизмдерге қарағанда күрделі болып келеді. Сонымен қатар мұндай фразеологиздер де «Ақ Жайық» трилогиясында парадигмалық өзгеріске икем келіп жазылған. Шығарма тіліндегі бұл фразеологизмдер етістіктің грамматикалық категорияларына ие болып, бірақ түрлену дәрежелері жағынан әртүрлі болып қолданылып келген. Осыған орай олар екі топқа бөлініп қарастырылған. Шығарма тілінде парадигмалық жартылай түрленетін етістік мағыналы фразеологизмдер етістіктің салт немесе сабақтылық, болымдылық не болымсыздық категориясы бойынша түрленіп келген. Шығарма тілінде салт формада жұмсалғаны: Дмитриевтің көзі жайнап кетті, өңі сұрлана түсті, оң жақ беті жыбыр ете қалды. Сабақты етістік формасында келгені: Қазақ «Шіркін, әділ би екен, қара қалды қақ жарған әділ екен», - дейді. Болымды формада айтылғаны: Қадалған жерінен қан алған бұл сүлік бір шөкім болса да шай алмай үйден шықпас деген екі жақты пікірдің төңірегінен алыстай алмады. Болымсыз формада айтылғаны: Оның бұл сөзіне Қадес құлақ қоймады.

Құрастырушы сөздердің байланысының сипаты жағынан және білдіретін жалпы мағынасы жағынан фразеологиялық сөйлемшелердің кәдімгі еркін сөз тіркестерінен немесе сөздердің жалпы тіркеуінен ешбір айырмашылығы жоқ десе болады. Бұлардың бір-бірінен айырмашылығы басқа жағында. Еркін сөз тіркестері мен сөйлемдер сөйлеу кезінде жасалса, фразеологиялық сөйлемшелер, жалпы фразеологиялық оралымдардың басқа түрлері сияқты, өзінің тұрақты құрамымен мағынасы бар даяр единица ретінде сол қалпында жұмсалады. Мысалы, *Оқытқаның бала, -оқытқаның кітап* деген сөйлемді сөйлеуші адам жеке сөздерді тілдің грамматикалық заңдары бойынша бір–бірімен тіркестіру арқылы сөйлеу кезінде құрастырса, *Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады* деген фразеологиялық сөйлемшені жадында сақталған қалпында, шып–шырғасын бұзбай, даяр күйінде қайталайды [7, 158б.] Араб халқы су арқылы жастық шақтың қуаттылығын білдірсе, қазақ «жалынды жастық шақ» деген тіркес арқылы жастық шақты жалынды отқа теңеген[8, 143б.].

Фразеологиялану деген ұғымды еркін тіркестің я сөйлемнің, немесе құрамындағы сыңарлардың семантикалық жақтан дамып, туынды, астарлы мағынаға ие болуы деп түсіну керек. Сыңарлардың өзара мағыналық тәуелділігі арқасында бүтін сөз тіркесі я сөйлем жаңа мағынаға, ауыс мағынаға ие болады. Сөз тіркесі немесе сөйлем астарлы мағынаға құрамындағы сыңарлардың семантикалық өзгерісінің ықпалынан өтеді де, келе-келе бүтін оралымның мағынасы орныгады. Фразеологизмдердің «құрамындағы сөздер мағыналық та, грамматикалық та дербестігінен айырылады» [9, 169б.].

Шет тілін оқу барысында студенттердің өзін-өзі бағалауы, өздеріне деген сенімдері аса маңызды. А. Сейдикенованың пікірінше, шет тілін оқытудағы маңызды критерийлердің бірі – студенттердің мазасыздық деңгейі. Әсіресе онлайн сабақ беру барысында шет тілін оқитын студенттер мазасызданып, «тілдік барьерден» өте алмай қалады екен [10,243 б.] Ал қазақ тіліндегі фразеологизмдерді шет тіліне аудару қиындық тудырады. Көркем шығарманың тілін және оның көркемдік бейнелеу тәсілдерін зерттегенде, біз алдымен жеке шығармаларды жазу үстіндегі авторлық стильге назар аударамыз. Автордың тілі – тек ойды жеткізу құралы ғана емес, сонымен бірге шығарманың көркемдік ерекшелігін, идеялық мазмұнын және эмоционалды реңін қалыптастыратын басты элемент болып табылады. Әлемнің қай халықты алсақ та, оның сөз өнері белгілі дәрежеде дамып, өзіне тән тілдік-әдеби дәстүр қалыптастырған. Қазақ халқының сөз өнері бірнеше ғасырлар бойы дамып, жетіле келе, ең алдымен жалпы халықтық тілді байытты, оған көркемдік реңк пен мәнерлілік қосып, сөздің дыбыс, мән және композициялық үйлесімін тереңдетті. Халық тіліндегі көркемдегіш элементтердің бір саласы – тұрақты тіркестер, яғни фразеологизмдер. Бұл тілдік бірліктер тіл тану ғылымының аясында жеке зерттелетін бағыт болып табылады және олардың зерттелуі тілдік жүйенің құрылымдық, семантикалық және стильдік қырларын түсінуге мүмкіндік береді. Х. Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясында халық тілінің осы байлығы кеңінен қолданылған. Жазушы тұрақты тіркестерді өзінің шығармашылық мақсаттарына сай таңдап, қажетіне қарай бейімдеген. Осы тәсіл арқылы туындының тілі көркемдік реңімен, эмоционалды экспрессиясымен, әрі халық тілінің көркемдік дәстүрімен үйлескен. Осылайша, Х. Есенжановтың шығармашылығында фразеологизмдер тек тілдік бірлік ретінде ғана емес, сонымен бірге көркемдік құрылымның маңызды элементі ретінде қызмет етеді. Автордың шығармашылық стилі, тілдік таңдау және тұрақты тіркестерді қолдану тәсілі қазақ көркем прозасының дамуына зор үлес қосқанын көрсетеді. Бұл тілдік байлықты пайдалану шығарманың көркемдік мәнін арттырып, оқырманға ой мен сезімді терең әрі әсерлі жеткізуге мүмкіндік береді.

Тұрақты тіркестерді жазушының өз қажетіне сай талғап, жаңғыртып қолдануы, оның ой-пікіріне, эстетикалық талғамына, қоғамдық-саяси, философиялық көзқарасына сәйкес болады. Шығыс халықтарының «Нәзира» дәстүр өнеріндегі бұл туындылар жаңа көркемдік формаларға ие болды. [11,3 б.] Х.Есенжанов – фразеологизмдерді мейлінше мол қолданған суреткер. Қаламгер тілінің лексикалық байлығының бір қырын фразеологизмдер танытады. Тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілдің «өткірлігі дегеніміздің» айрықша көрінер жері осы – фразеологизмдер маңы. Жазушының «Ақ Жайық» трилогиясынан да, тілдің осы халықтық элементтерінің сан түрін табуға болады. Яғни қаламгердің өзі сөйлеудің халықтық формасын пайдалануға бейім. Көркем шығарма тіліндегі фразеологизмдерді талдау, сараптау арқылы әдебиеттану жағынан қаламгердің жеке даралық стилін тануға, тілдік жағынан стиль жасаудағы тілдік тәсілдердің қолдану ерекшелігін айқындау мүмкіндігі туды. Фразеологизмдік

оралымдардың эмоционалдық-экспрессивтілік реңкінің ерекшеліктерін авторлық баяндау болсын, кейіпкер тілі болсын, не табиғат суреті болсын бәріне де өзіндік стильдік әр береді. Мақалада Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясындағы үшінші кітаптан фразеологизмдердің нәр алушы қайнар көздері анықталып, олардың жазушы тіліндегі қолданылу ерекшеліктері қарастырылды.

Қорытынды. XX ғасырдың басында қазақ әдеби тілінің тарихында маңызды кезең басталды. Сол уақыт аралығында көркем шығарманың тілі қысқа мерзім ішінде шынайы жазба көркем прозаның сипаттарына ие бола бастады. Сол кезеңнің көрнекті өкілі Хамза Есенжанов және оның «Ақ Жайық» трилогиясы қазақ әдеби тіліндегі фразеологиялық жүйенің дамуын айқын көрсететін шығармалардың бірі ретінде танылды. Бұл туындының көркемдік ерекшелігі оның тілдік-стильдік құрылымында, яғни халық даналығынан туған көркем сөз орамдары мен фразеологизмдер, шешендік сөздердің мол қолданылуында жатыр. Алғашқы көркем шығарма тілі осындай бай лексикалық құралдарды белсенді пайдалануымен ерекшеленеді. Фразеологизмдер әдеби тілдің маңызды бірлігі ретінде өз қызметін тек сөздік мәнде ғана емес, сонымен қатар тілдің тарихи, мәдени дамуын көрсететін аккумулятивтік құрал ретінде де атқарады. «Ақ Жайық» трилогиясындағы көркем кестелі фразеологизмдер арқылы салынған бейнелі суреттер, проза тілінің стилін халықтық тіл үлгісінде қалыптастыруға ықпал еткенін дәлелдейді. Сондықтан қазақ көркем прозасы тіліндегі фразеологизмдерді зерттеу XX ғасыр басындағы әдеби тілдің көркемдік-тілдік жүйесіндегі тірі процестерді тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Х.Есенжановтың туындыларында фразеологизмдерді жүйелі түрде талдай келе, олардың жазба әдеби тілдің дамуына қосқан үлесін бағалауға болады. Көркем шығармадағы әдеби тіл кезеңдерінің сөз байлығы мен мағыналық динамикасы, фразеологизмдерді тақырыптық топтарға бөліп талдау арқылы айқын көрінеді. «Ақ Жайық» трилогиясында қолданылған фразеологизмдердің тақырыптық бағыты сол кезеңнің өзекті мәселелеріне тікелей қатысты. Мысалы, XV–XVIII ғасырлар әдеби тілінде жиі кездесетін «әскери» фразеологизмдердің қолданылу жиілігі азайып, оның орнына қоғам, адам және табиғат тақырыптарына қатысты фразеологизмдер кеңінен қолданылған. Бұл тарихи заңдылық, себебі қоғамда адам өмірі, тіршілік және табиғат мәселелері алға шыққан кезеңде сөздік бірліктер сол мазмұндарды жеткізуге бейімделген. Фразеологизмдер тек тілдік мәнде ғана емес, сонымен қатар шығарманың әлеуметтік және рухани мәдениетін көрсетуге мүмкіндік береді. «Ақ Жайық» трилогиясындағы тілдік бірліктер арқылы біз халық даналығы мен дүниетанымын, әлеуметтік-қоғамдық болмысын, әр дәуірдің мәдени ерекшеліктерін тануға мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар, кейбір көнерген элементтердің мән-мағынасы олардың тарихи және әлеуметтік контекстін түсінуге жол ашады. Фразеологизмдердің көркемдік қасиеті – олардың эстетикалық бейнелілігінде көрінеді. Х. Есенжановтың туындыларында бұл тілдік бірліктер стильдік әшекей ретінде ғана емес, шығарманың идеялық және эмоционалды мазмұнын күшейтетін құрал ретінде қолданылады. Бейнелі фразеологизмдер арқылы қазақ қоғамының сол кездегі өмір салты, тіршілік ерекшеліктері, кейіпкерлердің психологиялық хал-жағдайы көркем тілде нақты бейнеленеді. Фразеологиялық синонимдердің қолданылуы жазушы тілінің икемділігін, байлығын арттырып, әртүрлі контекстте бір ойды түрлі қырынан жеткізуге мүмкіндік береді. Жалпыхалықтық фразеологизмдер шығарманың көркемдік ерекшелігін арттырып, оның халықтық дәстүрмен терең тамырластығын көрсетеді. Сонымен бірге фразеологизмдердің әрбірі шығарманың тілін байытып, стильдік үйлесімге ықпал етеді. Х. Есенжанов шығармаларында сөздің тарихи мәнін ғана емес, сол қоғамның әлеуметтік-қоғамдық өмірінің толық бейнесін тануға мүмкіндік беретін тілдік құрал ретінде де қызмет атқаратыны анық байқалады. «Ақ Жайық» трилогиясындағы фразеологизмдер қазақ жазба көркем тілінің дамуына сүбелі үлес қосқанын, оның стилдік, тілдік және көркемдік құрылымын байытып, алғашқы прозалық шығармалардың тілдік-стильдік жүйесін қалыптастыруға зор ықпал еткенін айтуға болады. Фразеологизмдерді зерттеу арқылы әдеби тілдің келешекте одан әрі терең қамтылуы мен көркемдік-стильдік талдаудың жаңа бағыттарын дамытуға мол мүмкіндік туады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кеңесбаев І. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» Алматы : Ғылым, 1977. - 711 б.
2. Аханов.К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1993. – 494 б.
3. Мокиенко В.М. Загадки русской фразеологии. – Москва, 1999. – 465 б.

4. Смағұлова Г. Қазақ фразеологизмдерінің варианттылығы. – Алматы, 1998. – 196 б.
5. Есенжанов Х. Ақ Жайық: трилогия. 3 кітап. Тар кезең. – Алматы: Мереке баспасы, 1988. – 368 б.
6. Болғанбаев Ә. Қазақ лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1993. – 264 б.
7. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). – Алматы, 1975. – 115 б.
8. Мухитдинов Р.С., Қожабекова Ш.Б. Араб және қазақ халқының танымындағы су ұғымының көрінісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. – №2 (73) 202. – 415 б.
9. Байтелиева Ж.Д. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі. Ф.ғ.к. ... канд.дисс.автореферaты. – Алматы, 2007. – 169 б.
10.Seydikenova A.S., Malshy M.M. Causes of foreign language anxiety in online education // Bulletin of Ablai khan KazUIRWL, Philology series. – 2022. – № 3 (66). – P. 329-337.
11.Ergasheva Ch. «Nazira» traditions in uzbek music // American Journal of Social Sciences and Humanity Research, – 2023. – 3(02), P. 1-9. https://inlibrary.uz/index.php/ajsshr/article/view/38530
12.

REFERENCES

1. Ilyas Kenesbayev. Kazakh Phraseological Dictionary. Almaty: Gylym, 1977. – 711 p
2. Kaken Akhanov. Fundamentals of Linguistics. Almaty, 1993. – 494 p.
3. Valery Mokienko. Mysteries of Russian Phraseology. Moscow, 1999. – 465 p.
4. Gulmira Smagulova. Variability of Kazakh Phraseological Units. Almaty, 1998. – 196 p.
5. Khalel Yessenjanov. Ak Zhaiyk Trilogy. Book 3: Hard Times. Almaty: Mereke Publishing House, 1988. – 368 p.
6. Abduali Bolganbayev. Kazakh Lexicology and Phraseology. Almaty, 1993. – 264 p.
7. Ilyas Kenesbayev, Gali Musabayev. Modern Kazakh Language (Lexicon, Phonetics). Almaty, 1975. – 115 p.
8. R.S. Mukhitdinov, Sh.B. Kozhabekova. Reflection of the Concept of Water in the Cognition of the Arab and Kazakh Peoples. Bulletin of Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages. – No. 2 (73), 2022. – 415 p.
9. Zh.D. Baiteliyeva. Ethnocultural Motivation of Phraseological Units Related to Horses in the Kazakh Language. Candidate of Philological Sciences Dissertation Abstract. Almaty, 2007. – 169 p.
10.A.S. Seydikenova, M.M. Malshy. Causes of Foreign Language Anxiety in Online Education. Bulletin of Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Philology Series. – 2022. – No. 3 (66). – P. 329–337.
11.Ch. Ergasheva. “Nazira” Traditions in Uzbek Music. American Journal of Social Sciences and Humanity Research. – 2023. – 3(02). – P.1-9. https://inlibrary.uz/index.php/ajsshr/article/view/38530

РЕЗЮМЕ

В данной статье впервые с научной точки зрения исследованы особенности употребления устойчивых словосочетаний в трилогии Х. Есенжанова «Ак Жайык». На основе исследований ученого - фразеолога Г. Смагуловой устойчивые сочетания в трилогии «Ак Жайык» были разделены на четыре группы. Автор указывает, что в произведении присутствуют четыре варианта фразеологизмов, а также анализирует фонетические, лексические, морфологические и лексико-грамматические характеристики фразеологизмов в творчестве писателя. Беря за основу «Фразеологический словарь казахского языка» академика И. Кенесбаева, автор объясняет значение устойчивых выражений художественного произведения. Многообразие и богатство образного выражения фразеологизмов в трилогии Х. Есенжанова «Ак Жайык» доказывается выдержками и цитатами из произведения. Автор также отмечает, что Х.Есенжанов наряду с использованием метких и ярких народных выражений, которые он перерабатывал и модернизировал, включал в свой труд и собственные авторские фразеологизмы. Эти фразеологизмы были использованы Х. Есенжановым в его трилогии «Ак Жайык» для придания языку произведения большей образности, яркой тональности, усиления эмоционально-выразительного звучания.

Целью данной статьи является определение лексико-грамматического характера фразеологизмов в языке художественного текста. Анализируя язык произведений отечественной художественной литературы, приемы создания образности, мы обращаем внимание на авторский стиль текстов. Все народы мира обладают хорошо развитым искусством образной речи. Речевое искусство нашего народа развивалось на протяжении нескольких столетий, обогащая прежде всего язык народа. Фразеологизмы же, которые используются во всех стилях, в трилогии «Ак Жайык» стали художественным инструментом для создания образности и выразительности текста, представления творческого замысла автора.

Ключевые слова: *фразеологизм, авторский фразеологизм, устойчивые словосочетания, экспрессивность, вариантность фразеологизмов.*

УДК 378.147

Байдалиев К. А., пед. ғ. к., доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан, Студенттер көшесі, 3

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРДА ОҚУ МАТЕРИАЛЫН ТОЛЫҚ МЕҢГЕРУГЕ ТАПСЫРМАЛАР ҚҰРУ ТӘЖІРИБЕСІ

ТҮЙІН

Білім беру саласына ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары мен ресурстарының артуы педагогика ғылым салаларының білім беру мазмұны жетілуі мен көлемінің ұлғаюы білім алушылардың өзбетімен оқу-танымдық іс-әрекеттермен шұғылдануға контенттердің қолжетімділігі жақсарғанымен, екінші, жағынан оқу материалдарын анықтап, талдау арқылы тапсырмаларды орындау жауаптарының мазмұнында академиялық адалдықты сақтамау, уақытты дұрыс жоспарламау, оқу үдерісін елемеу білім беру кеңістінінде кеңінен талап келеді. Осы көкейтесті мәселені шешуге бағытталған тәсілдің бірі – педагогикалық оқу пәндерінің оқу тапсырмаларын қайта зерттеп, білім алушылардың қысқа мерзімде нақты, дәл, анық орындауға арналған оқу материалдарын тәжірибеге қажеттілігіне сәйкес түйінді дидактикалық бірліктерін бірізді және жүйелі бақылау сұрақтарын мөлшерлеп, оқу тапсырмаларын құруды қарастырады.

Педагогикалық тәжірибеде «Педагогикалық ғылыми-зерттеудің негіздері» курсының білім беру мазмұнын терең талдап, әрбір тақырыптары бойынша түйінді оқу бірліктерін анықтап, оларды бақылау сұрақтары ретінде оқу тапсырмалары құрылды. Қашықтан оқыту технологиясында оқитын білім алушыларға түйінді оқу материалдары бойынша мәнді 4 -5 бақылау сұрақтарынан құралған бір тапсырма ұсынылды. Күндізгі бөлімде оқитын студенттер сол бақылау сұрақтары бойынша топтық формада белсенді әдістерді қолданып, жауаптарын өзара анықтап, талқылап ұсынуға дағдыланды.

Құрылған оқу тапсырмаларын білім алушылар орындау барысында екі рет бақылау жүргізіліп, оның тиімділігін анықтауға критерия – білім беру мазмұнын толық меңгеру деңгейі болып табылды. Осы өлшемшарт бойынша бақылау көрсеткіштері ранжирленді, шәкілдері белгіленді, сапалық мазмұны құрылды. Алынған көрсеткіштерді статистикалық өңдеудің нәтижесінде екі бақылаудан алынған мәндердің өзара айырмашылығы бар, сенімді екендігі, көрсеткіштердің арасындағы тәуелділіктің жоғары болғанын Вилгогсон критериясы, Спирмен корреляция әдістерімен анықталды.

Түйін сөздер: *білім беру мазмұны, дидактикалық бірлік, дидактикалық материал, оқыту, өлшемшарт, білім деңгейі*

ABSTRACT

The growth of information and communication technology (ICT) resources in education, the improvement of the content of pedagogical disciplines, and the increased accessibility of educational content expand opportunities for students' independent learning and cognitive activities. At the same time, educational practice increasingly reveals problems related to violations of academic integrity, ineffective time management, and insufficient attention to the learning process. One way to address this issue is to reconsider the structure of learning tasks in pedagogical disciplines. This approach involves developing assignments based on key didactic units oriented toward practical needs, as well

as their systematic support through control questions that enable students to complete tasks more clearly and meaningfully.

In the experimental study, an analysis of the content of the course *"Fundamentals of Pedagogical Research"* was conducted. For each topic, key learning units were identified, on the basis of which assignments in the form of control questions were developed. Students studying through distance learning were given a task consisting of 4–5 control questions based on key learning materials. Full-time students worked with these questions in groups, applying active learning methods, discussing and jointly formulating their answers.

To evaluate the effectiveness of the developed assignments, two rounds of assessment were conducted. The main criterion was the level of mastery of the educational content. The indicators were ranked and analyzed. Statistical processing of the results using the Wilcoxon test and Spearman correlation method revealed significant differences between the results of the two measurements and a high level of dependence between the indicators.

Keywords: *educational content, didactic unit, didactic material, teaching, assessment criteria, level of knowledge.*

Кіріспе. Білім беру саласында қолжетімді ақпараттық технологияның, құралдардың, олардың қызметтерінің үздіксіз, қарқынды жетіліп дамуы, оқу материалдарының алуан түрлері мен саны пайда болып, өнім сипатының өзгеруіне де алып келіп отыр. Солардың бірі оқу үдерсін ұйымдастыру мен білім алушының өзбетімен оқу-танымдық іс-әрекеттермен шұғылдануға ақпараттық коммуникациялық-технология құралдарының көмегімен цифрлық білім беру платформалары мен сервистері кеңінен таралып[1], білім алушылардың танымдық әрекетпен шұғылдану қолжетімділігі әлдеқайда артуына мүмкіндіктер туды. Соның нәтижесінде педагогика ғылымы салаларының білім беру мазмұны мен оны үйрету құралдары да әртүрлі теориялар, тұрғылар мен заманауи тұжырымдар негізінде зерттеліп, алуан түрлі ғылыми еңбектер, оқулықтар, оқу және әдістемелік құралдар түрлі форматтарда орындалып, Қазақстанның барлық білім беру деңгейлерінде кеңінен тәжірибелеуге ұмтылып келеді.

Соның бір тәжірибесі – білім алушылардың өзбетімен оқу-танымдық іс-әрекеттермен шұғылдануға арналған оқу материалының тапсырмасын заманауи сипатта құрылымдауды зерттеу болып табылады. Осы мәселеге негіз болған, қазіргі кезде білім алушыларға ұсынылатын білім беру мазмұнын меңгеру, оқу тапсырмаларын тәжірибелік, семинар, өзіндік сабақтарда орындау көлемі, мазмұны, сипаты, сапасында болып отыр. 2020 жылдан бері оқу үдерісін онлайн форматта, қашықтан оқыту технологиясында жүзеге асырудың ықпалы білім алушылардың оқу материалын толық игеруге, оқу тапсырмаларын толық орындауға жауапкершіліктері төмен, интернет желісіндегі кез-келген оқу материалын іздеу, табу, талдамай, сараламай қабылдау, ұқсастық белгілерін ғана айқындау, тапсырма жауабына сәйкес дайын оқу материалын ұсына салу, адалдық қағидатын сақтамау, бақылау, тиянақтылық пен ұқыптылық талаптарын елемеу, уақытты тиімсіз басқару сияқты белгілердің орын алуы кеңінен таралып келеді. Білім алушылардың ортасында мұндай құбылыстар шетелдердің кәсіби білім беру оқу орындарында да жиі байқалатын күйлерді «прокрастинация» ұғымымен түсіндіруге ұмтылып, оның білім алушының қасиетінде жаңа жағымсыз құлықтардың пайда болуына, оның салдары тұрмыстық, академиялық, әлеуметтік және психологиялық дағдарыстармен ұштасуын зерттеу қажеттіліктен туындап отырғанын алға тартады[2]. Білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындау уақыттарын шегеру,созу, бос уақыттарын дұрыс пайдаланбау, басым ойын-сауық, көңіл көтеруге бағыттауды әдеттендіруде. Н.Б. Завьялова және О.В. Сагиновалар өз еңбектерінде білім алушылардың жобалық сипаттағы тапсырмаларды орындауда да жалтару себептерін жиі айтып, құлықтарының өзгеруін байқап, ондай санаттағы білім алушыларды типтерге бөлген «халявщиков», «диктаторов», «прокрастинаторов» и «жалобщиков» [3].

Қашықтан оқыту үдерісіне дайындалған оқу тақырыптары бойынша ұсынылған оқу тапсырмаларының жауаптары басым әр түрлі ақпараттық құрал көздерінен оқып, меңгермей, талдамай, сараламай көшіру әрекеттеріне дағдылануда. Кейбір дара оқу тапсырмаларын білім алушылар жасанды интеллект көздерінің көмегімен орындау кеңінен таралып келеді. Соңғы құбылыс қазіргі кезде кеңінен бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігінде, әсіресе, жоғары оқу орындарында кеңінен қызу талқыланып, білім алушылардың оқу тапсырмаларын өзбетімен, түпнұсқалы өнімдер жасаудың тәсілдерін қарастыруда.

Осы жоғарыдағы мәселені зерттеуге педагогикалық тәжірибе жүргізу қисындылықпен жанасып, оның қайшылықтарын құру анықталды: ақпараттық құралдар көзіндегі алуан оқу материалдарының қарқынды көбеюі білім алушыларының кәсіби біліктілігін арттыруға қол жеткізу мүмкіндігінің артуы мен білім алушылардың тақырыптық оқу тапсырмаларының шартына сәйкес сапалы жауаптармен қамтамасыз ету деңгейінің төмендеуі; оқу курстарының тақырыптық оқу тапсырмаларының білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы мен қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған кәсіби құзыреттер мен жасампаздықтарды қалыптастыруды мүдделеген оқу тапсырмалары құрып қамтамасыз ету арасында.

Зерттеуді жетекші идеясы білім алушыларды кәсіби құзыреттілік пен жасампаздыққа баулуға оқу курсының білім беру мазмұнын толық меңгеруді қамтамасыз ететін оқу материалдарымен бірге, кәсіби еңбегінің бейнесінде материалдануға бағытталған оқу тапсырмаларымен үйлесімдікте жанастыру болып табылады.

Зерттеудің мақсаты жалпы кәсіби және әдістемелік оқу курстарына арналған білім алушылардың кәсіби еңбегінің теориялық негіздерін толық меңгеру мен оның жүзеге асуын қамтамасыз етудің оқу тапсырмаларының мазмұнын заманауи құрылымдау түрін жасау және тәжірибеде тексеру. Көзделген мақсатқа жетуге бағытталған **зерттеудің міндеттері** төмендегідей анықталды: Заманауи білім беру кеңістігіндегі білім беру мазмұны аясында дидактикалық материалдарды жасаудың теориялық негіздері мен әдістемелік тәжірибелеріне талдаулар жасау; Педагогикалық және әдістемелік оқу курстарының білім беру мазмұнын білім алушылардың толық игеруін қамтамасыз ету мен кәсіби тәжірибесінде жасампаздыққа дайын дағдларын бейнелейтін оқу тапсырмаларын және олардың тиімділігін анықтау өлшемшарттарын құру; Білім алушылардың оқу курстары бойынша білім беру мазмұнын толық меңгеруді қамтамасыз ете, олардың кәсіби құзыреттілік дағдыларына баулуға арналған оқу тапсырмаларын тексеруге педагогикалық тәжірибе жүргізу, алынған зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу және талдау.

Зерттеудің болжамы: оқу курстары бойынша білім алушылардың білім беру мазмұнын толық меңгеруді қамтамасыз ете, олардың жасампаздық дағдыларын баулуға арналған оқу тапсырмаларын жаңа сипата құрылымдау тиімді болады, егер: оқу курстарының әрбір тақырып бойынша білім беру мазмұнының түйінді оқу элементтері бірізді және жүйелі оқу тапсырмаларында нақты, айқын анықталып ұсынылса; білім алушылардың кәсіби құзыреттілік пен жасампаздық дағдыларына баулуға әрбір тақырыптық оқу тапсырмаларының құрамы өміршеңдік мәселелік жағдаяттарды шешуге бағытталса.

Зерттеу әдістері. Психология және педагогика ғылымдарындағы дидактикалық материалдарды құрудың теориялық, дидактикалық, әдістемелік негіздерін еңбектерге, оқу орындарының әдістемелік тәжірибелерін және қашықтан оқытуға арналған оқу-әдістемелік құжаттарға талдаулар, жалпыламалау, жүйелеу, қорытындылау жасау; білім алушылардың оқу материалын толық игеруді қатмамасыз ететін, олардың жасампаздық пен кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға ықпал ететін оқу тапсырмаларын моделдеу және оның тиімділігін анықтауға педагогикалық тәжірибе ұйымдастыру; педагогикалық тәжірибеден алынған статистикалық көрсеткіштерді математикалық әдістермен өңдеу, алынған нәтижелерді талдау және қорытындылау.

Зерттеу материалдары. Педагогикалық ғылым салалары бойынша зерттеліп, тәжірибеге ұсынылған жаңа білім беру мазмұны болашақ педагог кадрларды даярлауға анықталған әдіснамалық, теориялық, дидактикалық және әдістемелік негіздері жүйелі құрылған оқу элементтерінен құралады. Оның құрамына ұғымдық аппарат, заңдар мен заңдылықтар, құбылыстар мен нысандардың арасындағы өзара байланыстарының себеп-салдары, қағидалар мен шарттар, ережелер мен нұсқаулықтар, қызметтер мен құралдар, формалар мен әдістер, құралдар мен жүзеге асыру тәсілдері, приемдар мен алгоритимдер кіреді. Бұл білім беру мазмұны болашақ пән мұғалімдерінің кәсіби еңбегінің іс-әрекеттерінде шынайы бейнеленумен бірге, олардың жасампаздықта оқу-тәрбие үдерісінің, бала тұлғасының қажеттіліктерін заман талабына сәйкес қанағаттандырудың жаңа өнім түрлерін құруға, өзінің кәсіби өсу мүддесін қорғап, еңбекке жарамдылығын қамтамасыз етуге және дамуға мүмкіндіктер береді. Осыны ескере, білім алушылардан оқу үдерісінде оқытушылар қауымы үздіксіз оқу материалдарын жетілдіре отырып, олардың оқу материалын толық меңгеруге бағытталған оқу тапсырмаларының құрылымын жаңа сипатта құру кәсіби еңбегінің міндеттері болып табылады.

Қазіргі таңда болашақ пән мұғалімдерін даярлауға бағытталған қолжетімді оқу материалдарының қарқынды көбеюі мен жетілуі ақпараттық құралдардың қызметтерінің дамуы, оның көзіндегі білім беру мазмұнының алуандылығы мен әр түрлі форматтағы бейнелері оқытушылардың үздіксіз, қарқынды зерттеу әрекеттерімен дәстүрлі ұсынылған оқу тапсырмалардың құрылымы мен сипатын, қоғамдық және білім алушылардың танымдық, тұлғалық қажеттіліктерімен жанасатын заманауи сипаттағы оқу тапсырмаларын құрылымдау қажеттіліктен туындап отыр. Оқу тапсырмалар білім алушылардың білім мазмұнын толық меңгеруіне кепіл бере, олардың кәсіби құзыреттіліктер мен жасампаздығын педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асыруға дайындығын қамтамсыз етуі қажет[4]. Осы тұста Ы.Алтынсарин ұлттық Академиясының педагогикалық қауымдастығының ұсынысында контекстілі бағдарлы немесе өнімді тапсырмалардың көмегімен білім алушылардың шынайы тәжірибелермен ұштасқан білім мен тәжірибелерді үйретуді ұсынуда[5]. Осы тұста контекстілі оқыту технологиясының авторы А.А.Вербицкий, өзінің оқыту технологиясында жоғары кәіби білім беретін оқу орындарында маманды даярлау үшін оның кәсіби еңбегіндегі іс-әрекет мазмұнымен жанасқан оқыту формалары мен әдістерін ұсынған болса[6], тұлғаға бағдарлы, іс-әрекеттік және конструктивистік оқыту теориялары білім алушылардың өзбетімен танымдық және тұлғалық дағдыларын шынайы өмірдегі құбылыстар мен нысандардан құралған әрекеттік тәжірибелермен дамуын меңзеу басым орын алады[7].

Дәстүрлі педагогикалық зерттеу нәтижелерінде оқу курстарының оқу тапсырмаларын құру сипаты оқыту процесінің мазмұндық және процессаулдық бөлімдеріндегі теориялық білім мен оқыту құралдарын қолдануға қатаң, шектеулі белгілерімен көрініп келсе, заманауи зерттеулерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін қолдана, білім алушылардың өзбетімен оқу-танымдық іс-әрекеттермен шұғылданудың цифрлық ресурстарын интерактивті режимде мультимедялық сүйемелдеумен ұштасқан «виртуалды зертханалар», қиындықтарды шешудің тренажерлері, имитациялық ойындар, геймификация құралдармен, бақылау тапсырмалармен (тест) жетілдіріп, дидактикалық материалдардың сипаты теориялық білімді меңгерумен бірге, әрекеттік дағдыларды кейстік тапсырмалармен көмегімен жақсартуға ұмтылып келеді[8].

Бұл дидактикалық құралдар мен материалдар оқу тапсырмаларын құрудың оқыту мақсатына сәйкес: білімді қалыптастыру, бекіту, жалпыламалау, іскерлікті қалыптастыру, меңгерген білімді бақылау болса; қағидаларына: танымдық мотивация, қолжетімділік, өзбетіндік, даралық, көрнекілік, беріктік, проблемалылық болып анықталған[9]; қызметтеріне: мотивациялық, ақпараттық, басқарушылық, оңтайландыру кіреді[10]; шарттары мен талаптарына: оқыту мақсатына сәйкестігі, жас ерекшеліктерді ескеру, білім беру деңгейі мен дайындығына сәйкестігі, ғылым мен тәжірибенің үйлесімділігіне сәйкестігі, оқушылардың қызығушылығын арттыру және т.б.[11]. Бұл дидактиканың оқу тапсырмаларын құрудың теориялық негіздері басым көбі заманауи оқыту процесіне арналған дидакикалық материалдарды құруда сақталып, ақпараттық-коммуникациялық технологияның қызметтері мен заманауи қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған белгілердің ықпалымен өзгеру мүмкіндігі орын алуы ықтимал. Дидактикалық материалдарды құрудың теориялық негіздерімен бірге, тапсырмаларды тәжірибелік, семинар сабақтарда, өзіндік жұмыстарда орындаудың әдістемелік негіздері де белгілі. Соның ішінде оқу тапсырмаларының түрлері: мәтіндермен жұмыс, ғылыми деректерді үйрену, танымдық, күрделілік, проблемалылық, шығармашылық, көрнекілік және т.б.; қолдану ерекшеліктеріне байланысты: ақпараттық-ізендіс, нұсқаулықты, имитациялық, демонстрациялық, бақылау педагогикалық еңбектер мен тәжірибелерде кеңінен қарастырылған[12].

Олай болса, біздің педагогикалық зерттеуімізде жоғарыдағы оқу тапсырмаларын құрудың теориялық негіздерін ескере, әр түрлі форматтағы оқыту процесіне икемді оқу тапсырмаларын құрудың моделін жасай, оқу курстары бойынш оқу материалын тұтас, толық меңгеруін, тәжірибеде жүзеге асыруға бағытталған әдістемелік жағдаяттар, өзіндік әдістемелік тәсілдер мен жасампаздыққа саялаған танымдық әрекеттерді қамтамасыз етуді қарастырайық.

Болашақ педагогтарды даярлауға анықталған білім беру бағдарламаларында барлық бейіндерге арналған ортақ базалық оқу курстарына басым психология, педагогика ғылымының салалары жалпы педагогика, педагогикалық-ғылыми зерттеудің негіздері, білім беру менджменті, инклюзивті білім беру, оқыудың теориясы мен әдістемесі және дидактиканың

жеке салалары да қамтылған. Бұл теориялық және әдістемелік оқу курстарының оқу материалын толық меңгерудің қажеттілігі – мектептің оқу-тәрбиесін басқару, жоспарлау, ұйымдастыру, жүзеге асыру, бақылау, сонымен бірге, білім алушылардың танымдық және тұлғалық қасиеттеріне тән оқу-тәрбие үдерісін жүргізу, ерекшеліктерін ескеру, олармен коммуникативтік қатынастарға түсу, пікір алмасу, оқу материалын талдау, өзінің кәіби өсуін дамыту барысында бейнеленуінде. Осы теориялық білімімен жоғарыдағы кәсіби іс-әрекеттерді орындауға, өзбетімен оқу үдерісін дағдыланған әдістемелік тәсілдерді қолданумен шектелмей, білім алушылардң танымдық және тұлғалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған шығармашылықта, жасампаздықта өзінің дербес әдістемелік тәсілдерді құрып, оның жобалы мазмұнын жүзеге асыруға дайын болуы кәсіби өсуіне, сапалы білім берумен бірге, оқушылардың да өзбетімен даму тәсілдеріне үйретудің алғышарттарына кіреді.

Болашақ пән мұғалімдерін жоғарыдағы оқу курстары бойынша толық білім беру мазмұнын толық меңгертіп, іс-әрекеттік тәжірибелерді жасампаздықта даярлауға бағытталған оқу тапсырмаларын «Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру», «Дене шынықтыру мен спорт», «Визуалды өнер, көркем еңбек және дене шынықтыру» білім беру бағдарламаларында оқитын жоғары курстары «Педагогикалық ғылыми-зерттеудің негіздері» пәнінде педагогикалық тәжірибе жүргізіп келеміз. Педагогикалық зерттеуде аталған оқу курсының әрбір жеке тақырыптары бойынша анықталған білім беру мазмұнын толық меңгеруге тәжірибелік сабақтардың оқу тапсырмалары бірнеше түйінді бөліктерден құралған мазмұнда анықталып келеді. Бірінші түйінді оқу тапсырманың дидактикалық бірлігіне жаңа тақырыптың ұғымдық аппарат туралы түсінігі мен анықтамасын ұғыну; екінші түйінді бірлік – деректерді, құбылыстарды талдау мен себеп-салдарын өзбетімен анықтауға ұмтылу; үшінші, заңдылықтар мен қағидаларға сипаттама берумен бірге тәжірибеде жүзеге асырылу тәсілдерін үлгілеп көру; төртінші, білім алушылар құбылыстың немесе құралдардың түрлерін, қолдану тәсілдерін, орындалу алгоритмін тәжірибелеу; бесінші түйіндегі оқу тапсырмасы – білім алушылардың теориялық білімі мен тәжірибелік түсініктері аясында, жазампаздықта, дербес жаңа білім көзін зерттеуге, әдістемелік құралдар жасаудың жобаларын өзбетімен қарастырып, тәжірибеде сынап көру, оның сапасын бағалау дағдыларына ұмтылады.

Бұл оқу тапсырмаларының түйінді бөліктері оқу пәнінің барлық тақырыптарында толық орнықты сақтала бермеуі мүмкін. Кейбір дидактикалық бірліктер түрлері өзгеруі ықтимал. Ол оқу тақырыптарының мазмұнына, түйінді оқу элементтерінің сипатына байланысты оқытушы оқу тапсырмаларын құру барысында түйінді дидактикалық бірліктерді тыс қалдырмауы абзал. Оның себебі, оқу курсы тақырыптарының арасындағы оқу элементтері өзара байланысын, бір тақырыптың ішінде де өзара тәуелді оқу бірліктері де кездеседі. Ол оқу бірліктерін елемеу немесе қарастырудан тыс қалуы білім алушылардың оқу материалын толық ұғынуына және тәжірибеде қолдануында кемшіліктердің пайда болуына алып келуі ықтимал. Сондықтан, әрбір тақырыпқа арналған оқу тапсырмалары тәжірибеде қажетті болатын түйінді дидактикалық бірліктеріне сәйкес құрылуы орынды.

Тәжірибеде білім алушылар тақырыптың ұғымдық аппаратын, қағидаларын, қызметі мен шарттарын, деректер, оларды тану, анықтамасын айту, түйінді бөлігін анықтау, бөлу, түсіндіру, себептерін айқындау, өзара байланыстарын түсіндіру дәстүрге айналған[5].

Қашықтан оқыту технологиясына арналған оқу-әдістемелік кешенінің тәжірибелік жұмысына оқу тапсырмасын құруды тақырыптың оқу материалының мазмұны аясында жасауды ұсынайық. Алдымен тақырыптың білім беру мазмұнын анықтайық. Өйткені, білім алушылардың дәріс оқу материалы аясында олардың ұсынған жауаптары интернет желісіндегі контенттерді көшірумен немее жасанды интеллект қосымшаларынан алынған материалдар кеңінен тәжірибеленіп келеді. Білім алушылар тақырыптық оқу материалын жеткілікті меңгеруіне сенімді болу үшін оқу тапсырмасын нақты, түйінді бөліктерін ажыратып, мөлшерлеп, бірізді және жүйелеп ұсынған қисынды. Оған мысал «Педагогикалық ғылыми-зерттеудің негіздері» оқу курсының педагогикалық зерттеудің эмпирикалық әдістері, соның ішінде педагогикалық тәжірибе тақырыбына арналған оқу материалы: эмпирикалық әдістер туралы түсінік; олардың түрлері мен зерттеудегі құндылықтары және кемшіліктері, қолдану тәсілдері; педагогикалық эксперимент әдісі, оның зерттеудегі мәні мен қолдану қажеттіліктері; педагогикалық эксперименттің бағдарламасы мен әдістемесі, олардың құрылу мазмұны мен ерекшеліктері сияқты дидактикалық бірліктерден тұрады. Осы оқу материалын мөлшерлеп оқу тапсырмасын бақылау сұрақтары түрінде ұсынып, білім алушыларға нақты, қысқа сипатта

жауап беруіне арналады: а) педагогикалық зерттеудің эмпирикалық әдістеріне түсінік беріңіз және анықтамасын құраңыз; б) эмпирикалық зерттеудің түрлерін жазыңыз, анықтамаларын құраңыз, қолдану қажеттілігі мен тәсілдерін сипаттаңыз, педагогикалық экспериментте тиімді түрлерін ұсыныңыз; в) педагогикалық эксперименттің зерттеуге құндылығын түсіндіріңіз, анықтамасын беріңіз; педагогикалық эксперименттің түрлерін, педагогикалық зерттеуде эксперименттің қай түрі және не үшін қолдану себептерін түсіндіріңіз; д) педагогикалық экспериментте бағдарлама құрудың қажеттілігі мен оның құрылымдық мазмұнын түсіндіріп жазыңыз; е) педагогикалық экспериментке оның әдістемесін жасаудың қажеттілігін, құрылымдық мазмұнын түсіндіріп жазыңыз. 6 мөлшерленін құрылған дидактикалық бірліктер бір оқу тапсырмасы ретінде кесте түрінде білім алушыларға ұсынылып, оның жауаптарын қысқа, нақты және айқын түрінде түсіндіріп жазу ұсынылады.

Осы тақырып бойынша оқу материалының жалғасы келесі тақырыппен өзара тығыз ұштасады – ол педагогикалық эксперименттің кезеңдері: анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент. Бұл тақырыптың оқу материалының мазмұны: педагогикалық эксперименттің кезеңдерге бөлу қажеттілігі мен оның түрлері; педагогикалық эксперимент кезеңдерін ұйымдастыру, жоспарлау, эксперимент кезеңдерін жүргізу; анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент кезеңдерінің ерекшеліктері; анықтаушы эксперименттегі қолданылатын қосымша зерттеу әдістері, олардың қажеттілігі; қалыпастырушы эксперименттің зерттеудегі жетекші қадамдардың мазмұны мен қолданылатын қосымша зерттеудің тәжірибелік әдістерінің қажеттілігі. Осы түйінді ажыратылып мөлшерленген оқу материалдарын да жоғарыдағы тақырып сияқты білім алушыларға кесте түрінде бақылау сұрақтары ретінде жасап беру ұсынылады.

Осы үлгідегі оқу тапсырмалар күндізгі бөлімнің білім алушыларына да ұсынылып отырады. Бірақ, тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру кезінде бірінші сабақта білім алушылардың теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға белсенді әдістердің көмегімен топтық формада олардың өзара оқу материалын толық меңгеруге мүмкіндіктер жасалады. Жоғарыдағы әрбір бақылау сұрақтарын бөлек топтарға бөлініп берілді. Сол оқу тапсырмалардың жауаптарын өзара қарастыра талқылап, ұғынып, тәжірибеде қолдануға қол жеткізгеннен кейін, екінші тәжірибелік сабақта тақырыптың мазмұнына сәйкес ұғынған білімі негізінде, өздерінің курстың басында таңдаған тақырыптарын қарастыруға көшеді.

Педагогикалық тәжірибеде орындалған оқу тапсырмаларының құрылу мазмұнын тексеріп, оның тиімділігін бақылау критериясы (өлшемшарт): білім алушылардың теориялық білімді толық меңгеру деңгейі болып табылды. Өлшемшарт бойынша сапалық мазмұнын реттілігін шәкілдермен белгілеу 1 кестеде көрсетілген.

Осы өлшемшарт бойынша білім алушылардың оқу тапсырмасын орындау көрсеткіштерін анықтауға педагогикалық тәжірибеде бірнеше топтардан екі рет бақылау жүргізу анықталып, алынған мәліметтердің айырмашылықтарын тексеруге Стьюдент критериясы мен сол екі бақылаудан алынған сандық көрсеткіштердің арасындағы өзара тәуелділікті, яғни, тиімділіктің деңгейін бақылауға корреляция формуласын қолдана статисткикалық өңдеу қарастырылды.

Кесте 1 – Оқу тапсырмаларының тиімділігін анықтау сапалық мазмұны, деңгейлері мен шәкілдері.

Деңгейлер / 100 балдық шәкіл / дәстүрлі бал	Көрсеткіштер
1	2
Жоғары деңгей / 90-100 / «5»	- оқу тапсырманың мазмұнын толық қарастырып ашқан; - жауаптардың мазмұны нақты, анық, дәл жазылған; - баяндалу қисындылығы мен жүйелілігі сақталған; - құбылыстар, үдерістер, нысандар, құралдар және тәсілдері тиянақты орындалған; - құбылыстар немесе үдерістердің себеп-салдарын түсіндіре білген; - танымдық дағдыларды сәтті көрсете алған; - өзбетімен құбылыстар мен күйлерге шынайы тәжірибе үлгілерін қолдануға ұмтылған.

1	2
Орташа деңгей / 70-89 / «4»	- оқу тапсырманың мазмұнын жеткілікті қарастырып ашқан; - жауаптардың мазмұны нақты, анық жазылғаны байқалады; - баяндалу қисындылығы мен жүйелілігі жеткілікті сақталған; - құбылыстар, үдерістер, нысандар, құралдар және тәсілдері толық анықталмаған; - құбылыстар немесе үдерістердің себеп-салдарын жеткілікті түсіндіре білген; - танымдық дағдыларды көрсетуге ұмтылған; - өзбетімен құбылыстар мен күйлерге шынайы тәжірибе үлгілерін қолдану белгілері сақталған.
Төмен деңгей / 51-69 / «3»	- оқу тапсырманың мазмұнын жеткіліксіз қарастырып ашқан; - жауаптардың мазмұнында нақтылық пен айқындылық сипатталмаған; -баяндалу қисындылығы мен жүйелілігі жеткілікті сақталмаған; - құбылыстар, үдерістер, нысандар, құралдар және тәсілдері тиянақтылық толық орындалмаған; - құбылыстар немесе үдерістердің себеп-салдарын түсіндіруде орнықтылық жеткіліксіз; - танымдық дағдыларды толық көрсете алмаған; - өзбетімен құбылыстар мен күйлерге шынайы тәжірибе үлгілерін қолдануға ұмтылған.
Өте төмен деңгей / 0-50 / «2»	- оқу тапсырманың мазмұнын жеткіліксіз ашқан; - жауаптардың мазмұны талданып, сарапталып іріктелінбей жазылған; - баяндалу қисындылығы мен жүйелілігі сақталмаған; - құбылыстар, үдерістер, нысандар, құралдар және тәсілдері толық орындалмаған; - құбылыстар немесе үдерістердің себеп-салдарын түсіндіру орындалмаған; - танымдық дағдыларды көрсету мәнері толық емес; - өзбетімен құбылыстар мен күйлерге шынайы тәжірибе үлгілерін келтірмеген.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау: Педагогикалық тәжірибеден алынған нәтижелерді талдауға негіз болған зерттеуден алынған көрсеткіштерін өңдеу барысында оқу тапсырмасын сыналушылары әртүрлі деңгейде орындалғаны төмендегі 2 кестеден көруге болады.

Кесте 2 – Білім алушылардың бірінші және екінші бақылау көрсеткіштері.

Сыналушылар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Бақылау саны	Сыналушылардың бақылау балдары																			
Бірінші бақылау	60	71	70	58	62	72	62	68	85	68	68	78	60	65	85	60	60	61	85	85
Екінші бақылау	82	90	85	69	74	64	72	68	89	78	74	85	72	75	90	65	68	70	90	90

Кестеде көріп тұрғандай, сыналушылардың басым бөлігі орташа деңгейде білім деңгейлерін көрсетіп, «төмен» деңгейдегі сыналушылардың шамасы бірінші бақылауда байқалғанымен, екінші бақылауда олардың шамасы азайып «орташа» деңгейге ілгері өтіп артқаны анықталды. Ал, «жоғары» деңгейдегі білім алушылардың шамасы бірінші бақылауда орын алмаса, екінші бақылауда олардың үлесі 3 сыналушыға артқаны байқалды. Бірінші бақылаудағы білім алушылардың саны арту барысында, оларға қосымша нұсқаулықтар мен ұсыныстарды жеткізудің әсерінен, оқу тапсырмаларын орындауға тиянақтылық пен ұқыптылық танытып, оқу тапсырмаларын тек көшіру емес, оларды жете қарастырып, ұғынуға, нақты оқу тапсырмаларының түйінді оқу элементтерінің барлығын қамтып, жауаптары қысқа, анық және дәл орындауға ұмтылғаны, жауаптарды дұрыс қарастырғаны байқалады. Бірінші бақылауға қарағанда екінші бақылаудың балдық шамалары біршама жақсарғаны анықталды.

Кесте 3 – Вилкоксон рангі критериясымен екі бақылаудың арасындағы айырмашылықты анықтау.

Рангтер				
		N	Орташа ранг	Ранг жиынтығы
VAR00002 - VAR00001	- рангтер	18[a]	10,08	181,50
	+ рангтер	1[b]	8,50	8,50
	сәйкес рангтер	1[c]		
	барлығы:	20		
a. VAR00002 < VAR00001				
b. VAR00002 > VAR00001				
c. VAR00002 = VAR00001				
Статистическалық критерия[a]				
		VAR00002 - VAR00001		
Z		-3,487[b]		
Асимптотикалық мәнділік (2-жақсы)		,000		

есептеулер жүргізуде H_0 – жұмысшы болжамды растамай отырғаны анықталды.

Бірақ, осы екі бақылаудың арасындағы балдық шамалар немесе көрсеткіштердің артуы қаншалықты сенімді, олардың айырмашылықтарын анықтау үшін SPSS statistics бағдарламасын қолданып тексеруді қисынды көрдік. Педагогикалық тәжірибеде 1 топ білім алушылар болғандықтан, яғни, тәуелді немесе өзара байланысқан топ болуына байланысты және Гаус диаграмманың қисық сызығына сәйкес келмеуін ескере біз Вилкоксонның рангалы критериясы әдісін қолдану қисынды болды. Айнымалы шамалар ретінде бірінші және екінші бақылаулардың балдарын енгізіп аталған әдістің көмегімен есептегенде төмендегі 3 кестедегі мәндер шықты.

Кестеден көріп отырғандай, асимптотикалық мәніліктің шамасы 0,000 – ге тең болып отыр. Егер оның шамасы 0,05 коэфициенттен артатын болса, онда жоғарыдағы екі бақылаудан алынған шамалардың арасында айырмашылықтың болмағанын, яғни, біздің қойған болжамымыздың расталмағанын, дайындаған тапсырманың тиімділігін жоққа шығарар еді.

Олай болса, 0,000 мәнділік шамасы $P < 0.05$ шартты сақтап, оның мәні шекті коэффициенттен төмен екенін көрсетіп, екі бақылаудан алынған шамалардың арасында айырмашылықтың бар екенін көрсетіп, сенімділікті дәлелдеуге негіз болды.

Итоги по проверке гипотезы

	Нулевая гипотеза	Критерий	Знач.	Решение
1	Медиана разностей между VAR00001 и VAR00002 равна нулю.	Критерий знаковых рангов Уилкоксона для связанных выборок	,000	Нулевая гипотеза отклоняется.

Выводятся асимптотические значимости. Уровень значимости раве

Сурет 1 – Зерттеу тәжірибенің жұмысшы болжамын анықтау.

Келесі, бірінші және екінші бақылаудан алынған нәтижелердің арасындағы байланыстардың шамасы қаншалықты «әлсіз» немесе «күшті» мәнін анықтау үшін тәуелді топтарға арналған статистикалық әдіс – Спирмен корреляциясын қолдану негіз болды. SPSS statistics бағдарламасыдағы Спирмен корреляциясы арқылы есептеу жүргізуге жоғарыдағы бақылаулардағы сыналушылардың балдарын енгіздік. Есептеудің нәтижесінде төмендегідей 4 кестедегі мәндер анықталды.

Кесте 4 – Бірінші және екінші бақылау шамаларының арасындағы корреляциясы.

Корреляция			
		VAR00001	VAR00002
VAR00001	Пирсон корреляциясы	1	,765**
	Мәнділік (екі жақты).		,000
	N	20	20
VAR00002	Пирсон корреляциясы	,765**	1
	Мәнділік (екі жақты).	,000	
	N	20	20
**. Корреляция мәнділігі 0,01 деңгейде (екі жақты).			

Екі көрсеткіштердің арасындағы өзара байланыс(тәуелді) оң не теріс болуы мына шама аралықтарды көрсетуі керек -1 мен + 1. Егер байланыс 0,3 тен төмен болса - әлсіз, 0,3 тен 0,69 аралықта болса - орташа, 0,70 тен 1 – ге дейін болса – жоғары, күшті деңгейді көрсетеді. Біздің жағдайымызда кестедегі есептеу мәні 0,765 көрсетіп тұр. Ол, әрине өзара байланыстың күшті екендігін анықтап отыр. Ал, мәнділік коэффициенті 0,000 – ге тең болып отыр. Ол деген шекті коэффициенттен төмен болып, мына шартты $P < 0.05$ сақтап отырғаны анықталды. Яғни, екі бақылаулардан алынған көрсеткіштердің өзара айырмашылығы мәнді екенін көрсетіп тұр.

Олай болса, педагогикалық экспериментте білім алушылардың оқу пәні бойынша оқу материалын толық меңгеруге бағытталған оқу тапсырмаларын құру барысында оқу материалының дидактикалық элементтерін бірізді және жүйелі анықтап, түйінді бөліктерге мөлшерлеп бөліп, олардың сұрақтарына берілетін жауаптарды қысқа, нақты, айқын және дәл орындаудың көмегімен, студенттердің әрбір тақырып бойынша білім беру мазмұнын толық меңгеруге қол жеткізе алады екен. Оның тиімділік мәнін анықтау мен сенiдiлігін тексеруге жоғарыдағы Вилкоксон критериясы мен Спирмен корреляциясын қолданып дәлелдеуге ұмтылдық.

Қорытынды. Білім алушылардың оқу курстары бойынша оқу материалын толық меңгеруге арналған оқу тапсырмаларын құруға арналған педагогикалық тәжірибенің нәтижесінде мынандай қорытынды ұсынуға болады: білім беру саласында ақпараттық-

коммуникациялық технология құралдары мен ресурстарының артуы педагогика ғылым салаларының білім беру мазмұны жетілуі, көлемінің ұлғаюы, әр түрлі форматта оқу үдерісін ұйымдастыру, оқу материалын бақылау, басқа оқыту құралдарының жетілуі білім алушылардың кәсіби біліктілігін, құзыреттерін қоғамдық және тұлғалық қажеттілікке тән қамтамасыз ету мүмкіндіктері қол жетімді болғанымен, екінші жағынан, олардың оқу материалын толық меңгеруде академиялық адалдықты сақтамау, оқу тапсырмаларын тиянақты және ұқыпты орындамау, оқу үдерісін елемеу, уақытты тиіміз басқару, тапсырманы орындау уақытын үнемі шегеру мен созу нәтижесінде ақадемиялық, психологиялық, әлеуметтік, тұрмыстық дағдарыстардың пайда болуы дәстүрге айналуда; осы білім беру кеңістігіндегі құбылыстарды шешуге ықпал ететін оқыту құралдарының бірі – оқу пәндерінің оқу тапсырмаларын қайта зерттеп, білім алушылардың қысқа мерзімде нақты, дәл, анық, айқын орындауға арналған оқу материалдарын түйінді дидактикалық бірліктерін тәжірибеге қажеттілігін ескере анықтап, олардың оқу материалын толық меңгеруге тән бақылау сұрақтарын дайындап, олардың тиімділігін анықтауға педагогикалық тәжірибе ұйымдастырылды; тәжірибе барысында педагогикалық бағыттағы үш білім беру бағдарламаларындағы «Педагогикалық ғылыми-зерттеудің негіздері» курсының білім беру мазмұнын терең талдап, әрбір тақырыптары бойынша түйінді оқу бірліктерін анықтап, оларды бақылау сұрақтары ретінде оқу тапсырмалары құрылды. Қашықтан оқыту технологиясында оқитын білім алушыларға түйінді оқу материалдары бойынша мәнді 4 -5 бақылау сұрақтарынан құралған бір тапсырма ұсынылды. Күндізгі бөлімде оқитын студенттер сол бақылау сұрақтары бойынша топтық формада белсенді әдістерді қолданып, жауаптарын өзара анықтап, талқылап қарастырып отырды; құрылған оқу тапсырмаларын білім алушылар орындау барысында екі рет бақылау жүргізіліп, оның тиімділігін анықтауға критерия – білім беру мазмұнын толық меңгеру деңгейі болып табылды. Осы өлшемшарт бойынша бақылау көрсеткіштері ранжирленді, шәкілдері белгіленді, сапалық мазмұны құрылды. Алынған көрсеткіштерді статистикалық өңдеудің нәтижесінде екі бақылаудан алынған мәндердің өзара айырмашылығы бар, сенімді екендігі, көрсеткіштердің арасындағы тәуелділіктің жоғары болғанын Спирмен корреляция әдісімен анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Reima Al-Jarf AI-Generated Student Assignments and Research Papers: Perspectives of Arab Educators. Journal of Research in Computer Science and Technology, 6(2):92-98, 2024, - URL: https://www.researchgate.net/publication/380884453_Students'_Assignments_and_Research_Papers_Generated_by_AI_Arab_Instructors'_Views

2. Ahmad Bisyri Husin, Abd Majid Mohd, Mohamad Nizam , Mohamad Razali, Siti Musliha, Rabiu Muazu Patterns in assignment submission times: Analysis of factors contributing to undergraduate students' commitment to core-curriculum related course. Гелион, Volume 10, Issue 4, 2024, e26214, - URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/ pii/S240584402402245X, https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e26214.

3. Завьялова Н.Б., Сагинова О.В. Проектная работа студентов: как улучшить результат // Креативная экономика. 2017. т. 11, № 9. С. 943–952. – URL: https://www.researchgate.net/ publication/320375393_Proektnaa_rabota_studentov_kak_ulucsit_rezultat..

4. Linda D., Tom C. The Impact of Writing Assignments on Student Learning: Should Writing Assignments Be Structured or Unstructured?. International Review of Economics Education Volume 8, Issue 1, 2009, Pages 64-86, - URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1477388015300785?via%3Dihub, https://doi.org/10.1016/S1477-3880(15)30078-5

5. Теория и практика разработки образовательного контента[Электронный ресурс]. – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2024. – 160 с., - URL: https://uba.edu.kz/storage/app/media/1.6%2066666666666%20%20%20RUS%20RUS%20RUS.pdf, (Дата обращения: 08.03.26)

6. Вербицкий А.А. Контекстное обучение в компетентностном подходе // Высшее образование в России. – 2006. – № 11. – М.: Обучение – Сервис,. 2006. – 632 с. – URL; https://cyberleninka.ru/article/n/kontekstnoe-obuchenie-v-kompetentnostnom-podhode-1/viewer, (Дата обращения: 11.03.26).

7. Пустовойтов В.Н. Идеи педагогики конструктивизма и тактика личностно ориентированной парадигмы образования. Электронное научное издание (научно-педагогический интернет-журнал), 2011, - URL: http://www.emissia.org/ offline/2011/1539.htm, (Дата обращения: 11.03.26).

8. Майкл Яо В., Самуэль Д., Бенедин А., Стэнли К., Маркус С., Эбенезер Ато К Use of Digital Platforms Among University Students: A Systematic Literature Review Qeios, CC-BY 4.0 · Article, June 21, 2024,- URL: https://www.researchgate.net/publication/381626630_Use_of_Digital_Platforms_Among_University_Students_A_Systematic_Literature_Review, https://doi.org/10.32388/SQKGT5.

9. Меренков А.В. и др. Самостоятельная работа студентов: виды, формы, критерии оценки[Электронный ресурс]. — Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, 2016. — 80 с.- URL: https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/40679/1/978-5-7996-1680-9_2016.pdf, (Дата обращения: 11.02.26).

10.Krol K., Veenman S., Voeten M. Toward a more cooperative classroom: Observations of teachers' instructional behaviors. Journal of Classroom Interaction.2002. 37(2). P. 37-46, - URL: https://www.jstor.org/stable/23870410, (Дата обращения: 1.03.26).

11.Дерман И.Н. Дидактические требования к разработке заданий для самостоятельной работы студентов. – URL:https://rep.bntu.by/bitstream/handle/data/24418/380.pdf?sequence=1&isAllowed=y, (Дата обращения: 11.02.26).

12.Андрусенко В.А., Седых Т.А. Методические основы разработка дидактического материала[Электронный ресурс].. – Уфа, Международный научный журнал «Инновационная наука» № 1-2-2 / 2025, - URL: https://cyberleninka.ru/article/n/ metodicheskie-osnovy-razrabotka-didakticheskogo-materiala, (Дата обращения: 01.02.26).

REFERENCES

1. Reima Al-Jarf AI-Generated Student Assignments and Research Papers: Perspectives of Arab Educators. Journal of Research in Computer Science and Technology, 6(2):92-98, 2024, - URL: https://www.researchgate.net/publication/380884453_Students'_Assignments_and_Research_Papers_Generated_by_AI_Arab_Instructors'_Views, DOI: 10.32996/jcsts.2024.6.2.11.

2. Ahmad Bisyri Husin, Abd Majid Mohd, Mohamad Nizam , Mohamad Razali, Siti Musliha, Rabiu Muazu Patterns in assignment submission times: Analysis of factors contributing to undergraduate students' commitment to core-curriculum related course. Гелион, Volume 10, Issue 4, 2024, e26214, - URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/ pii/S240584402402245X, https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e26214.

3. Zav'yalova N.B., Saginova O.V. Proektnaya rabota studentov: kak uluchshit' rezul'tat // Kreativnaya ekonomika. 2017. t. 11, № 9. S. 943–952. – url-https-www-researchgate-net-publication-320375393-proektnaa-rabota-studentov-kak-ulucsit-rezultat.

4. Linda D., Tom C. The Impact of Writing Assignments on Student Learning: Should Writing Assignments Be Structured or Unstructured?. International Review of Economics Education Volume 8, Issue 1, 2009, Pages 64-86, - URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1477388015300785?via%3Dihub, https://doi.org/10.1016/S1477-3880(15)30078-5

5. Teoriya i praktika razrabotki obrazovatel'nogo kontenta□Elektronnyj resurs□. – Astana: NAO im. I. Altynsarina, 2024. – 160 s., - url-https-uba-edu-kz-storage-app-media-1-6-2066666666666-20-20-20rus-20rus-20rus-pdf-data-obrashcheniya-08-03-26.

6. Verbickij A.A. Kontekstnoe obuchenie v kompetentnostnom podhode // Vysshee obrazovanie v Rossii. – 2006. – № 11. – M.: Obuchenie – Servis,. 2006. – 632 s. – url-https-cyberleninka-ru-article-n-kontekstnoe-obuchenie-v-kompetentnostnom-podhode-1-viewer-data-obrashcheniya-11-03-26.

7. Pustovojtov V.N. Idei pedagogiki konstruktivizma i taktika lichnostno orientirovannoj paradigmy obrazovaniya. Elektronnoe nauchnoe izdanie (nauchno-pedagogicheskij internet-zhurnal), 2011, - url-https-cyberleninka-ru-article-n-kontekstnoe-obuchenie-v-kompetentnostnom-podhode-1-viewer-data-obrashcheniya-11-03-26.

8. Майкл Яо В., Самуэль Д., Бенедин А., Стэнли К., Маркус С., Эбенезер Ато К Use of Digital Platforms Among University Students: A Systematic Literature Review Qeios, CC-BY 4.0 · Article, June 21, 2024,- URL: https://www.researchgate.net/publication/381626630

_Use_of_Digital_Platforms_Among_University_Students_A_Systematic_Literature_Review, https://doi.org/10.32388/SQKGT5.

9. Merenkov A.V. i dr. Samostoyatel'naya rabota studentov: vidy, formy, kriterii ocenki [Elektronnyj resurs]. — Ekaterinburg : Izd-vo Ural. un-ta, 2016. — 80 s.- url-https-elar-urfu-ru-bitstream-10995-40679-1-978-5-7996-1680-9-2016-pdf-data-obrashcheniya-11-02-26.

10.Krol K., Veenman S., Voeten M. Toward a more cooperative classroom: Observations of teachers' instructional behaviors. Journal of Classroom Interaction.2002. 37(2). P. 37-46, - URL: https://www.jstor.org/stable/23870410, (Дата обращения: 1.03.26).

11.Derman I.N. Didakticheskie trebovaniya k razrabotke zadanij dlya samostoyatel'noj raboty studentov. –url-https-rep-bntu-by-bitstream-handle-data-24418-380-pdf-sequence-1-isallowed-y-data-obrashcheniya-11-02-26.

12.Andrusenko V.A., Sedyh T.A. Metodicheskie osnovy razrabotka didakticheskogo materiala[Elektronnyj resurs]. – Ufa, Mezhdunarodnyj nauchnyj zhurnal «Innovacionnaya nauka» № 1-2-2 / 2025, - url-https-cyberleninka-ru-article-n-metodicheskie-osnovy-razrabotka-didakticheskogo-materiala-data-obrashcheniya-01-02-26.

РЕЗЮМЕ

Рост ресурсов информационно-коммуникационных технологий в образовании, совершенствование содержания педагогических дисциплин и повышение доступности образовательного контента расширяют возможности самостоятельной учебно-познавательной деятельности обучающихся. Однако одновременно в образовательной практике всё чаще проявляются проблемы несоблюдения принципов академической добросовестности, неэффективного планирования времени и недостаточного внимания к учебному процессу. Одним из способов решения данной проблемы является пересмотр структуры учебных заданий по педагогическим дисциплинам. Он предполагает разработку заданий на основе ключевых дидактических единиц, ориентированных на практические потребности, а также их системное сопровождение контрольными вопросами, позволяющими обучающимся выполнять задания более чётко и содержательно.

В экспериментальном исследовании был проведён анализ содержания курса «Основы педагогического научного исследования». По каждой теме были определены ключевые учебные единицы, на основе которых разработаны задания в форме контрольных вопросов. Обучающимся дистанционной формы обучения предлагалось задание, включающее 4–5 контрольных вопросов по ключевым учебным материалам. Студенты очной формы обучения работали с этими вопросами в группах, применяя активные методы обучения, обсуждая и совместно формулируя ответы.

Для оценки эффективности разработанных заданий дважды проводился контроль. Основным критерием выступал уровень усвоения содержания образования. Показатели были ранжированы и проанализированы. Статистическая обработка результатов с использованием методов критерий Вилкоксона, корреляции Спирмена показала достоверные различия между результатами двух измерений и высокую зависимость между показателями.

Ключевые слова: *содержание образования, дидактическая единица, дидактический материал, обучение, критерии оценки, уровень знаний.*

ӘОЖ 82-1(574)

Биржан Ж.Б., филология магистрі, оқытушы, «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Жәңгір хан көшесі, 51, Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

ТҮЙІН

Қазіргі таңда қазақ әдебиеттану ғылымында ақындық шеберлік, көркемдік қуат жан-жақты зерттеу обьектісіне айналып, оның тарихына, даму процестерімен байланысты әр түрлі ғылыми еңбектер жарық көруде. Дегенмен де, әлі де болса зерттеуді қажет ететін мәселелер бар. Мақалада әдеби өлке өкілдерінің (ақын-жазушыларының) шығармашылық айдынына барлау жүргізіліп, көркемдік ерекшеліктері айқындалды. Атап айтқанда ақындық шеберлік пен

көркемдік қуатты жан-жақты зерттей отырып, оның поэтикалық ерекшеліктері анықталды. Осы мәселені көтеру арқылы әдебиеттің даму тарихындағы ақындық шеберлік, көркемдік қуаттың әдебиеттану ғылымындағы алар орнын анықтай алу мүмкіндігі туады. Зерттеу жұмысы барысында ақындар өлеңдерінің тақырыптық-идеялық негізі мен суреткерлік мұраты айқындалды. Ақындар шығармаларын зерттеуде олардың рухани мұрасы кейінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында көрсетілді. Ақындар жырларының идеялық мазмұны, көркемдік ерекшелігі талдау барысындағы ізденістер арқылы айқындалды. Ақындық сөз саптау, стильдік ерекшелікке қатысты теориялық қағидаларының мәні ашылып көрсетілді. XX ғасырдың 80-90 жылдары және тәуелсіздік жылдарында әдеби өмірге белсене араласқан М. Қажиахметов, Б. Баймұқанқызы, Ғ. Сейтақ, А. Таубаева туындыларының қазақ әдебиетінің қалыптасу жолында, сол арқылы жалпы әдебиеттану ғылымының даму үрдісінде өзіндік орын алары анық. Мақалада М.Қажиахметов, Б.Баймұқанқызы, Ғ.Сейтақ, А.Таубаеваның әдеби шығармашылығы бүгінгі көзқарас тұрғысынан зерттеліп, әдеби өлкетану шығармаларын ғылыми айналымға қосу нәтижесі қарастырылды.

ABSTRACT

Currently, in the science of Kazakh literary studies, poetic skill and artistic power have become the object of comprehensive research, various scientific papers related to its history and development processes are published. However, there are still issues that need to be explored. The article explores the creative field of representatives of the literary region (poet-writers) and defines their artistic features. In particular, through a comprehensive study of poetic skill and artistic power, his poetic features were determined. Having raised this question, it becomes possible to determine the place of poetic skill and artistic power in literary criticism in the history of literary development. In the course of the research, the thematic and ideological basis and the artistic ideal of the poets' poems were determined. When studying the work of the poets, their spiritual heritage was shown in order to promote it to the next generations. During the analysis, the ideological content and artistic features of the poets' poems were determined. The significance of theoretical provisions related to poetic word formation and stylistic features is revealed. In the 80s and 90s of the 20th century and the years of independence, M. actively participated in literary life. Kazhiakhmetov, B. Baymukankyna, G. Seytak, A. It is clear that Taubayeva's works occupy their place in the development of Kazakh literature, and hence in the development of literary scholarship as a whole. The article examines the literary work of M. Kazhiakhmetov, B. Baymukhankyna, G. Seytak, A. Taubayeva from the point of view of today, and also examines the result of the inclusion of works of literary local history into scientific circulation.

Түйін сөздер: әдеби дәстүр, талдау, саралау, салыстыру, мақал майталманы, көсемсөз зергері

Кіріспе. XX ғасырдың 80–90 жылдары мен Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңнен кейінгі уақыт аралығы ұлттық әдебиеттің дамуында ерекше маңызға ие болды. Осы кезеңде әдеби өмірге белсенді араласып, өз шығармаларымен оқырман қауымның назарын аудартқан ақын-жазушылардың қатарында М. Қажиахметов, Б. Баймұқанқызы, Ғ. Сейтақ, А. Таубаева есімдері ерекше аталады. Аталған қаламгерлердің шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен даму үдерісінде, сондай-ақ әдебиеттану ғылымының өркендеуінде өзіндік орны бар құнды рухани қазына болып саналады. Сондықтан олардың әдеби шығармашылығын бүгінгі ғылыми көзқарас тұрғысынан қарастыру, көркемдік ерекшеліктерін талдау, шығармаларына әділ баға беру және ғылыми айналымға енгізу – қазіргі әдеби өлкетану саласының өзекті міндеттерінің бірі. Қазақ поэзиясының тарихи даму кезеңдеріне көз жүгіртсек, азаматтық үнге толы, ұлттық рухты көтеретін, қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғайтын поэзиялық туындылардың әр кезеңде дүниеге келіп отырғанын көреміз. Осы тұрғыдан алғанда, Батыс Қазақстан өңірінен шыққан талантты ақындардың шығармалары ұлттық поэзияның мазмұнын байытып, көркемдік деңгейін арттыруға елеулі үлес қосқан. Атап айтқанда, М. Қажиахметов, Б. Баймұқанқызы, Ғ. Сейтақ және А. Таубаева поэзиясында туған жерге деген сүйіспеншілік, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тарихи сананы жаңғырту, азаматтық ұстаным мен адамгершілік мұраттары кеңінен көрініс табады.

Зерттеу барысында аталған қаламгерлердің сөз өнерін игерудегі ақындық шеберлігі, жазушылық қырлары, көркемдік тәсілдері мен стильдік ерекшеліктері әдеби-ғылыми тұрғыдан

сараланып, шығармаларына жан-жақты талдау жасалады. Олардың поэзиялық туындыларының жанрлық сипаты, тақырыптық ауқымы, образдық жүйесі мен көркемдік құралдары зерттеу нысанына айналады. Бұл бағыттағы ғылыми пайымдаулар әдеби өлкетану саласында өңірлік әдебиетті танудың маңыздылығын арттыра түседі. Сонымен қатар ақындардың шығармашылық мұрасын талдау барысында поэзиядағы ақындық әлем, суреткерлік мұрат, көңіл-күй иірімдері, тарихи тұлғалар бейнесі, танымдық сипаттағы ой-толғамдар мен азаматтық үн сияқты көркемдік ерекшеліктер анық байқалады. Ақындардың поэзиясында бейнелі тіл, көркем образ, ойлы мазмұн, өрнекті өлең құрылымы мен поэтикалық шеберлік үйлесім тауып, ұлттық әдебиет кеңістігінде өзіндік көркемдік өрнек қалыптастырған. Осы тұрғыдан алғанда, М. Қажиахметов, Б. Баймұқанқызы, Ғ. Сейтақ және А. Таубаева шығармаларындағы ақындық шеберлік, көркемдік қуат, поэзия тілі мен стильдік бедерлерді зерттеу әдеби өлкетану ғылымы үшін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл қаламгерлердің шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыдан зерделеу арқылы қазақ әдебиетінің өңірлік ерекшеліктерін тануға, ұлттық поэзияның көркемдік даму үрдісін тереңірек түсінуге мүмкіндік туады.

Ғылыми жұмыстың зерттелуі: Зерттеу барысында осы тақырыпқа қатысы бар қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілдері Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайлов, Б. Кенжебаев, Ә. Нарымбетов, З.Ахметов, З. Қабдолов, М. Базарбаев, Қ. Өмірәлиев, С. Қирабаев, Р. Нұрғали, А. Егеубаев, Б. Кәрібаева, С. Негимов, Қ. Алпысбаев және орыс ғалымдары В.В. Радлов, Е. Корш, Т. Ковальский, А. Поцелуевский, А. Бомбачи, М. Хамраев, В.Г. Белинский, В. Маяковский, В.М. Жирмунский, Э.Я. Фесенко, Б.В. Томашевский, М. Исаковский және т.б. зерттеу еңбектері басшылыққа алынды. Мақалада М.Қажиахметов, Б.Баймұқанқызы, Ғ.Сейтақ, А.Таубаеваның сан-салалы көркем-әдеби шығармаларына әр қырынан шолу түрінде талдау жүргізілді. М.Қажиахметов, Б.Баймұқанқызы, Ғ.Сейтақ, А.Таубаеваның көркем туындыларына қатысты ой-тұжырымдар ғылыми, әдеби тұрғыда сараланды. М.Қажиахметов, Б.Баймұқанқызы, Ғ.Сейтақ, А.Таубаева шығармаларын талдау, саралау, салыстыру арқылы ғылыми ой-пікірлер қалыптасты. М. Қажиахметов, Б. Баймұқанқызы, Ғ. Сейтақ, А. Таубаева шығармаларына, табиғатына қатысты ой-пікірлері әдебиеттанушы ғылыми көзқарастарымен алғаш рет салыстырылып зерттелді.

Ғылыми жұмыстың нәтижесі: Поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасымен танылып, қазақ әдебиетінің дамуына айтарлықтай үлес қосқан тұлғалардың бірі – көрнекті ақын, дарынды айтыскер, жалынды журналист әрі қолөнер шебері Махмет Мүтиұлы Қажиахметов. Оның шығармашылық болмысы поэзиядағы жаңашылдыққа ұмтылуымен, көркем өрнекті тіркестерге бай шынайы жырларымен ерекшеленеді. 1976 жылы әскерден оралған Махмет Қажиахметовтің ақындық талантына тәнті болған аудандық газет редакторы Бақтығұл Ойшыбаев ақынның шаңырағына келіп, ата-анасының рұқсатымен «Қызыл ту» газетіне жұмысқа алады. Махмет Қажиахметов аудармашылық қырынан да танылып, С.Есениннің «Түн», «Аққайың», Б. Пастернактың «Таңғы шақ» өлеңдерін тәржімалаған. 2010 жылы «Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстан бөлімшесінің бір топ талантты ақындардың темірқазығы» топтамасына өлеңдері енгізілген. Аудандық «Сырым елі» газетіне ақынның журналист ретіндегі мақалалары, өлеңдері жарияланып отырған. Сырым елі ақындарының «Жыр өзегі – Жымпиты» өлеңдер жинағына ақынның бірқатар туындылары енгізілген. Өзі өмір сүрген дәуірдің шынайы келбетін, қоғамның маңызды оқиғаларын қозғап, өзіндік азаматтық үн қосқан ақынның «Мінез», «Кісілік қанда», «Өлеңге болдым осы неге құмар», «Элегия», «Соқыр үміт», «Таңырқа маған, дүние», «Өзекті ой», «Экспромт», «Серт», «Мұражайда», «Қолөнер және ақындық», «Даланы аңсау», «Қазақстан – Республикам», «Мұқағали, Қасымдар-ай», «Көктемгі сезім» өлең-жырлары терең ойлылығымен, ерекше толқыныста шумақтарға, тағылымды тіркестерге құрылғандығымен ерекшеленеді.

Ақын поэзиясында арнау өлеңдер елеулі орын алады. «Тіл анасы» (Маржан Ахметқалиқызына), «Шапағатында бол Алланың!», «Жүйрікті сағыну» (Рәш Зинуллин ағама), «Редактор, жазушы-журналист Бақтығұл Ойшыбаевқа» сынды өлеңдерінде ақын танымал тұлғалардың таланты, ерен еңбегі, ізгілікті істері тұрғысында жырлайды.

Албыртыққа айырбастап дарынды,
Әр өнерден бір көрсетсем шаңымды.
Қырағы көз Толыбайдай сыншым ең,
Менің жырым көзіңе ерте шалынды.

Жан саламын жақұт-жауһар жыр үшін,
Енді ашылып келе жатыр тынысым.
Қаһарыма мінді білем шабытым,
Тасқа қайта шабылмайды қылышым [1, 251 б.] –
(«Редактор, жазушы-журналист Бақтығұл Ойшыбаевқа»)

деп автор ақындық жолдың алғашқы қадамдарын нық басуына бағыт сілтеген жазушы Бақтығұл Ойшыбаевтың сыншылық, жанашырлық, қырағылық қасиетін, азаматтық, адамдық тұлғасын мадақтай жырлайды. Дарынды ұлдың талабын шыңдап, шабытын шалықтатқан қамқор жанға інілік ілтипатын білдіреді.

Ел сенімін ақтаған дала жүйрігі, асауды тақымына басқан жылқышы ағасына арнаған ақын «Жүйрікті сағыну (Рәш Зинуллин ағама)» атты өлеңінде:

Жүйрігіне білдірген жұрты сенім,
Елге әйгілі бір кезде жылқышы едің.
Әкелші, аға, қыл арқан, дойыр қамшы,
Тақым көріп, бас білсін бір тісеуің.

Сегіз өрім қамшы бер жылан бауыр,
Құйындатып шығайын қыранға бір.
Шабытымды демеші, сөйтіп, аға,
Шарықтап бір шырқасын қыран көңіл [1, 242 б.] –

деп асау мінген ауылдағы ерке күндерін еске алып, сар далаға, жылқышы ағаға деген сағынышын жеткізе жырлайды. Қала адамының асау жылқы тұрмақ мәстек мінуге жағдайы келмейтінін күйіне жырлаған ақын тар көшеден, тас жолдан, күйбең тіршіліктен жалыққанын айтады. Өзі ұстаз санайтын мақал майталманы, көсемсөз зергері Маржан Ахметқалиқызына «Тіл анасы» өлеңін арнайды.

Зерделі істің данасы,
Кеңге қанат жайыпсыз.
Дүйім елдің анасы
Деп атауға лайықсыз.

Сіздей болсын бар ұстаз,
Сіздей болсын ақылшың.
Жаныңызбен жазушы,
Жүрегіңізбен ақынсыз [1, 235 б.] деп маржандай сөздерімен, игілікті істерімен, жанашырлығымен, мейірім нұрын төккен шуақты жүзімен жадыраған мақтаулы жанға жақсы тілектерін арнайды.

Қазақ әдебиеті тарихынан алынған материалдар негізінде дыбыстық поэзияны талдау қазіргі ауызша поэзия теориясын, атап айтқанда Герман Рапапорттың зерттеулерін ескере отырып жүргізілді. Бұл зерттеудің практикалық құндылығы шығарманың тақырыбы мен идеясына, оның құрылымдық-семантикалық ұйымдастырылуына әсер ететін поэзияның негізгі элементі ретінде дыбыстық техниканы түсінуге және түсіндіруге көмектеседі [2, 98]. Кез-келген халық, ру, тайпа ұлт болу үшін оның басынан кешірген тарихы болады. Сол секілді түркі халықтарының да өзіндік тарихы бар. Зерттеуші Айнұр Ахметова өзінің халықаралық басылымда жарық көрген мақаласында қазақ мемлекеттілігінің тарихына тоқтала келіп, баланың үлкенге құрмет, кішіге ізет, бейбітшілік пен бірлікті сақтау сынды жалпы адамзаттық құндылықтары ел болып ұйысып отырудың негізгі шарттары екенін айтады [4, 87 б.]. Әдебиеттің құндылығы – оның көркемділігінде. Әдебиеттегі өмір – қаламгердің ой-қиялына салынып, ой сүзгісінен екшеліп шыққан көркемдік әлемі. Осы көркемдік әлемнің өзіне тән «тұрғындары», яғни көркем бейнелері, кейіпкерлер әлемі болады. Адамның ішкі ой мен сезім қайшылықтарынан туындайтын сыртқы құбылыстарға ерекше ден қойып, адамтанудағы өзіне ғана тән тосын зерттеулерін жүргізген жазушы болсын, ақын болсын өз шығармаларында алуан түрлі көркемдік эксперименттерге барады. Иә, ақын өлеңдерінде қай тақырып қозғалса да негізгісі қоғам, өмір, Отан ұғымдарына барып тіреледі. Аталған ұғымдар Ғайса-Ғали шығармашылығының негізгі фоны, бастамасы секілді болып негізге алынады да, әрі қарай тарихи деректерді қазбалай, індете түседі. «Ақын поэиясының төркіндеу өрісіне келсек, автор тарихи деректі, дәлдікті сүйеді. Олай етуге себеп те бар. Өйткені ақын туған Орда өңірі -

тарихы тұнған бай өлке. Ал оның мың қатпар сырын ашу, тарихын түгендеп, таразылау - сол өлкенің ақын боп туған түлегіне және бір сын» [5, 5 б.].

Тарих қойнауында қалған Нарын құмында болған таптық күрестің алдыңғы саптағы батырлары мен үстеп тап билік басқарушысы ханмен арадағы тарихи қақтығысты ақын сол кезеңнің атаулы оқиғасы ретінде шебер бейнелеген. Ақын сол заманның батырларын өз шығармаларының кейіпкерлеріне айцналдырып, жанама суретті образдар жасау арқылы дәуір шындығын өлең өлшемінде биік дәрежеде өрнектей білген. Ақын Ғайса-Ғали Сейтақтың ел мен жер тарихын өзгелерден көбірек жырға қосуы - оның өзі туып-өскен атамекенінің кешегісіне, бабалардың жүріп өткен сүрлеу-соқпағына, қала берді тарих сабақтастығына асқан құрметпен қарайтынын аңғартса керек. Мысалы:

Құтты мекен болған-ды ол жасымда,
Таптым алғаш тіршілік олжасын да.
Мен туған үй қалқайып тұратұғын
Қалың құмның ішінде.
Дөң басында [5, 71 б.].

(«Менің үйім») деп бейнелейді. Лирикалық кейіпкер тіршілік олжасына айналған құтты мекені – Нарын құмын, құмды жердегі дөң басында қалқайып міз бақпай тұрған үйінің суретін сағынышпен еске алады. Сол сықылды «Біз Нарыннанбыз» өлеңінде:

Ол - анық,
Бәріміз де Нарыннанбыз,
Тәңір деп туған жерге табынғанбыз.
Жігіттің қалар, сірә, жүрегінде
Көк моншақ

Гүл-көктемнен тағынған қыз... [5, 61 б.]- дейді. Ақын өз өлкесін, Нарын құмын, балалық шағы өткен ежелгі тарихи мекенді сағына еске алады. «Кәрі Орданың тамырынан үзілген Мөлдіреген тамшымын ғой мен де бір» - деп сезімге беріле жырлайды.. Ал «Тамшымын ғой мен де бір» атты өлеңінде ақын өзі үшін құтты мекенге айналған, кіндік қаны тамған жері Нарын құмындағы тарихи оқиғаларға кеңінен назар аударады. Келер ұрпаққа халқының шежіресінен сыр ақтарып, өлең тілінде жеткізу – ақынның басты кредосы. Иә, шынында өршіл ақынның отты, рухты өлеңдерінде кездесетін жер-су атауларынан, туған өлке атырабының аталуынан біз оның туған жерге деген ерекше махаббатын, Отан сүйгіштігін, атамекен, құт қонысын ерекше ықыласпен жырлайтынын анық байқаймыз.

Ақын шығармашылығына назар аударушы әдебиетші ғалым, профессор С. Шарабасов: «Ғайса-Ғали – жаңа буын, республикашыл зиялы. Бөкей, Жәңгір хандығына шаң жуытпағысы кеп жалындайды. Өлеңдерінде қанды тарихымыздың терезесін жалюздеп, әйнегіне саясат әлемін салып қояды. Ақынға анда-санда халық көтерілісі бояуының бір бағанын қарастыра кеткен жөн. Халық кегі - құдай кегі екендігі - талас тудырмайтын аксиома» [6, 111 б.] – деп жазады.

Бөкей ханға Жанұзақ жыраудың жоғарыда берілген бағасын Ғайса-Ғали «Егер Бөкей көшпесе» деген өлеңінде одан әрі дамыта, кеңіте, сабақтастыра түседі:

Егер Бөкей көшпесе, жүрер едік біз қайда,
Шекараны өзге жұрт басқа жерден сызбай ма?!

Егер Бөкей көшпесе,
Еділ - Жайық бетке алып,
Құмнан аспай қалың жұрт қалар ма еді тоқталып?!
Егер Бөкей таппаса ақ патшаның көңілін,
Болжап білер кім бар - ды келер ұрпақ өмірін?!
Айтам енді бір тоқтам, сөзім емес ақырғы:

Батырлары бар елдің хандары да ақылды [5, 5 б.] - дей келе ақын Бөкей ханның ел сенімін ақтар әділ басшы болғандығын, «Егер Бөкей көшпесе жұрт шекараны басқа жерден сызып, біз (ноғай - қазақтар) қалың құмның арасында қала берер едік қой, Бөкейдің патша көңілін тапқан көрегенділігінен осы күнге жеттік» деген ұғымды түсінуге болады.

Поэзиядағы Махамбет сияқты, ғылымдағы Шоқан сияқты, майдан даласындағы Кенесары сияқты, өршіл рухына қылау түсірмей, замана тауқыметін қайыспай арқалап ғұмыр кешкен Құрманғазы Сағырбайұлының . асқақ рухы бір ғана музыка саласына сиятын құбылыс

емес. Міне, біртұтас ұлттың тегеурінді дарынын «Бейіт басындағы күй» өлеңіндегі мына бір жолдарда әсерлі жеткізеді:

Қаба алмай арғымақты,
Ит өледі...
Ұрпақтан өзге нендей сый көреді!
Танытып Құрманғазы құдіретін
Құлаққа бейіттен де
Күй келеді. [7, 26 б.] .

Қазақтың әйгілі күйші композиторы, төре күйлерінің негізін қалыптастырушы Дәулеткерей Шығайұлының да күй өнерін де алатын орны ерекше. Күйшінің сүйегі қиырдағы Қарамоладан Ордаға, хан зиратына әкеліп, Жәңгір бабасының қасына жерленеді. «Күйшіден кешірім» өлеңінде ақын Дәулеткереймен сыр ақтарысқан кейіпте «Неліктен мені тастап кетті екен?!», «Қарамоламен бірге күрсініп жатырсың ба?!»-деген сауалдарға ішкі толғаныспен жауап қатады:

Махмет Қажиахметов өлеңдері көркемдік тұрғыдан да, мазмұндық жағынан да ерекшеленіп, қазақ поэзиясының жаңа сатыға көтерілуіне өзіндік үлесін тигізгендігі айқын. Ақын поэзиясында кең қозғалған тақырыптардың қатарын ұлттық рух, қазақи болмыс-бітім, адам бойындағы ізгі қасиеттер екенін айрықша атай аламыз. Махмет ақынның азаматтық сарындағы өлең-жырлары оқырманын қайраттандырады, ерекше шабытпен жігерлендіріп, өмірге деген құштарлығын арттырады. Келер жас ұрпақты ізгі жолға баулиды, биік адами қасиеттерді қалыптастыруға, жақсылыққа жақын болуға, жамандықтан жиренуге, мақтаншақтыққа, атаққұмарлыққа салынбауға үндейді.

Жамбыңды жұлмай тынбайтын,
Жағы бір мықты жебеңмін.
Жаурынын көздеп жалғанның,
Жарқырай ұшып жөнелдім.
Нысанама нық тиіп,
Тимесем қаңғып өлермін.
.Бұйыртса жұртым бәріңе,

Қазынамды ашып беремін [1, 155 б.] – дейді талантты ақын. Махмет қазақ ұлтын, атамекенін, туған жерін, елін, қарапайым халқын, ана тілін мадақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ақтауға ұмтылған, дара қолтаңбасымен, өзіндік болмыс-бітімімен қазақ әдебиеті әлеміне соны леп әкелген ақындардың бірі әрі бірегейі. Ақынның өлең-жырларының көркемдік кестесінің келістілігі, түйінді ойларының тұщымдылығы, идея, мазмұнының құндылығы, мақсатының айқындылығы, заманмен, уақытпен тілдесетіндігі, халық мұңымен үндесетіндігі, адам өмірінің, тыныс-тіршілігінің қыр-сырын ашып, өзекті мәселелерін тіліне тиек ететіндігі, шынайылықты сүйетіндігі жаныңды жадыратып, қайғыңды сейілтіп, ерекше қуанышқа бөлеп, жігерлендіре түсетін қасиетке ие.

Кішкентай жұдырықтай ғана жүрегіне кең әлемді, асқан мейірімділікті, қайсарлықты, батылдықты, адамдықты, шынайылықты сыйғыза білген табанды ақын Б.Баймұқанқызының өлең-жырлары оқырман көңілінің сезім иірімдерін дөп басады.

Сөзбенен парқын жеткізбе мейлі, құнымның,
Тілген таспадай бағасы басым жырымның.
Тылсым тірліктің бал дәмін татқан ерінде,
Тамсап талмауға табылмас бөлек шырынмын.
Тор төбелдегі мықтысын қара айылдың,
Үзеңгі тартып ері аумай даңқым жайылдың.
Ай тұяқтарымды тарғыл тастарға жанытып,
Қабығына оттап, өзегін іштім қайыңның [8, 3-б.] *(«Өрлік»)*дейді «Өрлік» өлеңінде. Автор қарбалас заманға, ызақор адамға, мейірімсіз қоғамға мұң-наласын жеткізгісі келеді. Безбүйректік, қатыгездік бастау алған қоғаммен күресуге тырысады. Тірліктің күйбеңіне түсіп, өз-өздеріне, отбасына көңіл бөлуді назардан тыс қалдырған замандастарына жаны ашыған ақын өмірдің тәтті сәттерінен қапы қалмауға шақырады.

Ақын, журналист Ақмаржан Таубаева 1958 жылы 17 қарашада Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Қандық аулында дүниеге келген. 1976-1979 жылы Орал педагогикалық училищесінде оқыған. 1979-81 жылдары Қандық негізгі орта мектебінде бастауыш сынып

мұғалімі болған. 1985 жылы Орал пединститутын бітірген. 1981-1990 жылдары Ақжайық аудандық, облыстық «Орал өңірі» газеттерінің қызметкері. 1983 жылдан ҚР Журналистер Одағының мүшесі, «Жайық ұстазы» газетінің бас редакторы қызметтерін атқарған. 1990-94 жылдары Алматы қаласындағы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы. Қазақстан Жастар Одағында баспасөз хатшысы. 1994-1996 жж. Алматы қаласы Бостандық аудандық «Қазақ тілі» қоғамының жауапты хатшысы болған. 1994-1996, 1998-2001 жылдары Ж. Досмұхамедов атындағы педколледждің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы. 2002 жылдан «Жайық ұстазы» газетінің бас редакторы. 1998 жылы «Нұр–апасы Жайықтың», 2001 жылы «Жайықтың ақ самалы» кітаптары жарық көрді. 2001 жылы «Сорос-Қазақстан» қоры ұйымдастырған «Қазақстан әдебиеті – 2000» байқауының қорытындысы бойынша шығарылған «Күміс күйме» жинағына өлеңдері енді. 2004 жылы облыстық «Үздік аудармашы» байқауының бас жүлдегері, Халықаралық әйелдер форумына қатысушы. 2005 жылы «Қанатты әйел – 2» республикалық идеялар мен тауарлар жәрмеңкесіне «Жайықтың мөлдір сырлары» жинағын құрастырып апарды. 2004 жылы «Асыл арқау» (очерк, портрет, сұхбат, мақалалар) кітабы [9,144 б.]., 2008 жылы «Ұстаздар әлемі» сұхбаттар мен очерктер жинағы [10,118 б.]., 2011 жылы А. Таубаева құрастырған «Ұстаздар ұстаханасы» (стеліктер, мақалалар, сұхбаттар) кітабы [11, 228 б.]., ақын дүниеден озғаннан кейін 2018 жылы «Құлын дауысты жыр-әлем» атты өлең-жыр кітабы [12, 348 б.]., жарық көрді.

Көрнекті ақын, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, облыстық «Жайық ұстазы» газетінің бас редакторы болған, өлкетанушы журналист Ақмаржан Таубаева Бақытқызы шығармашылық еңбектің шаңқай тұсына көтерілген тұста өмірден озды. Оның өлеңдеріне жергілікті әдеби өлкетанушылар оң пікірлерін білдірді. Ақын туындыларына жылы лебізін арнаған жандардың бірі БҚМУ профессоры С. Шарабасов өз жазбасында «Ақмаржан Таубаева өлеңдері әуелі Алатаудан бастау алды да, сосын қазақ елінің түкпір-түкпірін еркін аралап кетті. Республиканың таланттар тәрбиелейтін «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш» газеттерінен түлеп ұшты. «Өлең – сөздің патшасы» десек, Ақмаржан патшалығында бәрі бар: қыз – тағдыр, қыз – ғұмыр, жетімділік, ел аңсау, махаббат күйігі – қысқасы, талантты қыздың өз көрген-түйгенінен ащы өлең боп өрілді» [13, 310 б.] дей келе ақынның «Өзімді қайрау», «Өзіме қарсы шығу», «Өлең», «Ауылға хат», «Жайық» қызы, «Нұр апа», «Мәтжан аға мұражайы» аталатын өлеңдерін лириканың ерекше түрлері, бұл өлеңдерде лирика – тағдыр, лирика – репортаж, лирика – дидактика элементтері барын атап көрсетеді.

Ақын, журналист Ақмаржан Таубаева, міне, осындай жолдардан сүрінбей өткен, еңбегінің бейнетін зейнетке ұштастырған қарымды қаламгердің бірі десек те болғандай. Ақмаржан, алдымен – ақын. Ақын болғанда, ол – еңбекқор, бейнетқор ақын. Үнемі ізденіс үстінде өткен ақын. Поэзияның жасыл шүйгін жайлауынан өз соқпағын іздеуден талмады. Басқаға ұқсаудан қашатындығын оның өлеңдерін оқу барысында байқай аламыз. Бір өлеңінде ол өзгелерден өз есімін шатастырмауды қалай талап етсе, шығармашылық сапарында да сол тәртіпке мойын ұсынғандай. Ақынның визиттік карточкасына ұқсайтын аталмыш өлеңін толық оқығанда ғана оның шығармашылық тұлғасын терең тануға бір табан жақындай түсеміз:

Ақмарал да, Аққенже де емеспін,
Туғанымнан Ақмаржан боп мен өстім.
Жерлестерім, шатастырма атымды,
Өзге аттармен келмейді әсте теңескім. [14, 42 б.]

(«Атымды шатастырма... Радиодағы құрбыларыма»)

Ақын дұрыс айтады: «Өзге аттармен келмейді әсте теңескім», немесе: «Атастырмай көрінгеннің атымен». Бұл, енді – мінез. Кім көрінгенмен атастырмай, шатастырмай, ешкіммен теңеспей, өз бағдарымен, өз сүрлеу – соқпағымен жол тауып жүргенге не жетсін. Олай етудің шығармашылық сапарда оңай болмасы да анық.

Шығыс дәстүрінде ежелгі дәуірден бастап Шығыс жерлерін мекендеген түркі халықтарының ортақ сюжеті мен мәдени мұрасының, фольклорлық әдебиетінің көптеген үлгілері бар [15, 251 б].

Қорытынды. Әдеби-аймақтық зерттеулер білім алушылардың рухани дүниесін қалыптастыруда айрықша рөл атқарады. Мұндай зерттеулер патриоттық сезімдерді қалыптастыруға, туған жердің әдеби өмірін танып-білуге қызығушылық тудыруға мүмкіндік береді. Көркем әдебиет тек шығарманың өзін ғана емес, оны тудырған адамдарды да танып-білуге жол ашады. Себебі әрбір жазушының өмір сүрген аймағы оның шығармашылығына тән

ерекшеліктерді сақтап, зерттеушіге шығармашылық ізденісінің кейбір қырларын түсінуге арналған құнды материалдар мен куәліктер береді. Сол арқылы әдеби өлке зерттеушілеріне шығармашылық зертхананы тереңірек зерттеу мүмкіндігі туындайды. Батыс Қазақстан өңірінің әдеби өмірі ежелгі дәуірлерден бастау алады. Бұл өңірде ұлттық поэзия мен прозаның алғашқы көріністері қалыптасқан: «Қыз Жібек» лиро-эпосы, XV–XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы, хандық дәуір әдебиеті, XIX ғасырдағы Махамбет, Шернияз, Алмажан Азаматқызы сияқты тұлғалардың шығармашылығы – бұл өңір әдебиетінің тұңғыш бастаулары ретінде саналады. Осы дәстүрлер қазіргі замандағы әдеби өлке зерттеулерінің ғылыми негізін қалыптастырады. «Әдеби өлке айшықтары: ақындық шеберлік, көркемдік қуат (М. Қажиахметов, Б. Баймұқанқызы, Ғ. Сейтақ, А. Таубаева шығармалары бойынша)» атты ғылыми зерттеу ұлттық көркем әдебиетті насихаттау, оны ғылыми тұрғыдан зерделеу және келешек ұрпаққа жеткізу мақсатындағы рухани құндылыққа ие бағдарламалық мәні бар еңбек болып табылады. Бұл зерттеу Батыс Қазақстан өңірінің XX ғасырдағы ақын-жазушылар әдеби мұрасын талдап, олардың шығармашылық табыстарын сараптап, әдеби өлкенің дамуы мен өркендеуін көрсетуге бағытталған. Сонымен қатар, зерттеу тәуелсіз Қазақстанның әдеби дамуы мен XXI ғасырдың алғашқы екі онжылдығындағы әдеби өлке қаламгерлерінің шығармашылық ізденістерін жан-жақты қарастырады. Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясын зерттеуші, профессор С. Мақпырұлы өз еңбектерінде қазіргі қазақ әдебиетін «интеллектуалдық–шығармашылық потенциалы өте жоғары, әлем таныған әдебиет» деп сипаттайды. Ол сондай-ақ: «Қазіргі әдебиетіміздегі сапалық өзгерістер тәуелсіздік талаптарынан туындайтын қажеттіліктерден шығады» деп атап көрсеткен. Бұл пікір қазақ әдебиеті пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарды негізге алу қажеттігін растайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қажиахметов М. Даланы аңсау. Кітапта: Жыр өзегі –Жымпиты. – Орал, 2006 ж. – 320 б.

2 Rapaport H. (2011) Tools for Reading Poetry1 from The Literar Theory Toolki: A Compendium of Concepts and Metods, pp. 98-133. Blackwell Publishing. ISBN: 978-1-405-17047-5 (in Eng.)

3 Akhmetova A. (2022) “Tursınhan Zakenoğlu’nun Mangitas (Bengütaş) Romanındaki “Mangilik El” (Ebedî Ülke) Kavramının Sanatsal Sunumu.” bilig, no. 100, pp. 77-97. https://doi.org/10.12995/bilig.10004

4 Сейтақ Ғ. Тек пен тамыр. - Алматы: Арыс, 2005. – 210 б.

5 Шарабасов С. Ойтолғақ: публицистикалық жазбалар, әдеби толғаныстар, арнаулар мен естеліктер / Құраст.: Мүтиев З.Ж. – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2016. – 278 б.

6 Сейтақ Ғ. Жақыным менің - жалпақ ел. - Алматы: Сөздік - Словарь, 2007. - 240 б.

7 Баймұқанқызы Б. Наздәурен: өлеңдер. - Алматы, 2001. – 84 б.

8 Таубаева А. Асыл арқау (очерк, портрет, сұхбат, мақалалар). - Орал: БҚМУ РББ, 2004. – 144 б.

9 Таубаева А. Ұстаздар әлемі. – Орал: Полиграфсервис, 200 8. - 118 б.

10 Таубаева А. Жайықтың ақ самалы. Өлеңдер. - Алматы: Жас қазақ, 2001. – 112 б.

11 Таубаева А. Құлын дауысты жыр-әлем. – Орал: Полиграфсервис, 2018. – 348 б.

12 Шарабасов С. Ақмаржан Таубаева өлеңдеріне пікір. Кітапта: Таубаева А. Құлын дауысты жыр-әлем. – Орал: Полиграфсервис, 2018. – 348 б.

13 Таубаева А. Жайықтың ақ самалы. Өлеңдер. - Алматы: Жас қазақ, 2001. – 112 б.

14 Minnegalieva A.I., Mingazova L.I., Ibrayeva A.T., Kayumova G.F. (2020) Turkish World and Literary Relations of the East // International Journal of Criminology and Sociology. No. 9: pp. 2514-2520. DOI: https://doi.org/10.6000/1929-4409.2020.09.306

REFERENCES

1. Kazhiakhmetov M. Longing for the Steppe**.** In: *The Core of Poetry – Zhympity.* Oral, 2006. – 320 p.

2. Rapaport H. (2011). Tools for Reading Poetry**.** In: *The Literary Theory Toolkit: A Compendium of Concepts and Methods.* Blackwell Publishing, pp. 98–133. ISBN: 978-1-405-17047-5.

3. Akhmetova A. (2022). The Artistic Presentation of the Concept of “Mangilik El” (Eternal Nation) in Tursınhan Zakenoğlu’s Novel “Mangitas (Bengütaş)”. *Bilig*, No. 100, pp. 77–97. https://doi.org/10.12995/bilig.10004

4. Seitak G. Origin and Roots. – Almaty: Arys, 2005. – 210 p.

5. Sharabasov S. Oytolğaq: Publicistic notes, literary reflections, dedications and memoirs / Compiled by Z. Zh. Mutiev. – Oral: M. Utemisov West Kazakhstan State University Publishing Center, 2016. – 278 p.

6. Seitak G. My Dear – My Broad Nation. – Almaty: Sozdik–Slovar, 2007. – 240 p.

7. Baimukankyzy B. Nazdauiren: Poems. – Almaty, 2001. – 84 p.

8. Taubaeva A. Asyl Arkau (essays, portraits, interviews, articles). – Oral: WKSU Publishing House, 2004. – 144 p.

9. Taubaeva A. The World of Teachers. – Oral: Polygraphservice, 2008. – 118 p.

10.Taubaeva A. The White Breeze of the Zhaiyk: Poems. – Almaty: Zhas Kazakh, 2001. – 112 p.

11.Taubaeva A. The World of Colt-Voiced Poetry. – Oral: Polygraphservice, 2018. – 348 p.

12.Sharabasov S. A Review of Akmarzhan Taubaeva’s Poems. In: Taubaeva A. *The World of Colt-Voiced Poetry.* – Oral: Polygraphservice, 2018. – 348 p.

13.Taubaeva A. The White Breeze of the Zhaiyk: Poems. – Almaty: Zhas Kazakh, 2001. – 112 p.

14.Minnegalieva A. I., Mingazova L. I., Ibrayeva A. T., Kayumova G. F. (2020). Turkish World and Literary Relations of the East. *International Journal of Criminology and Sociology*, No. 9, pp. 2514–2520. https://doi.org/10.6000/1929-4409.2020.09.306

РЕЗЮМЕ

В настоящее время в науке казахского литературоведения поэтическое мастерство и художественная сила стали объектом всестороннего исследования, публикуются различные научные труды, связанные с его историей и процессами развития. Однако есть еще вопросы, которые необходимо изучить. В статье исследуется творческое поле представителей литературного региона (поэтов-писателей) и определяются их художественные особенности. В частности, путем всестороннего изучения поэтического мастерства и художественной силы были определены его поэтические особенности. Поставив этот вопрос, появляется возможность определить место поэтического мастерства и художественной силы в литературоведении в истории развития литературы. В ходе исследовательской работы определены тематико-идеологическая основа и художественный идеал стихов поэтов. При изучении творчества поэтов было показано их духовное наследие с целью пропаганды его следующим поколениям. В ходе анализа были определены идейное содержание и художественные особенности стихов поэтов. Раскрыто значение теоретических положений, связанных с поэтическим словообразованием и стилистическими особенностями. В 80-90-е годы 20 века и годы независимости М. активно участвовал в литературной жизни. Кажиахметов, Б. Баймуканкына, Г. Сейтак, А. Понятно, что произведения Таубаевой занимают свое место в развитии казахской литературы, а значит, и в процессе развития литературоведческой науки в целом. В статье исследовано литературное творчество М. Кажиахметова, Б. Баймуханкыны, Г. Сейтак, А. Таубаевой с точки зрения сегодняшнего дня, а также рассмотрен результат включения в научный оборот произведений литературного краеведения.

ӘОЖ 808.5:811.512.122

Беримбетова А.Ж., қазақ тілі мен әдебиеті магистрі
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Жәңгір хан көшесі, 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ РИТОРИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ КОГНИТИВТІК МОДЕЛІ

ТҮЙІН

Мақалада қазақ тіліндегі риторикалық дискурсты когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастырылған. Риторикалық дискурсты адресант пен адресат арасындағы тілдік ықпал ету

құралы деп танылды. Зерттеу барысында оның когнитивтік моделін құрайтын үш деңгейі – концептуалдық, прагматикалық және тілдік-бейнелік құрылымдарды анықталды.

Жоғары оқу орындарында студенттермен педагогикалық эксперимент жүргізілді. Эксперименттік топта когнитивтік модельге негізделген әдістеме қолданылды. Нәтижесінде студенттердің риторикалық дискурсты құрастыру және талдау дағдылары статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жақсарды. Концептуалдық деңгейде ұлттық құндылықтар мен техникалық концепттердің интеграциясы, прагматикалық деңгейде аргументация стратегияларын саналы қолдану, тілдік-бейнелік деңгейде риторикалық құралдарды тиімді пайдалану дағдылары қалыптастырылды. Зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі антропоөзектік бағытты тереңдетуге, ұлттық риторикалық дәстүрді заманауи ғылыми-техникалық дискурспен ұштастыруға және риторикалық коммуникацияның тиімді тетіктерін анықтауға жол ашылды.

Түйін сөздер: *риторика, дискурс, когнитивтік модель, концепт, прагматика, тілдік сана.*

ABSTRACT

The article investigates rhetorical discourse in the Kazakh language through the lens of cognitive linguistics. Rhetorical discourse has been conceptualized as a linguistic instrument of influence operating between addresser and addressee. The study identified three constituent levels of its cognitive model: conceptual, pragmatic, and linguistic-figurative structures.

A pedagogical experiment was carried out with students at institutions of higher education. The experimental group employed a methodology grounded in the cognitive model. Consequently, students demonstrated statistically significant improvement in their competencies for constructing and analyzing rhetorical discourse. Competencies were formed in integrating national values with technical concepts at the conceptual level, deliberately employing argumentation strategies at the pragmatic level, and effectively utilizing rhetorical devices at the linguistic-figurative level.

The research outcomes provide pathways for advancing the anthropocentric paradigm in Kazakh linguistics, synthesizing national rhetorical traditions with contemporary scientific-technical discourse, and determining effective mechanisms of rhetorical communication.

Keywords: *rhetoric, discourse, cognitive model, concept, pragmatics, linguistic consciousness.*

Кіріспе. Қазіргі тіл білімінде тілге қатысты көзқарастар едәуір өзгеріске ұшырады. Егер бұрын тіл көбіне құрылымдық жүйе ретінде сипатталса, бүгінгі таңда ол адамның танымы, ойлау әрекеті және мәдени тәжірибесімен тығыз байланыста қарастырылады [4]. Осы жаңа көзқарас негізінде риторикалық дискурсты зерттедім. Осы тұрғыдан алғанда, риторикалық дискурс коммуникативтік актінің ең күрделі әрі әсер ету әлеуеті жоғары деуге болады.

Риторикалық дискурстың негізгі ерекшелігі – оның тек ақпарат жеткізуімен шектелмей, тыңдаушының танымдық және бағалау жүйесіне ықпал етуінде. Сонымен қатар тыңдаушының когнитивтік кеңістігіне белсенді түрде әсер етеді, белгілі бір көзқарас пен бағалау жүйесін қалыптастыруға тырысады. Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында риторикалық дискурстың маңызы күннен-күнге арта түсуде, сондықтан оны когнитивтік тұрғыдан зерттеу керектігі айқын болып тұр. Қазақ тіл білімінде риторика мәселелері шешендік өнер, стилистика және сөз мәдениеті аясында біршама зерттелсе де, риторикалық дискурстың когнитивтік моделін қарастыру әлі де өзекті мәселе болып отыр. Әсіресе студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, ғылыми-техникалық мәтіндерді дұрыс құрастыру және өз ойын нақты жеткізе білу дағдыларын дамыту аса маңызды. Осыған байланысты жоғары оқу орындарындағы студенттердің риторикалық дискурсты қабылдау және құрастыру ерекшеліктерін когнитивтік тұрғыдан зерттеу қажеттігі туындады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмыстың басты мақсаты – қазіргі қазақ тіліндегі риторикалық дискурстың когнитивтік моделін сипаттау және ЖОО студенттерінің риторикалық құзыреттілігін қалыптастыруда осы модельді қолдану аясын анықтау.

Зерттеуге қойылған негізгі міндеттеріміз: риторикалық дискурстың когнитивтік моделінің теориялық негіздерін айқындау; қазақ тіліндегі риторикалық дискурстың концептуалдық, прагматикалық және тілдік-бейнелік деңгейлерін сипаттау; ЖОО студенттерінің риторикалық дискурсты қабылдау және құрастыру ерекшеліктерін анықтау. Зерттеуде әртүрлі әдістер қолданылды. Когнитивтік лингвистика әдістері концепттердің

құрылымын және олардың тілдік көрінісін талдауға көмегін тигізді. Дискурс талдау әдісі риторикалық мәтіндердің коммуникативтік стратегияларын, олардың прагматикалық мақсаттарын анықтауға жол ашты. Концептуалдық талдау қазақ риторикасына тән негізгі ұғымдарды айқындады [6]. Прагматикалық талдау сөйлеушінің интенциясын, ықпал ету тәсілдерін зерттеуге жол ашты [3].

Педагогикалық эксперимент әдісі студенттердің риторикалық құзыреттілік деңгейін өлшеуге және оны дамытудың тиімді жолдарын анықтауға жолын ашты. Сауалнама әдісі арқылы студенттердің қазақ риторикасына деген көзқарасын, олардың кездесетін қиындықтарын білуге мүмкіндік береді. Бақылау әдісі студенттердің риторикалық дискурсты қолдану ерекшеліктерін тікелей көруге жағдай жасады. Салыстырмалы талдау әдісі, эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыруға, когнитивтік модельдің тиімділігін бағалауға пайдалы.

Материал ретінде қазіргі қазақ тіліндегі публицистикалық, академиялық және шешендік мәтіндер алынды. Сонымен бірге студенттердің риторикалық мәтіндері – ғылыми презентациялар, жоба қорғау баяндамалары, эсселер де талданды.

Теориялық негіздер. Когнитивтік лингвистика XX ғасырдың соңында қарқынды дамыды. Осы бағыттағы маңызды теориялардың бірі – Джордж Лакофф ұсынған концептуалдық метафора теориясы [12]. Ол метафораны тек сөз ою емес, ойлаудың негізі деп дәлелдеді.

Зерттеулерде метафораны тек көркемдеу құралы емес, адам ойлауының негізгі механизмі ретінде көрсетті. Метафора арқылы біз абстрактілі ұғымдарды нақты бейнелер арқылы түсінеміз [9]. Мысалы, уақыт – ақша, өмір – саяхат сияқты метафоралар біздің ойлауымызды құрайды.

Лангакер Рональд когнитивтік грамматика теориясын әзірледі. Оның көзқарасы бойынша грамматика тек ережелер жинағы емес, адамның дүниені қабылдау және категориялауының көрінісі [9].

Дискурс ұғымы қазіргі тіл білімінде кең қолданылады. Бірақ әртүрлі ғалымдар оны әр түрлі түсінеді [13]. Зерттеу барысында анықтағанымыз дискурс екі жақты процесс ретінде қарастырылады. Бір жағынан, ол тілдік форма – сөйлемдер, параграфтар, мәтіндер. Екінші жағынан, ол әлеуметтік-мәдени құбылыс – адамдар арасындағы қарым-қатынас, құндылықтарды беру, дүниетанымды қалыптастыру. Риторикалық дискурстың өзіндік ерекшелігі бар. Ол когнитивтік тұрғыдан қарағанда адресанттың мақсатты ойлау әрекетінің нәтижесі. Сөйлеуші белгілі бір нәтижеге жету үшін сөз әрекетін жоспарлайды, ұйымдастырады. Риторикалық дискурс адресаттың когнитивтік моделіне бағытталған. Сөйлеуші тыңдаушының білімін, сенімін, құндылықтарын ескереді және оларға ықпал етуге тырысады.

Риторика ежелгі грек дәуірінен бастап адамзат мәдениетінің бөлігі. Аристотельдің классикалық риторика теориясы сөйлеу өнерінің үш негізін анықтады: этос (сөйлеушінің беделі), пафос (эмоциялық), логос (логикалық дәлел). Осы үш элемент қазіргі риторикада да қолданылады.

Қазіргі когнитивтік риторика сөйлеу әрекетінің психологиялық және когнитивтік негіздерін зерттейді. Ол адамның ойлау процестері, есте сақтау механизмдері, назар аудару ерекшеліктері риторикалық әсерді қалай анықтайтынын қарастырады. Қазақ риторикасын ғылыми тұрғыдан зерттеу XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқынды дами бастады. Сәбит Қирабаев көркемдегіш құралдарды зерттеді [7]. Мұхтар Балақаев стилистика бойынша іргелі еңбектер жазды. Бибінұр Момынова қазіргі риториканы талдады [1]. Бұл еңбектер зерттеу жұмысының теориялық негізін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ғалымдардың еңбектері шешендік өнер дәстүрін, қазақ тіліндегі стилистикалық құралдарды, сөз мәдениетін қамтыды. Олар қазақ риторикасының ұлттық ерекшеліктерін анықтады, оның халық мәдениетіндегі орнын көрсетті.

Осы ғалымдардың еңбектері тілді адам санасынан бөлек емес, оның құрамдас бөлігі ретінде түсінуге негіз болды. Тіл біздің ойлау әрекетімізді көрсетеді және қалыптастырады.

Дегенмен риторикалық дискурстың когнитивтік моделін арнайы зерттеген жұмыстар әлі де жеткіліксіз. Осы олқылықты толтыру зерттеуіміздің мақсаттарының бірі болды.

Риторикалық дискурстың когнитивтік моделі. Зерттеу барысында риторикалық дискурстың когнитивтік моделі үш негізгі деңгейден тұратыны анықталды.

Концептуалдық деңгей риторикалық дискурстың мәдени-танымдық негізін құрайды. Бұл

деңгейде ұлттық дүниетанымға тән концепттер көрініс табады. Олар адресат санасында эмоциялық және логикалық кері байланыс тудырады.Бірлік концепті ұжымдық сананың негізін білдіріп, қазақ қоғамындағы татулық пен ынтымақтастық идеясын айқындайды. Бұл ұстаным қазақтың шешендік сөздерінде және риторикалық дәстүрінде жиі көрініс табады.

Әділет концепті шындыққа, адалдыққа ұмтылысты білдіреді. Қазақ қоғамында әділеттілік әрқашан жоғары бағаланған, ал әділетсіздікке қарсы тұру халықтың сөз мәдениетінде де айқын байқалады. Сондықтан әділет ұғымы қазақ риторикасының маңызды мазмұндық негіздерінің бірі болып табылады.

Сенім концепті адамдар арасындағы қарым-қатынастың беріктігін, өзара жауапкершілікті білдіреді. Сенімді сақтау, айтылған сөзге берік болу, уәдеде тұру қазақ этикасының басты қағидаларының бірі. Бұл ұғым қазақтың дәстүрлі дүниетанымында адамаралық қатынастың маңызды өлшемі ретінде қарастырылады.

Рухани мұра концепті халықтың салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін және тарихи тәжірибесін қамтиды. Ата-бабадан жеткен осы құндылықтарды сақтау және оны кейінгі ұрпаққа жеткізу ұлттық сананың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Техникалық білім беру контекстінде қосымша концепттер қалыптасатынын айтуға болады. Инновация концепті жаңалық пен даму идеясын білдіреді. Технология концепті заманауи құралдар мен әдістерді қамтиды. Даму концепті алға қарай жылжуды, жетілуді көрсетеді. Білім концепті танымның, үйренудің маңызын ашады. Ғылым концепті зерттеу, ашылымдар әлеміне жатады.

Концепттер студенттердің кәсіби санасында риторикалық дискурстың ерекше когнитивтік кеңістігін құрайды [2]. Прагматикалық деңгей сөйлеушінің ықпал ету стратегияларын қамтиды. Осы деңгейде риторикалық дискурстың коммуникативтік мақсаты жүзеге асады. Прагматикалық деңгейдің құрамдас бөліктері:Коммуникативтік мақсат риторикалық дискурстың бағытын анықтайды. Сендіру мақсатында сөйлеуші дәлелдер келтіреді, логикалық тізбек құрайды. Түсіндіру мақсатында күрделі ұғымдарды жеңіл тілмен баяндайды, мысалдар келтіреді. Шабыттандыру мақсатында эмоциялық әсер етеді, жоғары идеалдарға шақырады. Бағалау мақсатында құбылыстарды талдайды, олардың маңызын көрсетеді. Аргументация стратегиялары әртүрлі болуы мүмкін. Логикалық дәлелдеу фактілерге, зерттеу нәтижелеріне, статистикаға негізделеді. Эмоциялық байланыс тыңдаушының сезімдеріне жүгінеді, образды тіл қолданады. Этикалық негіздеу моральдық құндылықтарға сілтеме жасайды, адамгершілік нормаларды еске салады.Сөз әрекет түрлері де әртүрлі. Мадақтау кезінде жақсы қасиеттерді атайды, жетістіктерді бағалайды. Сынау кезінде кемшіліктерді көрсетеді, олардың себептерін талдайды. Талап ету кезінде нақты әрекеттерді сұрайды, міндеттерді анықтайды. Кеңес беру кезінде тәжірибесін бөліседі, ұсыныстар айтады. Адресатты ескеру риторикалық дискурстың тиімділігін қамтамасыз етеді. Сөйлеуші тыңдаушының білім деңгейін, құндылық жүйесін, күтілімін ескереді. Осыған қарай өз сөзін құрайды. Біздің бақылауымызша студенттердің прагматикалық құзыреттілігі ғылыми презентация жасау, жоба қорғау барысында қалыптасады. Олар өз ойын логикалық тұрғыдан дәлелдеуді, көрнекі материалдарды дұрыс пайдалануды және аудиторияға бейімделуді үйренеді.

Тілдік-бейнелік деңгей риторикалық дискурстың тілдік көрінісін қамтиды. Метафора, риторикалық сұрақ, эпитет, қайталау, антитеза сияқты тілдік құралдар абстрактілі ойды нақты бейнеге айналдырады. Қазақ тіліндегі риторикалық дискурста кездесетін тілдік құралдар: Метафора абстрактілі ұғымды нақты образ арқылы көрсетеді. "Білім – көздің нұры" метафорасы білімнің адамға жол көрсететінін білдіреді. "Ғылым – өмірдің қанаты" метафорасы ғылымның адамды биікке көтеретінін айтады. Риторикалық сұрақ тыңдаушыны ойландырады, оның назарын аударады. "Біз қайда бара жатырмыз?" сұрағы бағыт-бағдар туралы ойландырады. "Неге үндемейміз?" сұрағы әрекетке шақырады. [9]. Антитеза қарама-қарсылықты айқын көрсетеді. "Білімсіз ел – жұтамсыз ел, білімді ел – күшті ел" антитезасы білімнің маңызын баса көрсетеді. Мақал-мәтелдер халықтың даналығын білдіреді, дәлелдің күшін арттырады.

Техникалық мәтіндерде де риторикалық элементтер кездеседі. Түсіндірмелі метафоралар техникалық ұғымдарды жеңіл түсіндіруге пайдасын тигізді. «Деректер ағыны», «жүйе архитектурасы» сияқты метафоралар қолданылады. Салыстырмалар екі құбылысты қатар қойып көрсетеді.

Студенттермен жүргізілген зерттеу. Бақылау жұмысы 2024-2025 оқу жылында университеттің 3-4 курс студенттерімен эксперимент жүргізілді. Барлығы 117 студент қатысты.

Олар екі топқа бөлінді: эксперименттік топ – 58 студент, бақылау тобы – 59 студент. Олардың ынтасын сақтау маңызды болды.Зерттеудің диагностикалық кезеңінде студенттердің риторикалық құзыреттілік деңгейін анықтау үшін бастапқы тестілеу жүргіздік. Нәтижесінде студенттердің риторикалық дискурсты түсіну және құрастыру дағдыларының жеткіліксіз екенін көрсетті. Риторикалық мәтіннің құрылымын дұрыс анықтай алатындар – 41%; Аргументация стратегияларын тани алатындар – 38%;Риторикалық құралдарды қолдана алатындар – 34%.Дұрыс интонация мен кідірістерді сақтай алатындар – 39%.Іске асыру кезеңінде эксперименттік топта когнитивтік модельге негізделген арнайы әдістеме қолдандық. Себебі аталған әдіс концепттерді талдауға қолайлы. Әр сабақта үш деңгей бойынша жұмыс жүргізілді.

Концептуалдық деңгей бойынша жұмыс: техникалық концепттерді қазақ тіліндегі мәдени концепттермен байланыстыру; ғылыми-техникалық терминдерді ұлттық тіл нормаларына сәйкестендіру; кәсіби құндылықтар жүйесін қалыптастыру.

Прагматикалық деңгей бойынша жұмыс: ғылыми презентация дайындау және қорғау; техникалық жобаны риторикалық тұрғыдан ұсыну; пікірталас пен дебатқа қатысу; аргументация стратегияларын практикада қолдану. Тілдік-бейнелік деңгей бойынша жұмыс: техникалық мәтіндегі метафораларды талдау; риторикалық құралдарды қолданып өз мәтіндерін құрастыру. Практикалық сабақтарда студенттер риторикалық мәтіндерді концептуалдық, прагматикалық және тілдік деңгейлер бойынша талдап, өз риторикалық мәтіндерін құрастыруға үйренді. Осы жұмыстар олардың тілдік санасын дамытып, ұлттық құндылықтарды саналы түрде қабылдауына мүмкіндік берді. Келесі бақылау кезеңі бойынша семестр соңында қайталама тестілеу және сараптама жүргіздік. Эксперименттік топтағы нәтижелер айтарлықтай жақсарды: Риторикалық мәтіннің құрылымын анықтау – 79% (өсім 35-38%); Аргументация стратегияларын тану – 72% (өсім 33-35 %); Риторикалық құралдарды қолдану – 73% (өсім 37-38%); Дұрыс интонация мен кідірістерді сақтау – 75% (өсім 34-37%). Бақылау тобында айтарлықтай өзгерістер болмады. Орташа өсу 7-11% аралығында болды. Сапалық талдау студенттердің мына жетістіктерін көрсетті: техникалық тақырыптарды қазақ тілінде риторикалық тұрғыдан дұрыс ұсына білу; ғылыми-техникалық терминологияны риторикалық құралдармен үйлестіру; аудиторияның танымдық деңгейіне қарай аргументация стратегиясын таңдау; ұлттық риторикалық дәстүрді заманауи техникалық дискурспен ұштастыру.

Ұлттық ерекшеліктер. Қазақ риторикасының ұлттық ерекшеліктері айқын көрінді. Қазақ риторикасы ұжымдық сана мен ортақ құндылықтарға негізделеді. Шешендік дәстүр, тыңдаушыға құрмет, сөздің этикалық сипаты риторикалық дискурстың ұлттық ерекшелігін айқындайды. Ұжымдық бағдарлану қазақ риторикасының негізгі белгісі. Жеке тұлға емес, ұжым мүддесі басымдыққа ие. «Біз», «ел», «халық» концепттері «мен» концептісінен үлкен орын алады. Бұл құбылыс көшпелі өмір салты қалыптастырған ұжымдық дүниетаныммен байланысты. Этикалық жауапкершілік қазақ мәдениетінде ерекше орын алады. Сөз ауыр жауапкершілікті білдіреді. «Сөз – сарыдан өткір», «Тіліңе қарай тебін» мақалдары сөздің моральдық салмағын көрсетеді. Сөйлеуші өз сөзінің адамдарға, қоғамға қажеттілігін алдын ала ойластырады. Поэтикалық элементтер қазақ риторикасын байытады. Риторикалық дискурста мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, өлең жолдары, ұлттық бейнелер кеңінен қолданылады. Риторикалық мәтінді эстетикалық тұрғыдан да құнды етеді. Сонымен қатар студенттердің контекстінде жаңаша сипат алады. Студенттер ғылыми-техникалық дискурсты ұлттық риторикалық дәстүрге сәйкестендіруді үйренеді.

Жоба қорғауда студент тек цифрлар мен графиктерді ұсынып қоймай, ұлттық даму контекстінде жобаның маңызын негіздейді. Эксперимент барысында студенттердің риторикалық презентацияларында ұлттық элементтерді қолдану деңгейі айтарлықтай өсті. Егер бастапқыда тек 27% студент ұлттық құндылықтарға сілтеме жасаса, эксперимент соңында көрсеткіш 68 %-ға жетті.

Қорытынды. Қазіргі қазақ тіліндегі риторикалық дискурс когнитивтік модель ретінде көпқабатты құрылымға ие екенін білеміз. Концептуалдық, прагматикалық және тілдік-бейнелік деңгейлердің өзара байланысы риторикалық ықпал ету механизмін қамтамасыз етеді. Осы үш деңгейдің біртұтас жүйе ретінде жұмыс жасау риторикалық дискурстың тиімділігін арттыратыны анықталды. ЖОО-да жүргізілген зерттеу нәтижелері риторикалық дискурстың когнитивтік моделін оқыту практикасында қолданудың тиімді екенін дәлелдеді. Студенттердің риторикалық құзыреттілігі айтарлықтай артты. Студенттердің болашақ кәсіби қызметінде –

техникалық презентацияларда, жоба қорғауларда, ғылыми конференцияларда елеулі рөл атқаратынына сенеміз.Зерттеу барысында бірнеше тұжырымдарға келдік. Когнитивтік модельге негізделген оқыту студенттердің тілдік санасын жүйелі дамытуға болатыны айқын болды. Студенттер риторикалық дискурсты жай ғана қолданып қоймай, оның тереңдегі когнитивтік механизмдерін түсіне бастады. Студенттердің сөйлеу әрекетін саналы әрі мақсатты етеді. Сондай-ақ ұлттық риторикалық дәстүр мен заманауи техникалық дискурсты ұштастыруға болады. Студенттер техникалық тақырыптарды қазақ тілінде ұсына отырып, ұлттық құндылықтарға сілтеме жасауды, мәдени контекстке орналастыруды үйренді. Алған тәжірибе қазақ тілінің ғылыми-техникалық саладағы әлеуетін арттырады.

Риторикалық құзыреттілік техникалық мамандардың кәсіби дамуында ерекше орын алатыны дәлелденді. Қазіргі заманда инженер немесе технолог тек техникалық білімі жоғары ғана болса жетіспейді. Ол өз идеяларын тиімді жеткізе білуі, басқаларды сендіре алуы, ғылыми баяндама жасай алуы керек. Риторикалық дискурстың когнитивтік моделі осы дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Эксперимент нәтижелері педагогикалық тұрғыдан да маңызды. Дәстүрлі грамматикалық-аудармалық әдістен когнитивтік-коммуникативтік әдіске көшу студенттердің тілді меңгеру тиімділігін арттыратыны көрінді. Тіл тек ережелер жиынтығы емес, танымдық қызметтің құралы ретінде қарастырылғанда, оқыту нәтижесі жақсарады.

Зерттеу барысында студенттердің мотивациясы артты. Мотивациясыз білім меңгеру қиын. Техникалық мамандық студенттері үшін қуантарлық нәтиже. Олар қазақ тілін тек міндетті пән ретінде емес, болашақ кәсіби қызметінде қажетті құрал ретінде қабылдай бастады. Осының өте қуантарлық нәтиже екенін білеміз. Өйткені ішкі мотивация кез келген білімді терең меңгерудің негізі. Риторикалық дискурсты когнитивтік тұрғыдан зерттеу қазақ тіл біліміндегі антропоөзектік бағытты тереңдетуге жол ашады [4]. Тілді адамнан бөлек қарастыру болмайды. Тіл – адам санасының, танымының, мәдениетінің көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда риторикалық дискурс тіл, таным және мәдениет арасындағы байланысты айқын көрсететін маңызды коммуникативтік құбылыс болып саналады. Болашақта осы бағытты заманауи коммуникативтік жанрлармен байланыстыра зерттеу өзекті болып табылады [13]. Әсіресе цифрлық риторика, виртуалды презентациялар, әлеуметтік желілердегі дискурс қазіргі заманда кеңінен таралуда. Қазақ риторикасының ұлттық ерекшеліктерін осы жаңа форматтарға бейімдеу, олардың когнитивтік моделін құру қажет. Салыстырмалы зерттеулер де қажет екенін атап өткіміз келеді. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі риторикалық дискурстың когнитивтік модельдерін салыстыру мәдениаралық коммуникацияны жетілдіруге септігін тигізеді. Атап айтқанда бұны жаһандану жағдайында аса өзекті мәселе.

Техникалық білім беру саласында қазақ тілін дамытудың негізгі бағыты – ғылыми-техникалық дискурсты ұлттық риторикалық дәстүрмен ұштастыру. Бір жағынан, ұлттық риторикалық дәстүр техникалық дискурсты байытады, оған мәдени тереңдік береді. Екінші жағынан, техникалық дискурс қазақ тілінің функционалдық әлеуетін кеңейтеді, оның заманауи ғылымда қолданылуын қамтамасыз етеді.Студенттердің тілдік санасын кеңейтіп, ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтай отырып, жаһандық ғылыми қоғамдастыққа кірігуіне ықпал етеді. Студенттер екі әлемде еркін қозғала алады: ұлттық мәдени кеңістікте де, халықаралық ғылыми қауымдастықта да. Қос мәдениеттілік, қос тілділік заманауи маманның басты қасиеті.

Зерттеу нәтижелері практикалық қолданысқа да ие. Біз әзірлеген әдістеме техникалық ЖОО-лардың қазақ тілі курстарында қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ басқа мамандықтарда да медицина, экономика, құқық саласында да бейімделіп қолданылуы ықтимал.

Қорыта айтқанда, риторикалық дискурстың когнитивтік моделін зерттеу қазақ тіл біліміндегі антропоөзектік бағыттың дамуына ықпал етеді. Бұл модель тіл мен ойлау үдерісінің өзара байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және оны қазақ тілін оқыту тәжірибесінде тиімді қолдануға жол ашады. Сонымен қатар аталған тәсіл студенттердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруға, өз ойын жүйелі әрі дәл жеткізе білу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Риторикалық дискурсты когнитивтік тұрғыдан қарастыру ұлттық риторикалық дәстүрдің мазмұнын жаңғыртып, оның қазіргі білім беру кеңістігіндегі маңызын айқындай түседі. Осы арқылы білім алушылардың ғылыми дискурсқа белсенді қатысуына және академиялық ортада еркін пікір алмасуына жағдай жасалады. Сондықтан риторикалық дискурстың когнитивтік моделін зерттеу мен оны оқу үдерісіне енгізу ғылыми-теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Момынова Б.Б., Нұрмаханова Ж.С. Қазіргі қазақ тіліндегі публицистикалық дискурстың лингвопрагматикалық ерекшеліктері // Тілтаным. – 2020. – №3. – 45-58 б.

2. Ахметова Г.Д., Садуақасова А.Т. Қазақ тіліндегі танымдық метафоралардың когнитивтік-дискурсивтік сипаты // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2019. – №2. – 68-77 б.

3. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Аканова Д.Х. Қазақ тілінің прагматикасы мен дискурс талдау. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 356 б.

4. Оразбаева Ф.Ш. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Арыс, 2017. – 284 б.

5. Қасымова Р.Т. Техникалық мамандықтар студенттерінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері // Педагогика және психология. – 2020. – №4. – 112-121 б.

6. Жұмабекова А.К., Сыздықова Р.Г. Ғылыми-техникалық терминологияны дамытудың қазіргі мәселелері // Тіл және аударма. – 2019. – №1. – 34-42 б.

7. Flowerdew J., Richardson J.E. The Routledge Handbook of Critical Discourse Studies. – London: Routledge, 2018. – 638 p.

8. Nuckolls J.B., Nielsen M. The Interplay of Evidentiality and Epistemic Modality // Lingua. – 2021. – Vol. 256. – Article 103021.

9. Dancygier B., Sweetser E. Figurative Language. – Cambridge: Cambridge University Press, 2014. – 264 p.

10. Hart C., Cap P. Contemporary Critical Discourse Studies. – London: Bloomsbury Academic, 2014. – 624 p.

11. Charteris-Black J. Analysing Political Speeches: Rhetoric, Discourse and Metaphor. – London: Palgrave Macmillan, 2014. – 316 p.

12. Lakoff G., Wehling E. The Little Blue Book: The Essential Guide to Thinking and Talking Democratic. – New York: Free Press, 2012. – 160 p.

13. Van Dijk T.A. Society and Discourse: How Social Contexts Influence Text and Talk. – Cambridge: Cambridge University Press, 2019. – 320 p.

REFERENCES

1.Momynova B.B., Nurmakhanova Zh.S. Linguopragmatic Features of Publicistic Discourse in the Modern Kazakh Language // Tiltanym. – 2020. – No. 3. – pp. 45–58.

2.Akhmetova G.D., Saduakasova A.T. Cognitive-Discursive Characteristics of Conceptual Metaphors in the Kazakh Language // Kazakh Language and Literature. – 2019. – No. 2. – pp. 68–77.

3.Suleimenova E.D., Shaimerdenova N.Zh., Akanova D.Kh. Pragmatics and Discourse Analysis of the Kazakh Language. – Almaty: Kazakh University, 2018. – 356 p.

4.Orazbayeva F.Sh. Formation and Development of the Cognitive Approach in Kazakh Linguistics. – Almaty: Arys, 2017. – 284 p.

5.Kassymova R.T. Methodological Foundations for Developing Communicative Competence of Students in Technical Specialties // Pedagogy and Psychology. – 2020. – No. 4. – pp. 112–121.

6.Zhumabekova A.K., Syzdykova R.G. Current Issues in the Development of Scientific and Technical Terminology // Language and Translation. – 2019. – No. 1. – pp. 34–42.

7.Flowerdew J., Richardson J.E. The Routledge Handbook of Critical Discourse Studies. – London: Routledge, 2018. – 638 p.

8.Nuckolls J.B., Nielsen M. The Interplay of Evidentiality and Epistemic Modality // Lingua. – 2021. – Vol. 256. – Article 103021.

9.Dancygier B., Sweetser E. Figurative Language. – Cambridge: Cambridge University Press, 2014. – 264 p.

10.Hart C., Cap P. Contemporary Critical Discourse Studies. – London: Bloomsbury Academic, 2014. – 624 p.

11.Charteris-Black J. Analysing Political Speeches: Rhetoric, Discourse and Metaphor. – London: Palgrave Macmillan, 2014. – 316 p.

12.Lakoff G., Wehling E. The Little Blue Book: The Essential Guide to Thinking and Talking Democratic. – New York: Free Press, 2012. – 160 p.

13.Van Dijk T.A. Society and Discourse: How Social Contexts Influence Text and Talk. – Cambridge: Cambridge University Press, 2019. – 320 p.

РЕЗЮМЕ

В статье риторический дискурс казахского языка рассматривается с позиций когнитивной лингвистики. Риторический дискурс определяется как средство языкового воздействия между адресантом и адресатом. В ходе исследования были выявлены три уровня, формирующие его когнитивную модель: концептуальный, прагматический и языково-образный.

В высших учебных заведениях был проведён педагогический эксперимент со студентами. В экспериментальной группе применялась методика, основанная на когнитивной модели. В результате статистически значимо улучшились навыки студентов по построению и анализу риторического дискурса. На концептуальном уровне была обеспечена интеграция национальных ценностей и технических концептов; на прагматическом уровне сформированы навыки осознанного использования стратегий аргументации; на языково-образном уровне — эффективного применения риторических средств.

Результаты исследования способствуют углублению антропоцентрического направления в казахском языкознании, интеграции национальной риторической традиции с современным научно-техническим дискурсом, а также выявлению эффективных механизмов риторической коммуникации.

ӘӨЖ 338.012
Досанова А.К., экономика ғылымдарының магистрі
Ержанова Ж.К., экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Жәңгір хан көшесі, 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА АГРОТУРИЗМДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

ТҮЙІН

Мақалада агротуризмнің өзекті мәселелері Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын орнықты дамытудың негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Батыс Қазақстан облысындағы агротуризмнің әлеуетіне, оның ауылдық өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсеріне, табиғи және мәдени мұраны сақтауға, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға басты назар аударылды.

Батыс Қазақстан облысы (БҚО) агротуризм түрлері үшін жеткілікті ресурстық әлеуетке және даму перспективаларына ие. Агротуризм ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуын ұлғайту, жергілікті халықтың табысы мен мәдени деңгейін арттыру, аумақтың нарықтары мен инфрақұрылымын дамыту сияқты проблемаларды шешуге ықпал етеді. Агротуризм түрлерін дамыту және аумақтық ұйымдастыру үшін қолайлы мүмкіндіктерді қалыптастыруда ауыл шаруашылығының өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығына үлкен мән беріледі. Осыған байланысты, осы мақалада авторлар Батыс Қазақстан облысының әкімшілік аудандары бөлінісінде өсімдік және мал шаруашылығы саласындағы заманауи агротуризм түрлерін дамыту және аумақтық ұйымдастыру мүмкіндігіне баға береді. Бұдан басқа, БҚО-да агротуризмді дамыту және аумақтық ұйымдастыру үшін мүмкіндіктер деңгейлері және жергілікті ресурстық база негізінде мүмкіндіктер деңгейлері айқындалды. Агротуризм ұғымы және оның ауыл шаруашылығымен байланысы, аумақтық аспектідегі ауыл экономикасындағы рөлі де қарастырылады.

Бұл жұмыс туристік агробизнестің Қазақстанның ауылдық жерлерінің экономикасын жандандыру индикаторы ретіндегі маңыздылығын көрсетеді. Халықаралық тәжірибені пайдалану бәсекеге қабілетті туристік өнімді қалыптастырудың инновациялық бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: *агротуризм, жалпы өнім, ауыл шаруашылығы өнімі, Батыс Қазақстан облысы, ауыл шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы.*

ANNOTATION

The article discusses topical issues of agrotourism as one of the key areas of sustainable rural development in the Republic of Kazakhstan. The main attention is paid to the potential of agrotourism

in the West Kazakhstan region, its impact on the socio-economic situation of rural regions, the preservation of natural and cultural heritage, as well as the creation of new jobs.

The West Kazakhstan region (West Kazakhstan region) has sufficient resource potential and development prospects for types of agrotourism. Agrotourism helps to solve such problems as increasing rural employment, increasing incomes and cultural standards of the local population, developing markets and infrastructure of the territory. Crop production and animal husbandry are of great importance in creating favorable opportunities for the development and territorial organization of types of agrotourism. In this regard, in this article, the authors assess the possibility of development and territorial organization of types of modern agrotourism in the field of crop production and animal husbandry in the context of the administrative districts of the West Kazakhstan region. In addition, the levels of opportunities for the development and territorial organization of agrotourism in the West Kazakhstan region and the levels of opportunities based on the local resource base are determined. The concept of agrotourism and its relationship with agriculture, as well as its role in the rural economy in the territorial aspect are also considered.

This work reflects the importance of the tourism agribusiness as an indicator of the revival of the rural economy in Kazakhstan. The use of international experience makes it possible to identify innovative areas for the formation of a competitive tourism product.

***Keywords**: agrotourism, gross output, agricultural products, West Kazakhstan region, agriculture, crop production, animal husbandry.*

Кіріспе. Агротуризм-XX ғасырдың екінші жартысында Еуропа елдерінің көпшілігі мойындаған қазіргі туризмдегі танымал және қарқынды дамып келе жатқан бағыт. Қазақстанда туризмнің бұл түрі әлі жеткілікті дамымаған, бірақ елдің бай табиғи және мәдени ресурстарының арқасында оның айтарлықтай өсу әлеуеті бар. Оның дамуы инфрақұрылым құрылысына, ауыл жұмыссыздығының төмендеуіне, ауыл халқының табысының артуына ықпал ете отырып, шағын және орта кәсіпорындарға пайда әкеледі.

Сонымен қатар, агротуризм ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру және қайта өңдеу, мамандандырылған агротуристік ауылдарды құру, кейіннен ауылдық жерлердің табиғи, тарихи ресурстарын дамыту және пайдалану, ауыл тұрғындарын туризм түрлері туралы ғана емес, сонымен қатар бизнес пен технологияны дамыту және әрине табиғи және әлеуметтік-экономикалық ресурстарды ұтымды пайдалану туралы ақпараттандыруға ықпал етеді.

Агротуризм ауылдың табиғи және тарихи ресурстарын пайдалануға негізделген әртүрлі демалыс түрлерін біріктіреді және бүкіл әлем бойынша миллиондаған туристер арасында танымал. Соңғы 25 жылда Батыс Еуропа мен АҚШ елдеріндегі бұл сала табысты салаға айналды, бұл оның маңызды экономикалық маңыздылығын көрсетеді.

Жұмыстың мақсаты аймақтағы ауыл туризмінің артықшылықтары мен мүмкіндіктерін, агротуризмді дамыту мен кеңістікте ұйымдастырудың қолданбалы аспектілерін зерделеу, оның болашағы мен ел экономикасына интеграциялау тетіктерін анықтау болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі агротуризм саласындағы шетелдік және отандық ғалымдардың іргелі және қолданбалы ғылыми еңбектері, ғылыми және мерзімді баспасөз материалдары, интернет-ресурстар, статистикалық деректер, заңнамалық актілер және нормативтік-құқықтық құжаттар болды. Мынадай деректер көздерін ерекше атап өту қажет: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің және Батыс Қазақстан облысы статистика департаментінің статистикалық деректері, БҚО ауыл шаруашылығы басқармасының деректері.

Зерттеу мәселенің ерекшелігін ескеретін жалпы ғылыми және арнайы әдістерге негізделген. Агротуризмнің көптеген тұжырымдары және оның түрлері, сондай-ақ оның әртүрлі елдердегі даму модельдері бар. Жалпы ғылыми әдістердің ішінде: жүйелік талдау және синтез, салыстырмалы, құрылымдық-логикалық талдау, ғылыми әдебиеттердің контент-талдауы, математикалық әдіс, эмпирикалық зерттеу әдістері, Аналитикалық әдіс қолданылады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Агротуризм — демалу үшін ауылдық жерлерде туристердің уақытша тұруын көздейді. Бұл үшін міндетті шарт — көп қабатты ғимараттар мен өнеркәсіпсіз ауылдық жерлерде орналасуы керек. Осы негізде, БҚО-да агротуризмнің даму мүмкіндігін анықтау үшін статистикалық әрі зерттеу деректері негізінде аймақтың ауыл шаруашылығы және әкімшілік-аумақтық құрылымның қазіргі жағдайы талданған.

Батыс Қазақстан облысының статистика департаментінің деректері бойынша 2026 жылдың басында халық саны 695988 адамды құрады. Қалаларда 398 389 адам (57,3%), ауылдық жерлерде 297 599 адам (42,7%) тұрады. Облыс аумағы-151 339 км2. Қазіргі уақытта облыстың әкімшілік-аумақтық құрылысына 12 әкімшілік аудан, 156 ауылдық (селолық) округ, 3 кенттік округ, облыстық маңызы бар бір қала (Орал қ.) және аудандық маңызы бар бір қала (Ақсай қ.), 475 ауылдық елді мекен кіреді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2026 жылы 319 864,3 млн.теңге, оның ішінде өсімдік шаруашылығы өнімі – 124 741,5 млн. теңге, мал шаруашылығы – 194 244,0 млн. теңге. Ауылшаруашылық өндірісінің құрылымы кесте 1 келтірілген.

Кесте 1 – 2025 жылғы ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы [3].

Әкімшілік аудандар	Барлығы	Жалпы шығарылым, млн. теңге	
		Өсімдік шаруашылығы өнімдері	Мал шаруашылығы өнімдері
Батыс-Қазақстан облысы	319 864,3	124 741,5	194 244,0
Ақжайық	40 043,8	13 608,0	26 325,3
Бөкей ордасы	15 586,3	5 122,3	10 421,3
Бөрлі	14 228,2	6 023,3	8 167,3
Жаңақала	18 318,8	6 188,8	12 082,9
Жәнібек	12 960,8	3 338,1	9 590,8
Бәйтерек	79 240,9	37 515,1	41 493,6
Казталовский	26 235,8	8 361,1	17 801,3
Қаратөбе	12 839,3	4 097,9	8 706,0
Сырым	20 695,6	6 779,0	13 859,7
Тасқала	17 437,4	8 160,9	9 225,6
Теректі	35 049,2	16 795,8	18 166,3
Шыңғырлау	2002,8	7054,1	1293,8

Агроөнеркәсіптік кешеннің 2025-2027 жылдарға арналған инвестициялық жобаларын іске асырудың Жол картасына сәйкес 68,1 млрд теңге сомасына 54 жобадан тұратын пул қалыптастырылды. 2025 жылы сүтті мал шаруашылығын дамытуға, бордақылау алаңдарын құруға және суармалы жерлердің алаңдарын кеңейтуге бағытталған 12,2 млрд теңге сомасына 15 жоба іске асырылды. Міне, олардың кейбіреулері: "Төлеңгіт" ШҚ-сүт-тауар фермасын кеңейту, жылына 2400 тонна сүт (1,6 млрд теңге); "Amaner IZI" ЖШС-ауданы 210 га (250 млн теңге)суармалы жер учаскесін құру; "Саламатова Ф" ЖК-3000 басқа арналған бордақылау алаңын салу (1,0 млрд теңге); "Ақназар Жайық" ЖШС-ауданы 400 га (696,0 млн теңге) суармалы жер учаскесін құру және басқалары.

Осы жобаларды іске асыру аграрлық өндірістің тиімділігін арттыруға, ауыл шаруашылығы өнімін шығару көлемін ұлғайтуға, қайта өңдеу саласын дамытуға және ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құруға, сондай-ақ өңірде агротуризмді дамытуға ықпал етеді [4].

Тәжірибеде қолданылатын агротуризмнің қазіргі түрлерін өте жақсы құрылымдалған түрде ұсынуға болады (сурет. 1) [4]. Бұл деректер «Агротуризмді дамыту арқылы Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын жандандырудың тұжырымдамалық моделі» ғылыми-зерттеу жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған мақалада қаралды, оның авторлары А. С. Ақтымбаева және Е. Нұрұлы.

Өз мақаласында авторлар БҚО әкімшілік аудандары бөлінісінде мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы негізінде агротуризм түрлерін дамыту және аумақтық ұйымдастыру мүмкіндіктеріне баға берді.

Агротуризм туристердің ауылшаруашылық өнімдері сияқты ауылдық ресурстарды пайдалануына негізделген. Туристер ауыл үйлерінде тұрады, мәдениетпен танысады және

ауылшаруашылық жұмыстарына қатысады. БҚО-да өсімдік және мал шаруашылығы салаларында агротуризмді дамыту және аумақтық ұйымдастыру мүмкіндіктерін қарастыру қажет.

7. Tampakis S., Tsantopoulos G., et al. Managing the Conflict of Human–Wildlife Coexistence: A Community-Based Approach. Land, 2023, vol. 12, no. 4, article 832. Available at: https://www.mdpi.com/2073-445X/12/4/832 (accessed 23 March 2026).

8. Koshkina A., Milner-Gulland E.J., et al. Drivers of human–saiga antelope conflict in semi-arid landscapes. Biological Conservation, 2026, vol. 287, article 110345. Available at: https://www.sciencedirect.com (accessed 24 March 2026).

9. Food and Agriculture Organization of the United Nations (FAO). Planning for human-wildlife coexistence [Electronic resource]. Rome: FAO, 2023. Available at: https://openknowledge.fao.org/items/fdf63a4f-a27a-404c-aaf9-1515c2d546c2 (accessed 24 March 2026).

10. Central Asian Mammals Initiative. Medium-Term International Work Programme for the Saiga Antelope (2025–2030). UNEP/CMS/Saiga/MOS5/Outcome 2/Rev.1, CMS Saiga Antelope, 25 Sep 2025 [Electronic resource]. Available at: https://cami.cms.int/document/medium-term-international-work-programme-saiga-antelope-2025-2030 (accessed 24 March 2026).

11. Ekologicheskii kodeks Respubliki Kazakhstan ot 2 yanvarya 2021 goda No. 400-VI ZRK [Environmental Code of the Republic of Kazakhstan, January 2, 2021 No. 400-VI] [Elektronnyi resurs]. Available at: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2100000400 (accessed 25 March 2026).

12. Zakon Respubliki Kazakhstan "Ob okhrane, vosproizvodstve i ispol'zovanii zhivotnogo mira" ot 9 iyulya 2004 goda No. 593-IV (s izmeneniyami i dopolneniyami na 2026 g.) [Law of the Republic of Kazakhstan "On Protection, Reproduction and Use of Wildlife", July 9, 2004 No. 593-IV (as amended in 2026)] [Elektronnyi resurs]. Available at: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z040000593_ (accessed 25 March 2026).

13. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan. Ob utverzhdenii Kontseptsii sokhraneniya i ustoichivogo ispol'zovaniya bioraznoobraziya na 2026–2035 gody [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan on approval of the Concept for biodiversity conservation and sustainable use for 2026–2035] [Elektronnyi resurs]. Astana, 2026. Available at: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2500001206 (accessed 25 March 2026).

14. Ministerstvo sel'skogo khozyaistva Respubliki Kazakhstan. Prikaz ot 17 maya 2024 goda No. 167 "Ob utverzhdenii Pravil vozmeshcheniya ushcherba, prichinennogo fizicheskim i yuridicheskim litsam v rezul'tate chrezvychainoi situatsii prirodnogo kharaktera v sfere sel'skogo khozyaistva" [Order of May 17, 2024 No. 167 "On approval of rules for compensation of damage caused to individuals and legal entities as a result of natural emergencies in agriculture"] [Elektronnyi resurs]. Available at: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400034383 (accessed 25 March 2026).

15. Edinaya metodologiya otsenki poter' i ushcherba ot bedstviĭ v sel'skokhozyaistvennom sektore Respubliki Kazakhstan [Unified methodology for assessing losses and damage from disasters in the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan]. Almaty, 2024, 52 p. Available at: https://cesdrr.org/uploads/docs/2025/28.11.2024_Единая_методология_v.7.2.pdf (accessed 25 March 2026).

ТҮЙІН

Мақалада Қазақстандағы киік (Saiga tatarica) популяцияларын басқару мәселелері қазіргі заманғы сын-қатерлер мен жабайы жануарлар санының реттелуі бойынша халықаралық тәжірибе ескеріле отырып кешенді түрде талданған. Қазақстанда киіктің әлемдік популяциясының 98–99%-дан астамы шоғырланған, ал оның саны 2025 жылы 1,9 млн басқа жетті. Бұл жағдай жабайы табиғат пен ауыл шаруашылығы арасындағы қайшылықтардың күшеюіне әкелді, оның ішінде егін шығыны, жайылымдардың тозуы және эпизоотиялық қауіптердің артуы байқалады.

Зерттеу әдістемесі статистикалық деректерді, нормативтік-құқықтық базаны талдауды, шетелдік тәжірибелерді (АҚШ, Канада, Австралия, ЕО елдері) салыстырмалы зерттеуді, сондай-ақ экономикалық-экологиялық модельдеу элементтерін қамтиды.

Зерттеу нәтижелері қатаң қорғау саясатынан популяцияларды бейімделмелі басқаруға көшу қажеттілігін көрсетеді. Бұл тәсіл квоталау, өтемақы механизмдері, цифрлық мониторинг және аграрлық саясатпен ықпалдастыруды қамтиды. Биоалуантүрлілікті сақтау мен ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін кешенді басқару моделі ұсынылған.

Түйін сөздер: *Киік, популяцияларды басқару, биоалуантүрлілік, ауыл шаруашылығы, тұрақты даму, Қазақстан, халықаралық тәжірибе, экожүйелер*

Дуйсмаганбетова А.М., 8D02304-филология мамандығының 1 курс докторанты
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің докторанты, Қазақстан, Ақтөбе қ.

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ДИСКУРСЫНДАҒЫ ЭМОДЗИЛЕР: СОЦИОПРАГМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

ТҮЙІН

Бұл мақалада қазақ жастарының цифрлық дискурсындағы эмодзилердің қолданылуы социопрагматикалық тұрғыдан талданады. Зерттеудің мақсаты - эмодзилердің коммуникативтік қызметтерін анықтап, олардың тілдік, прагматикалық және мәдени ерекшеліктерін сипаттау. Зерттеу материалы ретінде әлеуметтік желілердегі (Threads, Instagram, Telegram) қазақ тілді жастардың жазбаша коммуникациясы алынып, 2000-нан астам мәтіндік бірлікке талдау жасалды.

Зерттеу нәтижесінде эмодзилердің көпфункционалды сипаты анықталып, олардың эмоционалдық, прагматикалық жұмсарту, дискурстық маркер, идентификациялық және экономия функцияларын атқаратыны дәлелденді. Сонымен қатар, эмодзилердің код ауыстыру құбылысымен тығыз байланысы және олардың мәдени контекстке тәуелділігі айқындалды. Эмодзилер мәтіннің мағынасын толықтырып қана қоймай, коммуникацияның реңкін өзгертіп, адресант пен адресат арасындағы өзара әрекетті реттейтін маңызды құрал ретінде сипатталды.

Зерттеу нәтижелері эмодзилердің қазіргі цифрлық коммуникацияда жаңа семиотикалық жүйе ретінде қалыптасып келе жатқанын және олардың қазақ жастарының тілдік мінез-құлқында маңызды орын алатынын көрсетеді. Бұл жұмыс қазақ тіл біліміндегі цифрлық лингвистика бағытының дамуына үлес қосып, жастар тілінің қазіргі трансформациясын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: *эмодзи, цифрлық дискурс, социопрагматика, қазақ жастары, онлайн коммуникация, тілдік мінез-құлы*

ABSTRACT

This article analyzes the use of emojis in the digital discourse of Kazakh youth from a sociopragmatic perspective. The aim of the study is to identify the communicative functions of emojis and to describe their linguistic, pragmatic, and cultural features. The research material consists of

written communication of Kazakh-speaking youth on social networks (Threads, Instagram, Telegram), with more than 2,000 textual units analyzed.

The results of the study reveal the multifunctional nature of emojis, demonstrating that they perform emotional, pragmatic mitigation, discourse-marking, identification, and economy functions. In addition, a close connection between emojis and the phenomenon of code-switching, as well as their dependence on cultural context, was identified. Emojis not only complement the meaning of the text but also modify the tone of communication and serve as an important tool regulating interaction between the sender and the receiver.

The findings indicate that emojis are emerging as a new semiotic system in modern digital communication and occupy an important place in the linguistic behavior of Kazakh youth. This work contributes to the development of digital linguistics in Kazakh language studies and helps to better understand the current transformation of youth language.

Keywords: *emoji, digital discourse, sociopragmatics, Kazakh youth, online communication, linguistic behavior.*

Соңғы жылдары цифрлық коммуникацияның қарқынды дамуы тілдік қатынастың жаңа формаларын қалыптастырды. Әсіресе жастар арасында әлеуметтік желілердегі (Instagram, Threads, Telegram) қарым-қатынас вербалды емес элементтермен толықтырылып, күрделене түсті.Осындай элементтердің бірі - эмодзилер. Олар мәтіндік коммуникациядағы эмоция, интонация және прагматикалық реңкті жеткізудің негізгі құралдарының біріне айналды. Осы зерттеудің мақсаты - қазақ жастарының цифрлық дискурсындағы эмодзилердің қолданылуын социопрагматикалық тұрғыдан талдау. Қазіргі лингвистикада “эмодзи” ұғымы әртүрлі сөздіктерде әр қырынан анықталып, оның семиотикалық және коммуникативтік табиғаты айқындалады.

Ең алдымен, Oxford English Dictionary сөздігінде *emoji* «электрондық коммуникацияда эмоцияны немесе идеяны білдіру үшін қолданылатын шағын цифрлық бейне немесе белгі» ретінде анықталады (1, 2023). Бұл анықтама эмодзилердің негізгі қызметін — эмоция мен мағынаны визуалды түрде жеткізу екенін көрсетеді. Ал Cambridge Dictionary эмодзилерді «хабарламада идеяны, эмоцияны немесе сезімді білдіру үшін қолданылатын шағын сурет немесе белгі» деп сипаттайды (2, 2023). Мұнда эмодзилердің тек эмоция емес, сонымен қатар концептуалдық мазмұнды да жеткізетініне назар аударылады. Merriam-Webster Dictionary сөздігінде бұл ұғым «электрондық коммуникацияда (мәтіндік хабарламалар, әлеуметтік желілер) қолданылатын және адамның бет-әлпетін, объектіні немесе символды бейнелейтін шағын цифрлық сурет» ретінде беріледі (3, 2023). Бұл анықтама эмодзилердің визуалды табиғатын және олардың бейнелеу мүмкіндігін айқындайды.

Сонымен қатар, Collins Dictionary эмодзилерді «мәтіндік хабарламалар мен онлайн коммуникацияда эмоцияны немесе идеяны білдіру үшін қолданылатын графикалық символ» деп түсіндіреді (4, 2023). Бұл жерде эмодзилердің графикалық белгі ретіндегі семиотикалық сипаты басым көрсетілген.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды салыстырмалы түрде талдау нәтижесінде эмодзилердің бірнеше негізгі белгілерін бөліп көрсетуге болады:олардың визуалды-цифрлық табиғаты; эмоция мен мағынаны жеткізу қызметі; онлайн коммуникациямен тығыз байланысы; семиотикалық белгі ретіндегі функциясы.

Осылайша, сөздіктердегі анықтамалар эмодзилерді тек қосымша символ емес, қазіргі цифрлық дискурста мағына қалыптастыратын, эмоцияны жеткізетін және коммуникацияны реттейтін маңызды тілдік құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда цифрлық кеңістік тек ақпарат алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар жаңа тілдік нормалар мен коммуникациялық стратегиялар қалыптасатын әлеуметтік-мәдени ортаға айналды. Мұндай ортада тілдің дәстүрлі құрылымдары өзгеріске ұшырап, жаңа гибридті формалар пайда болуда. Эмодзилер осы өзгерістердің айқын көрінісі ретінде қарастырылады, себебі олар мәтіндік коммуникацияны визуалды және эмоционалдық тұрғыдан толықтырып, қатысушылар арасындағы өзара түсіністікті жеңілдетеді.

Сонымен қатар, эмодзилердің қолданылуы тек эмоцияны білдірумен шектелмейді. Олар сөйлеу актісінің прагматикалық бағытын анықтауға, хабарламаның реңкін жұмсартуға немесе күшейтуге, сондай-ақ қарым-қатынасқа қатысушылар арасындағы әлеуметтік

дистанцияны реттеуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда, эмодзилер цифрлық дискурстың маңызды құрылымдық элементіне айналып отыр.

Қазақ жастарының тілдік тәжірибесінде эмодзилердің қолданылуы көптілділік жағдайында ерекше сипат алады. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің аралас қолданылуы эмодзилермен қатар жүріп, жаңа тілдік модельдердің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл құбылыс жастардың тек тілдік емес, сонымен қатар мәдени және әлеуметтік идентификациясын да көрсетеді.

Осыған байланысты эмодзилерді социопрагматикалық тұрғыдан зерттеу қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Мұндай зерттеу цифрлық дискурстың ерекшеліктерін терең түсінуге, сондай-ақ жастар тілінің даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде цифрлық коммуникацияның кеңеюі тілдік нормалардың трансформациясына әкеліп, жаңа зерттеу бағыттарының қалыптасуына негіз болып отыр. Әсіресе әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі жазбаша қарым-қатынас дәстүрлі тілдік құрылымдардан ауытқып, көпмодальды сипатқа ие болуда. Осы тұрғыдан алғанда, эмодзилер тілдік жүйеге енген жаңа семиотикалық элемент ретінде ерекше ғылыми қызығушылық тудырады. Олар вербалды және вербалды емес коммуникацияның тоғысқан тұсында орналасып, мәтіннің мазмұнын толықтырумен қатар, оның интерпретациясына тікелей әсер етеді. Сондықтан эмодзилерді зерттеу қазіргі тіл біліміндегі цифрлық лингвистика, социолингвистика және психолингвистика бағыттарының тоғысындағы өзекті мәселе болып табылады.

Сонымен қатар, қазақ тіл білімінде цифрлық дискурс, әсіресе эмодзилердің социопрагматикалық қызметі жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Жастардың тілдік тәжірибесі қоғамдағы тілдік өзгерістердің негізгі көрсеткіші болғандықтан, олардың коммуникациясындағы жаңа элементтерді талдау маңызды. Эмодзилер арқылы жастар тек эмоцияны ғана емес, өздерінің әлеуметтік позициясын, мәдени сәйкестігін және коммуникативтік стратегияларын да білдіреді. Осыған байланысты эмодзилерді зерттеу қазақ тілінің қазіргі даму үрдістерін түсінуге, оның цифрлық кеңістіктегі қызметін анықтауға және болашақтағы трансформация бағыттарын болжауға мүмкіндік береді.

Әдеби шолу. Цифрлық коммуникация жағдайында тіл тек вербалды құралдармен шектелмей, визуалды және паралингвистикалық элементтермен толықтырылады. Эмодзилер қазіргі лингвистикада: паралингвистикалық құрал семиотикалық белгі дискурстық маркер ретінде қарастырылады.

Зерттеулер эмодзилердің эмоцияны нақтылау, мәтіннің мағынасын күшейту, қарым-қатынасты жұмсарту сияқты қызметтер атқаратынын көрсетеді Дегенмен, қазақ жастарының тілдік тәжірибесінде эмодзилердің қызметі жеткілікті зерттелмеген.

Цифрлық коммуникациядағы эмодзилердің қызметін түсіндіруде Гретчен МакКаллок еңбектері ерекше орын алады. Ол өзінің *"Because Internet: Understanding the New Rules of Language"* (2019) атты еңбегінде эмодзилерді жазбаша дискурстағы интонация мен паралингвистикалық белгілердің баламасы ретінде қарастырады (4, 2023). МакКаллоктың пікірінше, дәстүрлі ауызша сөйлеуде эмоция, сарказм және қатынас реңкі дауыс ырғағы мен мимика арқылы берілсе, цифрлық ортада бұл қызметті эмодзилер атқарады. Эмодзилер сөйлемнің прагматикалық бағытын өзгертіп, адресаттың хабарды дұрыс интерпретациялауына ықпал етеді. Мысалы, бірдей мәтін эмодзисіз бейтарап қабылданса, эмодзи қосылғанда оның эмоциялық реңкі айқындалады немесе мүлде өзгереді. Осылайша, МакКаллок эмодзилерді жазбаша тілдегі мағынаны толықтыратын әрі реттейтін маңызды коммуникативтік құрал ретінде сипаттайды.

Эмодзилердің табиғатын когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеген Вивьен Эванс өзінің *"The Emoji Code: How Smiley Faces, Love Hearts and Thumbs Up Are Changing the Way We Communicate"* (2017) атты еңбегінде оларды жаңа типтегі визуалды семиотикалық жүйе ретінде қарастырады (6, 2015). Ғалымның пайымдауынша, эмодзилер дәстүрлі тілден бөлек тұрғанымен, онымен қатар әрекет ететін мағына жүйесін құрайды Ол эмодзилердің контекстке тәуелді екенін атап өтеді: бір эмодзи әртүрлі жағдаятта әртүрлі мағына беруі мүмкін. Сонымен қатар, эмодзилердің комбинация арқылы күрделі ойды жеткізу мүмкіндігі олардың жүйелілік сипатын көрсетеді. Дегенмен Эванс эмодзилерді толыққанды тіл деп емес, тілге жақын, бірақ өзіндік ерекшеліктері бар коммуникациялық код ретінде бағалайды.

Цифрлық дискурсты зерттеген Лорен Коллистер эмодзилерді дискурстық маркерлер ретінде қарастырып, олардың прагматикалық қызметін талдайды. Оның *"Internet Linguistics for Beginners"* (2015) еңбегінде эмодзилер мәтіндегі мағынаны нақтылайтын және сөйлеу актісінің бағытын айқындайтын құрал ретінде сипатталады (7, 1996). Коллистердің пікірінше, эмодзилер хабарламаның қалай қабылданатынын реттеп, оның эмоциялық және бағалау мәнін өзгерте алады. Мысалы, бір сөйлем эмодзисіз ресми немесе бейтарап көрінсе, эмодзи қосылғанда оның ирониялық немесе достық реңкі пайда болады. Осы тұрғыдан алғанда, эмодзилер дискурстың құрылымдық элементі ретінде қызмет атқарып, адресант пен адресат арасындағы өзара әрекетті жеңілдетеді.

Компьютерлік-делдалдық коммуникация теориясының негізін қалаушылардың бірі Сьюзан Херринг эмодзилерді паралингвистикалық құрал ретінде қарастырады. Оның *"Computer-Mediated Communication: Linguistic, Social and Cross-Cultural Perspectives"* (1996) атты еңбегінде және кейінгі зерттеулерінде цифрлық ортадағы вербалды емес белгілердің орны ерекше атап өтіледі. Херрингтің пікірінше, эмодзилер жазбаша коммуникациядағы мимика мен интонацияның орнын толтырып, мәтінге эмоциялық және экспрессивтік реңк береді. Сонымен қатар, олар қарым-қатынастағы әлеуметтік қашықтықты реттеп, қатысушылар арасындағы байланысты нығайтады (8, 2011). Дегенмен, зерттеуші эмодзилерді дербес тіл емес, жазбаша коммуникацияны толықтыратын қосымша деңгей ретінде сипаттайды. Осылайша, эмодзилер цифрлық дискурста вербалды және вербалды емес элементтердің тоғысқан ерекше құралы болып табылады.

Әдістеме. Зерттеу қазақ жастарының цифрлық дискурсындағы эмодзилердің социопрагматикалық қызметін анықтауға бағытталды. Дереккөз ретінде әлеуметтік желілердегі (Threads, Instagram, Telegram) табиғи жазбаша коммуникация материалдары алынды. Жалпы көлемі 2000-нан астам мәтіндік бірліктен тұратын корпус қалыптастырылды.

Зерттеу әдістемесі сапалық (qualitative) және сандық (quantitative) талдау тәсілдерін біріктіреді. Біріншіден, эмодзи кездесетін контексттер анықталып, олар функционалдық тұрғыдан жіктелді. Екіншіден, әрбір эмодзидің қолданылу жиілігі мен коммуникативтік мақсаты есепке алынды.

Қазіргі зерттеулерде эмодзилерді талдау көпфакторлы тәсілді қажет етеді. Мысалы, эмодзи қолдану жиілігі жас, мәдени орта және әлеуметтік контекстке байланысты өзгеретіні анықталған. Сондықтан бұл зерттеуде де эмодзилерді тек тілдік емес, әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастыру негізге алынды.

Сонымен қатар, зерттеу барысында эмодзилердің сөйлемдегі позициясы, мәтінмен байланысы және прагматикалық әсері есепке алынды. Бұл тәсіл эмодзилерді тек қосымша белгі емес, дискурс құрылымының маңызды элементі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері эмодзилердің қазақ жастарының цифрлық дискурсындағы қолданылуы көпқырлы және жүйелі сипатқа ие екенін көрсетті. Жалпы статистикалық деректерге сүйенсек, әлемдік деңгейде интернет қолданушылардың 92%-дан астамы эмодзилерді қолданады, ал олардың басым бөлігі жастар екені анықталған. Сонымен қатар Gen Z өкілдерінің 70%-дан астамы әрбір хабарламасында эмодзи қолданатыны көрсетілген. Бұл эмодзилердің жастар коммуникациясының ажырамас бөлігіне айналғанын дәлелдейді.

Біріншіден, эмоционалдық функция қызметі басым. Эмодзилердің негізгі қызметі - эмоцияны жеткізу. Зерттеу нәтижелері бойынша эмодзилердің басым бөлігі дәл осы функцияда қолданылған. Ғылыми зерттеулерде эмодзилердің эмоционалдық сигнал ретінде қызмет ететіні дәлелденген. Олар мәтіндегі эмоциялық реңкті нақтылап, адресаттың хабарды дұрыс интерпретациялауына ықпал етеді. Сонымен қатар, зерттеулерде ең жиі қолданылатын эмодзилердің күлу және эмоцияға қатысты екенін көрсетеді. Бұл жастар коммуникациясында эмоцияның маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.

Мысалы, "Бүгін сабақ өте жақсы өтті" деген сөйлем бейтарап қабылданса, "Бүгін сабақ өте жақсы өтті (күлімсіреу эмодзисі)" нұсқасы жағымды эмоцияны айқын көрсетеді. Ал "Өте күлкілі болды (күлкіден жылау эмодзисі)" тіркесінде эмоция күшейтіліп, сөйлеушінің шынайы реакциясы берілген.

Екіншіден, прагматикалық жұмсарту (mitigation) функциясы анық. Эмодзилер сөйлемнің прагматикалық әсерін өзгертіп, оның қатқылдығын азайтады. Зерттеулер көрсеткендей, эмодзи қосылған хабарламалар "жылырақ" және "достыққа жақын"

қабылданады. Бұл жағдайда эмодзи сынның жұмсаруына ықпал етеді. Сонымен қатар, 68% жастар әртүрлі адамдарға байланысты эмодзи қолдануын өзгертіп отыратыны анықталған. Бұл эмодзилердің прагматикалық реттеуші қызметін дәлелдейді.

Мысалы, “Келмедің ғой” сөйлемі сын ретінде қабылдануы мүмкін, ал “Келмедің ғой (күлімсіреу, ыңғайсыздықты білдіретін эмодзи)” нұсқасы жұмсақ ескерту немесе әзіл ретінде түсіндіріледі.

Үшіншіден, дискурстық маркер функциясын ұстанады. Эмодзилер дискурсты ұйымдастырушы құрал ретінде де қызмет етеді. Зерттеулерде эмодзилердің сөйлеу актісінің мағынасын нақтылайтыны және мәтіннің интерпретациясына әсер ететіні көрсетілген. Бұл эмодзилер метакоммуникативтік функция атқарып, мәтінді “қалай оқу керек екенін” көрсетеді.

Мысалы, “Жарайсың ғой” сөйлемі шынайы мадақ ретінде қабылдануы мүмкін, ал “Жарайсың ғой (астары бар, меңзеуді білдіретін эмодзи)” нұсқасы ирониялық мәнге ие болады. Сол сияқты “Өлдім күлкіден (күлкіден жылау эмодзисі)” тіркесі мәтіннің әзіл екенін нақты көрсетеді.

Төртіншіден, идентификациялық функцияға ие. Эмодзилер әлеуметтік сәйкестікті білдіру құралы ретінде қызмет етеді. Зерттеулерде жастардың эмодзи қолдануы әлеуметтік байланыс, тұлғалық ерекшелік және мәдени ортаға байланысты екені анықталған. Яғни эмодзи:“өз ортасын” көрсетеді “өз стилін” білдіреді.Бұл әсіресе жастар мәдениетінде маңызды.

Мысалы, “Керемет болды (от белгісі эмодзисі)” тіркесі жастар арасында “өте күшті” деген мағынада қолданылады және белгілі бір жастар сленгінің белгісі ретінде қабылданады.

Бесіншіден, экономия функциясына ие. Эмодзилер тілдік үнемдеу құралы ретінде қолданылады. Қазіргі цифрлық коммуникацияда жылдамдық маңызды болғандықтан, бір эмодзи толық сөйлемнің орнын баса алады. Күн сайын әлемде 10 миллиардтан астам эмодзи жіберілетіні анықталған. Бұл олардың коммуникацияны жылдамдатудағы рөлін көрсетеді. Мысалы, “Жүрегім ауырды (сынған жүрек эмодзисі)” немесе жай ғана “(сынған жүрек эмодзисі)” деп жазу арқылы толық эмоцияны білдіруге болады. Сол сияқты “Өте керемет (от белгісі эмодзисі)” орнына тек “(от белгісі эмодзисі)” қолдану жеткілікті.

Зерттеу нәтижесінде эмодзилердің код ауыстырумен бірге қолданылатыны анықталды. Бұл құбылыс қазіргі жастар тілінің гибридті сипатын көрсетеді. Ғылыми зерттеулерде эмодзилер әртүрлі тілдік топтар арасында түсіністік құралы ретінде қолданылатыны көрсетілген. Яғни эмодзилер - универсалды коммуникациялық құрал.

Мысалы, “Күшті болды вообще (от белгісі эмодзисі)” сөйлемінде қазақ және орыс тілдері аралас қолданылып, эмодзи эмоциялық бағалауды күшейтіп тұр.

Эмодзилердің мағынасы мәдени контекстке байланысты өзгереді. Зерттеулерде эмодзи интерпретациясына мәдени факторлардың әсер ететіні дәлелденген.

Мысалы, “Рахмет (қолды біріктіру эмодзисі)” қазақ жастары арасында тек алғыс емес, құрмет пен ықыласты білдіреді. Ал “(жүрек эмодзисі)” тек романтикалық мағынада емес, достық, бауырмалдық сезімді де білдіруі мүмкін.

Талқылау. Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ жастарының цифрлық дискурсындағы эмодзилердің көпфункционалды әрі күрделі коммуникативтік құрал екенін көрсетті. Бұл нәтижелер қазіргі лингвистикадағы эмодзилерге қатысты негізгі теориялық тұжырымдармен сәйкес келеді.

Біріншіден, зерттеу барысында анықталған эмодзилердің эмоционалдық функциясы Гретчен МакКаллоктың (2019) тұжырымымен толық үндеседі. МакКаллок эмодзилерді жазбаша коммуникациядағы интонацияның баламасы ретінде қарастырады. Біздің деректерде *күлімсіреу эмодзисі, күлкіден жылау эмодзисі, жылау эмодзисі* сияқты белгілердің жиі қолданылуы мәтіндегі эмоциялық реңкті нақтылап, сөйлемнің қабылдануын өзгертіп отырғанын көрсетті. Яғни, эмодзилер қазақ жастарының коммуникациясында ауызша сөйлеудегі дауыс ырғағы мен мимиканың қызметін атқарады. Бұл эмодзилердің тек қосымша белгі емес, мәтін мағынасын қалыптастырушы негізгі құрал екенін дәлелдейді.

Екіншіден, эмодзилердің контекстке тәуелділігі мен көпмағыналылығы Вивьен Эванстың (2017) эмодзилерді визуалды семиотикалық жүйе ретінде қарастыруымен сәйкес келеді. Зерттеу барысында бір эмодзидің әртүрлі контексте әртүрлі мағына беретіндігі анықталды. Мысалы, *күлкіден жылау эмодзисі* тек күлкіні ғана емес, кей жағдайда ирония

немесе сарказмды білдіреді. Сонымен қатар *бас сүйек эмодзисі* немесе *қатты жылау эмодзисі* сияқты белгілердің дәстүрлі мағынадан ауытқып, жастар арасында жаңа мәнде қолданылуы эмодзилердің динамикалық әрі мәдени тұрғыдан шартталған жүйе екенін көрсетеді. Бұл Эванстың эмодзилерді тұрақты емес, контекстке тәуелді мағына жүйесі ретінде сипаттайтын тұжырымын нақтылай түседі.

Үшіншіден, зерттеуде анықталған эмодзилердің дискурстық маркер қызметі Лорен Коллистердің (2015) теориясымен тікелей байланысты. Эмодзилер мәтіннің прагматикалық бағытын анықтап, оның қалай қабылданатынын реттейтіні байқалды. Мысалы, *астарлы мағына білдіретін эмодзи* немесе *күлкі эмодзисі* сөйлемнің ирониялық немесе астарлы мағынада айтылғанын көрсетеді. Бұл эмодзилердің метакоммуникативтік қызмет атқаратынын дәлелдейді. Яғни, олар тек мазмұнды жеткізбейді, сонымен қатар оны қалай түсіну керектігін де көрсетеді. Бұл Коллистер сипаттағандай, эмодзилердің дискурсты ұйымдастырушы элемент екенін айқындайды.

Төртіншіден, эмодзилердің прагматикалық жұмсарту және әлеуметтік қатынасты реттеу қызметі Сьюзан Херрингтің (1996) паралингвистикалық құрал ретіндегі тұжырымымен сәйкес келеді. Зерттеу барысында эмодзилердің сын, ескерту немесе келіспеушілік білдіру жағдайында коммуникацияны жұмсартатыны анықталды. Мысалы, “Келмедің ғой (күлімсіреу, ыңғайсыздықты білдіретін эмодзи)” сияқты сөйлемдерде эмодзи сөйлемнің қатқылдығын азайтып, оны достық сипатқа жақындатады. Бұл эмодзилердің вербалды емес коммуникация элементтерінің орнын толтырып, қатысушылар арасындағы әлеуметтік байланысты нығайтатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері эмодзилердің тек жеке функциялармен шектелмейтінін, керісінше бірнеше қызметті бір мезгілде атқара алатынын көрсетті. Мысалы, *күлкіден жылау эмодзисі* бір уақытта эмоцияны жеткізіп, дискурсты ұйымдастырып және коммуникацияның бейресми сипатын айқындай алады. Бұл эмодзилердің кешенді табиғатын дәлелдейді және оларды қазіргі цифрлық коммуникацияның ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер эмодзилердің қазақ жастарының цифрлық дискурсындағы қызметі әлемдік лингвистикалық теориялармен үйлесетінін, бірақ сонымен қатар ұлттық-мәдени ерекшеліктерге ие екенін көрсетеді. Эмодзилер қазақ жастары үшін тек коммуникациялық құрал ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік сәйкестікті, мәдени құндылықтарды және тілдік креативтілікті білдірудің маңызды тәсілі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері эмодзилердің цифрлық дискурста тек тілдік құрал ғана емес, сонымен қатар когнитивтік өңдеу процесіне әсер ететін фактор екенін де көрсетеді. Эмодзилер мәтінді қабылдауды жеңілдетіп, ақпаратты тез әрі тиімді интерпретациялауға мүмкіндік береді. Яғни, олар адресаттың назарын белгілі бір мағыналық элементке бағыттап, коммуникацияның жылдам әрі нақты жүруіне ықпал етеді. Бұл әсіресе жылдам хабар алмасу жағдайында маңызды, себебі эмодзилер қысқа мәтін ішінде күрделі эмоцияны немесе бағалауды жеткізуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, эмодзилерді когнитивтік үнемдеу құралы ретінде де қарастыруға болады.

Сонымен қатар, эмодзилердің қолданылуы цифрлық коммуникациядағы нормалардың өзгеруін және жаңа тілдік стандарттардың қалыптасуын көрсетеді. Жастар арасында эмодзилер белгілі бір коммуникативтік “ережелерге” сәйкес қолданылады: қай эмодзи қай контексте орынды, қандай жағдайда қолданылмайды, қандай эмодзилер “ескірген” немесе “заманауи” болып саналады. Бұл эмодзилердің әлеуметтік-мәдени динамикаға тәуелді екенін және олардың қолданылуы уақыт өте өзгеріп отыратынын дәлелдейді. Демек, эмодзилер тек тілдік емес, сонымен қатар әлеуметтік норма қалыптастырушы құрал ретінде де қарастырылуы тиіс.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу қазақ жастарының цифрлық дискурсындағы эмодзилердің тілдік, коммуникативтік және мәдени тұрғыдан маңызды құбылыс екенін көрсетті. Зерттеу нәтижелері эмодзилердің тек қосымша визуалды белгі емес, қазіргі онлайн коммуникацияның ажырамас бөлігіне айналғанын дәлелдейді.

Атап айтқанда, эмодзилердің көпфункционалды сипаты анықталды. Олар эмоцияны жеткізу, сөйлемнің прагматикалық реңкін өзгерту, дискурсты ұйымдастыру, әлеуметтік сәйкестікті білдіру және тілдік үнемдеу сияқты негізгі қызметтерді атқарады. Бұл эмодзилердің тілдік жүйеде жаңа деңгей қалыптастырып отырғанын көрсетеді.

Зерттеу барысында эмодзилердің эмоционалдық функциясының басымдығы анықталды. Бұл қазіргі жастар коммуникациясында эмоцияның маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Сонымен қатар, эмодзилердің прагматикалық жұмсарту қызметі коммуникациядағы конфликтіні азайтып, қарым-қатынастың тиімділігін арттыратыны байқалды. Дискурстық тұрғыдан алғанда, эмодзилер мәтіннің құрылымын ұйымдастырып, оның дұрыс интерпретациялануына ықпал етеді. Бұл оларды метакоммуникативтік құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ал идентификациялық функция эмодзилердің әлеуметтік және мәдени мәнге ие екенін көрсетіп, олардың жастар арасында топтық сәйкестікті білдіру құралына айналғанын дәлелдейді.

Сонымен қатар, зерттеу эмодзилердің код ауыстыру құбылысымен тығыз байланысты екенін көрсетті. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің аралас қолданылуы эмодзилермен бірге жаңа гибридті тілдік модель қалыптастырады. Бұл қазіргі жастар тілінің динамикалық және өзгермелі сипатын айқындайды.

Эмодзилердің мәдени аспектісі де ерекше назар аударуға тұрарлық. Олардың мағынасы тек универсалды емес, сонымен қатар ұлттық-мәдени контекстке тәуелді. Қазақ жастары эмодзилерге өз дүниетанымына сәйкес қосымша мән жүктеп, оларды мәдени код ретінде қолданады. Бұл цифрлық коммуникацияда ұлттық ерекшеліктің сақталатынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер эмодзилердің қазіргі цифрлық дискурста жаңа семиотикалық жүйе ретінде қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Олар тілдің әлсіреуінің емес, керісінше оның эволюциясының белгісі болып табылады. Эмодзилер вербалды және вербалды емес коммуникацияның тоғысқан нүктесінде орналасып, тілдің жаңа формаларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы - қазақ жастарының цифрлық дискурсындағы эмодзилердің социопрагматикалық қызметтерін жүйелі түрде анықтап, оларды халықаралық теориялық тұжырымдармен байланыстыра талдауында. Бұл зерттеу қазақ тіл біліміндегі цифрлық лингвистика бағытының дамуына үлес қосады.

Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері цифрлық коммуникация мәдениетін түсінуге, жастар тілін оқытуда жаңа тәсілдер ұсынуға және әлеуметтік желілердегі тілдік нормаларды зерттеуге негіз бола алады.

Болашақ зерттеулерде әртүрлі платформалардағы (TikTok, YouTube, мессенджерлер) эмодзи қолдану ерекшеліктерін салыстырып, олардың жас ерекшелігі, гендерлік айырмашылық және мәдени факторлармен байланысын тереңірек қарастыру ұсынылады. Сонымен қатар, эмодзилердің тілдік жүйеге ұзақ мерзімді ықпалын зерттеу де маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Oxford English Dictionary*. (2023). Emoji. Retrieved from https://www.oed.com
2. *Cambridge Dictionary*. (2023). Emoji. Retrieved from https://dictionary.cambridge.org
3. *Merriam-Webster Dictionary*. (2023). Emoji. Retrieved from https://www.merriam-webster.com
4. *Collins Dictionary*. (2023). Emoji. Retrieved from https://www.collinsdictionary.comMcCulloch, G. (2019). *Because Internet: Understanding the New Rules of Language*. Riverhead Books.
5. McCulloch, G. (2019). *Because Internet: Understanding the New Rules of Language*. New York: Riverhead Books.
6. Evans, V. (2017). *The Emoji Code: How Smiley Faces, Love Hearts and Thumbs Up Are Changing the Way We Communicate*. London: Picador.
7. Collister, L. (2015). *Internet Linguistics for Beginners*. Edinburgh: Edinburgh University Press.
8. Herring, S. C. (1996). *Computer-Mediated Communication: Linguistic, Social and Cross-Cultural Perspectives*. Amsterdam: John Benjamins Publishing Company.Danet, B., & Herring, S. C. (2007). *The Multilingual Internet: Language, Culture, and Communication Online*. Oxford University Press.
9. Androutsopoulos, J. (2013). Code-switching in computer-mediated communication. *Pragmatics of Computer-Mediated Communication*, 667–694.

10.Verheijen, L. (2018). *Digital Youth Language: Social Media and the Use of Language*. De Gruyter Mouton.

11.Dresner, E., & Herring, S. C. (2010). Functions of the nonverbal in CMC: Emoticons and illocutionary force. *Communication Theory*, 20(3), 249–268.

12.Bai, Q., Dan, Q., Mu, Z., & Yang, M. (2019). A systematic review of emoji: Current research and future perspectives. *Frontiers in Psychology*, 10, 2221.

13.Kaye, L. K., Wall, H. J., & Malone, S. A. (2016). "Turn that frown upside-down": A contextual account of emoticon usage on different virtual platforms. *Computers in Human Behavior*, 60, 463–467.

14.Riordan, M. A. (2017). Emojis as tools for emotion work: Communicating affect in text messages. *Journal of Language and Social Psychology*, 36(5), 549–567.

15.Unicode Consortium. (2022). *Emoji Frequency Data*. Retrieved from https://home.unicode.org

16.Adobe. (2022). *Emoji Trend Report*. Retrieved from https://blog.adobe.com

17.Statista. (2024). *Global Emoji Usage Statistics*. Retrieved from https://www.statista.com

REFERENCES

1. Oxford English Dictionary. (2023). Emoji. Retrieved from https://www.oed.com

2. Cambridge Dictionary. (2023). Emoji. Retrieved from https://dictionary.cambridge.org

3. Merriam-Webster Dictionary. (2023). Emoji. Retrieved from https://www.merriam-webster.com

4. Collins Dictionary. (2023). Emoji. Retrieved from https://www.collinsdictionary.comMcCulloch, G. (2019). Because Internet: Understanding the New Rules of Language. Riverhead Books.

5. McCulloch, G. (2019). Because Internet: Understanding the New Rules of Language. New York: Riverhead Books.

6. Evans, V. (2017). The Emoji Code: How Smiley Faces, Love Hearts and Thumbs Up Are Changing the Way We Communicate. London: Picador.

7. Collister, L. (2015). Internet Linguistics for Beginners. Edinburgh: Edinburgh University Press.

8. Herring, S. C. (1996). Computer-Mediated Communication: Linguistic, Social and Cross-Cultural Perspectives. Amsterdam: John Benjamins Publishing Company.Danet, B., & Herring, S. C. (2007). The Multilingual Internet: Language, Culture, and Communication Online. Oxford University Press.

9. Androutsopoulos, J. (2013). Code-switching in computer-mediated communication. Pragmatics of Computer-Mediated Communication, 667–694.

10.Verheijen, L. (2018). Digital Youth Language: Social Media and the Use of Language. De Gruyter Mouton.

11.Dresner, E., & Herring, S. C. (2010). Functions of the nonverbal in CMC: Emoticons and illocutionary force. Communication Theory, 20(3), 249–268.

12.Bai, Q., Dan, Q., Mu, Z., & Yang, M. (2019). A systematic review of emoji: Current research and future perspectives. Frontiers in Psychology, 10, 2221.

13.Kaye, L. K., Wall, H. J., & Malone, S. A. (2016). "Turn that frown upside-down": A contextual account of emoticon usage on different virtual platforms. Computers in Human Behavior, 60, 463–467.

14.Riordan, M. A. (2017). Emojis as tools for emotion work: Communicating affect in text messages. Journal of Language and Social Psychology, 36(5), 549–567.

15.Unicode Consortium. (2022). Emoji Frequency Data. Retrieved from https://home.unicode.org

16.Adobe. (2022). Emoji Trend Report. Retrieved from https://blog.adobe.com

17.Statista. (2024). Global Emoji Usage Statistics. Retrieved from https://www.statista.com

РЕЗЮМЕ

В этой статье анализируется использование эмодзи в цифровом дискурсе казахской молодежи с социопрагматической точки зрения. Цель исследования — определить коммуникативные функции эмодзи и описать их языковые, прагматические

и культурные особенности. В качестве материала исследования были взяты письменные коммуникации казахоязычной молодежи в социальных сетях (Threads, Instagram, Telegram), проведён анализ более 2000 текстовых единиц.

Результаты исследования показали многофункциональный характер эмодзи, их выполнение эмоциональной, прагматической смягчающей, дискурсивной, идентификационной и экономической функций. Также выявлена тесная связь эмодзи с феноменом код-свитчинга и их зависимость от культурного контекста. Эмодзи не только дополняют смысл текста, но и меняют тон общения, выступая важным инструментом регулирования взаимодействия между адресантом и адресатом.

Выводы исследования показывают, что эмодзи формируются как новая семиотическая система в современной цифровой коммуникации и занимают значимое место в языковом поведении казахской молодежи. Работа вносит вклад в развитие цифровой лингвистики в казахском языкознании и позволяет лучше понять современные трансформации языка молодежи.

Ключевые слова: *эмодзи, цифровой дискурс, социопрагматика, казахская молодежь, онлайн-коммуникация, языковое поведени*

Мазмұны 🕮 Содержание

Техникалық ғылымдар
Технические науки

Баигубенова С.К.
ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДОВ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЛЯ АДАПТАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО КОНТЕНТА В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБУЧЕНИЯ 4

Бисенгалиева А.М., Ермуханова Н.Б.
ФИЗИКА САБАҒЫНА QR КОД ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ 10

Каиргалиев Е.К., Бақытқалиев А.А., Закарина Ш.К.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚЫЛДЫ ФЕРМА ЖҮЙЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ 17

Камал Е.Б., Мухамеджанов В.Х., Әбдіғани Ә.Ө.
СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ФОРМИРОВАНИЮ КУЛЬТУРЫ БЕЗОПАСНОСТИ ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТИ 22

Куптлеуова К.Т.
ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРАҒА ТӨЗІМДІ ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК СЫМДАРДЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТЕРМОТӨЗІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІ 29

Насипкалиева Р.Ы.
САНДЫҚ ДӘУІРДЕГІ ИНЖЕНЕРЛІК ГРАФИКА: МҮМКІНДІКТЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР 37

Утепов Г.Н.
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН СУМЕН ҚАМТУҒА АРНАЛҒАН ЖЕЛ СУКӨТЕРГІШ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ 43

Басирова Ә.Б.
ЦИФРОВОЙ ИЗМЕРИТЕЛЬ ПАРАМЕТРОВ ЭЛЕКТРИЧЕСКОЙ СЕТИ НА БАЗЕ ARDUINO 48

Канатбаев А.А.
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ШЫҒЫНЫН (ЖОҒАЛТУЫН) SMART GRID ЖАҒДАЙЫНДА ЕСЕПТЕУДІҢ ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ӘДІСТЕМЕСІ 55

Лелеш Н.В.
ТВЕРДОТЕЛЬНАЯ ИЗОЛЯЦИЯ: НОВАЯ ПАРАДИГМА НАДЁЖНОСТИ И БЕЗОПАСНОСТИ РАСПРЕДЕЛИТЕЛЬНЫХ УСТРОЙСТВ 63

Уразгалиева А.Н.
СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ИССЛЕДОВАНИЮ ОПЕРАТОРА ЛАПЛАСА И ЕГО ПРИЛОЖЕНИЯ В НАУКЕ И ТЕХНИКЕ 71

Таскаирова А.А.
КОМПЛЕКС АЙНЫМАЛЫНЫҢ БӨЛШЕК-РАЦИОНАЛ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖІКТЕУДЕ ХЭВИСАЙД ӘДІСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ 77

Сарбалина Б.Д.
ПРОБЛЕМЫ И ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СЕПТИКОВ В ЧАСТНЫХ ДОМАХ РАЙОНА ЗАЧАГАНСК 83

Диярова Л.Б.
РАЗВИТИЕ АДАПТИВНЫХ СИСТЕМ УПРАВЛЕНИЯ ПРОМЫШЛЕННЫМИ РОБОТАМИ НА ОСНОВЕ ОБУЧЕНИЯ С ПОДКРЕПЛЕНИЕМ 89

Ахметова Ф.Ж.
ПОЛИМЕР ҚАЛДЫҚТАРЫН СҰЙЫҚ ОТЫНҒА ӨҢДЕУДЕ MO ЖӘНЕ W ЕНГІЗІЛГЕН «ТАЙЖҰЗГЕН» ЦЕОЛИТТІК КАТАЛИЗАТОРЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ .. 94

Ермуханова С.Т.
ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫНАН МЫРЫШ ҚОСЫЛЫСТАРЫН АЛУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ 101

Купешова А.С.
РОЛЬ ГЕОЛОГИЧЕСКИХ ЭКСПЕДИЦИЙ В ПРИОБРЕТЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ НАВЫКОВ ДЛЯ ГЕОЛОГОВ 107
Курмашева Г.Р.
ҰН ТАРТУ ӨНДІРІСІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ӨНДІРІСТІК ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ 112
Днекешев А.А.
ПРОГНОЗИРОВАНИЕ УРОЖАЙНОСТИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ КУЛЬТУР С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МЕТОДОВ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ И НЕЙРОННЫХ СЕТЕЙ ... 119
Сатыбаева Н.А.
СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ 3D-ПЕЧАТИ 125

Әлеуметтік және экономикалық ғылымдар
Социальные и экономические науки

Балжанова Г. Ж.
БАТЫС АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ МЕН РӨЛІ 135
Есенгалиева В.А.
PHILOSOPHICAL REFLECTIONS OF ABAI 140
Молдағали Ж. Х.
ҚАЗАҚСТАНДА ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ 145
Саркулова Г. С.
КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ РӨЛІ 150
Кублашева Ж. С.
СКОТОВОДСТВО КАК СИСТЕМООБРАЗУЮЩИЙ ЭЛЕМЕНТ КУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ В ЭТНОГРАФИЧЕСКОЙ ПРОЗЕ В. И. ДАЛЯ 156
Амангалиева А.Е.
Х.ЕСЕНЖАНОВТЫҢ «АҚ ЖАЙЫҚ» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ 163
Байдалиев К. А.
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРДА ОҚУ МАТЕРИАЛЫН ТОЛЫҚ МЕҢГЕРУГЕ ТАПСЫРМАЛАР ҚҰРУ ТӘЖІРИБЕСІ 171
Биржан Ж.Б.
ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ 182
Беримбетова А.Ж.
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ РИТОРИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ КОГНИТИВТІК МОДЕЛІ 190
Досанова А.К., Ержанова Ж.К.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА АГРОТУРИЗМДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ 197
Казамбаева А.М.
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ РОСТА ПОПУЛЯЦИИ САЙГАКА ДЛЯ СЕЛЬСКИХ ТЕРРИТОРИЙ КАЗАХСТАНА 203
Гумарова К.У.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЙҒАҚ ПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ МЕН ЭКОТУРИЗМНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ 212
Родионова И. А.
ИННОВАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ РОССИИ: ПРОБЛЕМЫ И НАПРАВЛЕНИЯ АКТИВИЗАЦИИ 218

Bissalieva N.S.
DIGITAL TECHNOLOGIES IN ENGLISH LANGUAGE TEACHING: ENHANCING COMMUNICATIVE COMPETENCE IN THE CONTEXT OF EDUCATIONAL DIGITALIZATION 225
Искакова Ш.Г.
ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ 229
Вахитова А.Х.
ПРОЦЕССНЫЙ ПОДХОД В ПОДДЕРЖКЕ ПРИНЯТИЯ РЕШЕНИЙ ПО УПРАВЛЕНИЮ ВНЕУЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ ВЫСШЕГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ (ЗКАТУ ИМЕНИ ЖАНГИР ХАНА 236
Айешева Г.А., Казамбаева А.М., Есенгалиева С.М.
УПРАВЛЕНИЕ ПОПУЛЯЦИЯМИ САЙГАКОВ В КАЗАХСТАНЕ: МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ И СТРАТЕГИИ УСТОЙЧИВОГО БАЛАНСА ЭКОСИСТЕМ И АГРОПРОИЗВОДСТВА 241
Дуйсмаганбетова А.М.
ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ДИСКУРСЫНДАҒЫ ЭМОДЗИЛЕР: СОЦИОПРАГМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ 249

Қазақтың ақбас ірі қара мал тұқымының қалыптасқанына 75-жыл толуына арналған «ЕТТІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: ҒЫЛЫМ, ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ТҰРАҚТЫ ДАМУ» атты
XXVI *халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның*
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
10 сәуір, 2026 ж.

***

COLLECTED PAPERS
XXVI *International scientific and practical conference*
«BEEF CATTLE BREEDING: SCIENCE, TECHNOLOGIES, AND SUSTAINABLE DEVELOPMENT»
dedicated to the 75th anniversary of the formation of the Kazakh White-Headed cattle breed
April 10, 2026

***

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XXVI *Международной научно-практической конференции*
«МЯСНОЕ СКОТОВОДСТВО: НАУКА, ТЕХНОЛОГИИ, УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ», посвященной 75-летию создания казахской белоголовой породы крупного рогатого скота
10 апреля, 2026 г.

II ТОМ

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық
университетінің редакциялық-баспа бөлімі

БҚАТУ баспаханасында басылды
Форматы 60 х 84 1/8 Офсетті қағаз 80 м/г
Көлемі 32,2563 б.б. Таралымы 500 дана
10.04.2026 ж. басуға қол қойылды. Тап. №225
090009 Орал қ., Жәңгір хан көшесі, 51
Анықтама телефоны 871112 51-65-42
Журнал **nauka.wkau.kz сайтында орналасқан**